Жазудың түбін қазу
8-бет

Абай – түркінің алып тұлғасы
10-бет

175 ЖЫЛ
Абай Құнанбайұлының мерейтойы

Жазба мұрағат – жаңылмайтын ескерткіш
11-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№227 (29956) 26 ҚАРАША, БЕЙСЕНБІ 2020 ЖЫЛ

Жұз жылдық жылнама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Өзгерістер жолы: Әр адамға лайықты өмір!

Nur Otan партиясының XX съезі өтті

Елордада Nur Otan партиясының кезектен тыс XX съезі өтті. Іс-шараға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев, Nur Otan партиясының Төрағасы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, партия басшылары мен өкілдері, Парламент депутаттары қатысты. Алқалы жиында Мәжіліске арналған партиялық тізім, сондай-ақ жұмыс органдарының құрамы мен өзге де өзекті мәселелер қаралды.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Nur Otan ел тағдырына жауапты

Жиында Елбасы соңғы бес жыл ішінде партия өзінің сайлау алдында берген уәделерінің басым бөлігін орындағанын атап өтті. Қазақстанның Тұңғыш Президенті соңғы бір жылдың ішінде партия жұмысын қайта жандандыру бағытында ауқымды жүйелі істер атқарылғанына назар аударды.

«Қазақта «жүре берсең, көре бересің» деген сөз бар. Мінеки, съезді қашықтан өткізуге мәжбүр болып отырмыз. Осындай заманға тап келдік. Бұл да өміріміздің бір белесі ретінде есте қалады. Аманшылық болса, алдағы уақытта кездесіп, шүйіркелесіп, жүздесіп, құшақтасатын болармыз. Сол күнге тезірек жеткізсін», деді съезд жұмысын ашқан Елбасы.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа сөз берілді. Өз сөзінде Президент Қазақстан қазіргі ахуалға қарамастан стратегиялық даму мақсаттарын дәйекті түрде іске асырғанын жеткізді.

«Партиямыздың кезектен тыс XX съезі күрделі әрі маңызды кезеңде өткізіліп отыр. Бұл – мемлекетіміздің қоғамдық-саяси өміріндегі айтулы оқиға. Бүгінде Nur Otan партиясы ел тағдырына жауапты ең басты саяси күшке айналды. Халқымыз бізге қашанда зор сенім артады. Әсіресе жаһандық дағдарыс кезінде ел аманатына ерекше көңіл бөлуіміз керек. Бүкіл әлемге тараған пандемия Қазақстанға да оңай тиген жоқ. Мемлекет азаматтарымыздың денсаулығын қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдап жатыр», деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы партия тарапынан халыққа ұдайы қолдау көрсетіліп келе жатқанына тоқталды. Партия белсенділері және еріктілері мұқтаж жандардан көмегін аямағанын атап өтті.

«Осындай нақты жұмыс пен жанашырлық береке-бірлігімізді арттыра түседі. Қазақстан қазіргі ахуалға қарамастан стратегиялық даму мақсаттарын дәйекті түрде іске асырады. Бұл ретте Елбасы саясатының сабақтастығын қамтамасыз ету – негізгі міндеттің бірі. Мен биылғы Жолдауымда партияның қоғамдағы жетекші рөлі туралы айттым. Біз реформаларды жүзеге асыру барысында Nur Otan партиясының зор әлеуетіне сүйенеміз», деді Қ.Тоқаев.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Nur Otan партиясының кезектен тыс XX съезінде сөйлеген сөзі осы мақаладан бөлек, жеке беріліп отыр.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті мерейтойлық съезде сөйлеген сөзінде Nur Otan партиясы еліміздегі ең басты саяси күш екенін атап өтті. Партия Төрағасы еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы негізгі жетістіктеріне тоқталды.

«Әр партия үшін съезд өткізу – өте үлкен мәселе, өте үлкен кезең, өте үлкен жұмыс саналады. Съезд өткен сайын өткенге қарап, қандай табыстарға жеткенімізді, халық алдындағы бағдарламамыздың орындалу барысын қорытындылаймыз. Бүгінде Nur Otan партиясы еліміздегі ең басты саяси күшке айналғанын көріп отырмыз. Осы жылдардың ішінде партия ішкі тұрақтылықтың тірегіне айналды. Халықтың әл-ауқатын арттыру жолында аянбай жұмыс істеді. Мұның бәрі партияның ел болашағына сенімі берік азаматтарды біріктіруінің арқасында мүмкін болды. 30 жылда қандай қиыншылықтардан өтсек те, еліміз айтарлықтай өсіп-өнді, халықтың әл-ауқаты жақсарды. Жалпы, осы жылдардың ішінде басқа ұлт өсіп шықты. Бәрі көз алдымызда. Аз уақыттың ішінде мемлекет құрып, шекараны бекітіп, жаңа астананың іргесін қаладық.

(Соңы 2-бетте)

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Nur Otan партиясының XX съезінде сөйлеген сөзі

Аса мәртебелі Нұрсұлтан Әбішұлы!
Құрметті съезд делегаттары!

Партиямыздың XX съезі күрделі әрі маңызды кезеңде өткізіліп отыр. Бұл – мемлекетіміздің қоғамдық-саяси өміріндегі айтулы оқиға.

Бүгінде Nur Otan партиясы ел тағдырына жауапты ең басты саяси күшке айналды.

Халқымыз бізге қашанда зор сенім артады. Әсіресе жаһандық дағдарыс кезінде ел аманатына ерекше көңіл бөлуіміз керек.

Бүкіл әлемге тараған пандемия Қазақстанға да оңай тиген жоқ. Мемлекет азаматтардың денсаулығын қорғау үшін барлық қажетті шараны қабылдады. Партия тарапынан халыққа ұдайы қолдау көрсетіліп келеді.

Nur Otan белсенділері мен еріктілері мұқтаж жандардан көмегін аяған жоқ. Осындай нақты жұмыс пен шынайы жанашырлық береке-бірлігімізді арттыра түседі.

Қазақстан қазіргі жағдайға қарамастан, стратегиялық даму мақсаттарын дәйекті түрде жүзеге асырады. Бұл ретте, Елбасы саясатының сабақтастығын қамтамасыз ету – негізгі міндеттің бірі.

Мен биылғы Жолдауымда партияның қоғамдағы жетекші рөлі туралы айттым. Біз реформаларды жүзеге асыру барысында Nur Otan-ның зор әлеуетіне сүйенетін боламыз.

Құрметті делегаттар мен съезд қонақтары!

Бүгінде бүкіл әлем түбегейлі өзгерістер дәуіріне аяқ басты. Халықаралық қатынастар жүйесі барған сайын белгісіздік пен бейберекетсіздікке белшесінен батып барады. Сенім дағдарысы туындағаны анық.

Соңғы жүз жылдықтағы аса терең рецессия әлемдік экономиканы ондаған жылға кері ығыстырып тастады. Өсімнің бұрынғы қарқыны мен орнықты дамуды қалпына келтіру үшін орасан зор күш-жігер және уақыт керек. Осының салдарынан көптеген ел қиын жағдайда қалды.

Қазақстан жеткілікті деңгейде берік негізге ие болып отыр. Өйткені ең алдымен, біздің қаржы ресурстарына негізделген нақты даму жоспарымыз бар.

Біз жауапкершілігі мол миллиондаған азаматымыздың арқасында ішкі саяси тұрақтылықты сақтай білдік. Сондай-ақ бизнес қоғамдастығын қолдап, мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемесін орындай алдық. Осы жолда халқымыздың дәстүрлі құндылықтары – өзара көмек, табандылық, жанашырлық шешуші рөл атқарды.

Біз пандемия кезінде азаматтарымыздың шынайы ынтымақтастығы мен жаппай жанқиярлығының куәсі болдық. «Біз біргеміз!» ұраны Қазақстан патриотизмінің формуласына айналды. Қатерлі дерт ырық бермеген қиын күндерде біз шын мәнінде бірге болдық.

Партия және оның белсенділері халықты біріктіруге орасан зор еңбек сіңірді. Нақты істер атқаратын Nur Otan партиясы өзінің іс-қимылы арқылы көшбасшылыққа лайықтылығын, Қазақстанның болашағы үшін бүкіл жауапкершілікті мойнына алуға дайын екенін көрсетті.

Осындай дағдарыс кезінде билеуші партияның, Үкімет пен бүкіл қоғамның алдында бірегей мүмкіндіктер пайда болатыны бұрыннан белгілі. Сол тарихи мүмкіндікті пайдалану үшін біз елімізге дамудың жаңа парадигмасын ұсынуымыз қажет. Бұл жерде биліктің барлық тармағы: Президент, Үкімет және заң шығарушы орган күш жұмылдыруы керек. Сондықтан алдағы сайлаудың бүкіл қоғам үшін маңызы аса жоғары.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Бес институттық реформа мен Ұлт жоспарында белгілеген жүйелі жаңғыртуларға серпін беруіміз қажет. Осы мақсатпен біз 2025 жылға дейін «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа – лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасын қабылдаймыз. Бұл – жан-жақты ойластырылған әрі нақты жүзеге асатын құжат.

Экономикадағы қиындықтарға қарамастан, Nur Otan партиясы бағдарламаны жүзеге асыру үшін Үкіметпен бірлесіп, алдағы бесжылдыққа 21 триллион теңге бөлуді жоспарлап отыр. Бағдарламада елдің әлеуметтік ілгерілеуіне және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты әрі тиімді шаралар ұсынылады.

Партия жұртшылықтан келіп түскен ұсыныс-тілектерді назарға алды. Біздің бағдарламамызды бүкіл еліміз дайындады деуге толық негіз бар.

(Соңы 3-бетте)

САРАПТАМА

Экономика адам факторына тәуелді

екенін ұмытпау керек

2020 жыл әлемдік экономикаға жаңа міндеттер жүктеп отыр. Пандемияның қысымымен мұнайға деген сұраныс төмендеді, көмірсутегі бағасы әлемдік экономикадағы рецессияның қаншалықты терең боларына және ұзаққа созыларына, сондай-ақ пандемияға қарамастан жалғасып жатқан сауда соғысының әсеріне тәуелді.

Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Осы ретте сарапшылар Қазақстанның жағдайы да әлемдік ІЖӨ мен сауда-саттық қаншалықты тез қалпына келетініне тікелей байланысты екенін айтуда. Мұндай жағдайда біздің Үкіметтің экономикалық блогы ішкі нарықтың барометрін ішкі-сыртқы факторға орай үйлестіріп отыруы заңдылық. Ұлттық экономика министрі Р.Дәленов елдің 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мына факторларды ескере отырып дайындалғанын ескертті.

Біріншіден, 2019 жылғы ІЖӨ бойынша есептік статистикалық деректер және биылғы қаңтар-шілдедегі экономиканың даму қорытындылары назарға алынды.

(Соңы 7-бетте)

ТАЛАП ЖӘНЕ ТӘРТІП

Кесілген ағаштың сұрауы кімнен?

Алматыда талдарды заңсыз кесу фактілері анықталып, бұл әлеуметтік желіде шу тудырды. Нақтырақ айтсақ, қарашаның 21-інен 22-сіне қараған түні Төле би мен Әуезов көшелері қиылысында өсіп тұрған 13 түп ағаш кесілген. Оның тоғызы емен болса, екеуі – қарағаш. Ағаштардың оталғанына қатысты жағдайға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев назар аударып, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевқа аталған жағдайға байланысты қызметтік тексеру жүргізіп, кінәлілерді жауапқа тартуды тапсырды.

Абай АЙМАҒАМБЕТ,
«Egemen Qazaqstan»

Бұл туралы хабарлаған Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли «Мемлекет басшысы 2019 жылы 29 қазанда Алматыда қала проблемаларына арналған кеңесте сөйлеген сөзінде мегаполистің экожүйесіне ұқыпты қараудың, шаһар тұрғындарының жайлы өмір сүруін қамтамасыз ету үшін тиісті жағдайлар жасаудың ерекше маңызды екенін мәлім еткен болатын» деп жазды.

Алдын ала дерек бойынша жақында ғана аталған жерде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізген Sulpak және Small сауда үйлері ағаштарды отаған болуы мүмкін. Желі қолданушылары жаппай айыптағаннан кейін барып, Sulpak сауда үйі facebook-тегі парақшасында оқиғаға қатысты түсінік берді. «Ағаштарды кесу орын алған аумақ Sulpak компаниясының меншігінде емес және біз сіз сияқты осы тұлғалардың әрекеттерін заңға қайшы деп санаймыз. Біз

жедел тергеуге үміттенеміз, тиісті органдарға жан-жақты қолдау көрсетуге және ынтымақтастыққа дайынбыз. Бізге қарсы асығыс қорытындылар мен негізсіз айыптауларды тудырмауларыңызды өтінеміз» делінген хабарламада.

(Соңы 13-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ (НАРЫҚТЫҚ) БАҒАМДАРЫ: EUR/KZT **503.38** USD/KZT **422.87** RUB/KZT **5.6** CNY/KZT **64.3**

Өзгерістер жолы: Әр адамға лайықты өмір!

Nur Otan партиясының XX съезі өтті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Іс жүзіне келер болсақ, оның артында қаншама атқарған іс, жұмыс, қаншама қиыншылық пен тартыс жатыр. Тек Ресеймен арадағы 7 500 шақырым шекараның әр шақырымын шегендеу, әр ауыл төңірегінен өту өте қиын болды. Мысалы, Өзбекстанмен шекараны шегендеген кезде бір үйдің бір бөлмесі Қазақстанда, бір бөлмесі Өзбекстанда қала жаздаған да жағдай кезікті. Соның бәрін шешуге тура келді. 14 мың шақырымға созылған шекарамыз тұңғыш рет шегенделіп, БҰҰ-ға тапсырдық. Шекарасы жоқ ел мемлекет емес. Шекарасыз ел болмайды.

Тағдырдың жазуымен әлемнің әр қиырына тарыдай шашылған 1 млн-нан астам қандасымызды елге қайтардық. Ол процесс әлі тоқтаған жоқ. Әлі де келіп жатыр. Келеміз деген азаматтардың барлығын Қазақстан құшақ жая қарсы алып, мүмкіндігінше көмектеседі», деді Тұңғыш Президент.

Суреттер Президенттің баспасөз қызметінен алынды

Отыз жылда атқарылған шаруа мол

Елбасы өз сөзінде ұзақ және қиын жолды жүріп өткенін еске салды. Мемлекет пен біртұтас қазақстандық ұлттың қалыптасуы осы жүріп өткен жолдың үлкен жетістігі саналады.

«30 жыл ішінде Қазақстан айтарлықтай әлеуметтік және экономикалық жетістіктерге жетті. Бұған, ең алдымен, нарықтық экономикаға көшудің және елді жаңғыртуға бағытталған түбегейлі реформаларды жүзеге асырудың нәтижесінде қол жеткіздік. Нарықтық реформалар, индустрияландыру және шетелден келген инвестиция өнімділікті арттыруға қозғаушы күш болды. Сондай-ақ экономикалық өсімді қамтамасыз етіп, жаңа жұмыс орындарын ашуға және қоғамның әлеуметтік бөлінісін азайтуға мүмкіндік берді», деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында этностық әртүрлілікті артықшылыққа айналдырып, өзінің ұлттық бірегей стандартын қалыптастырғанын атап өтті. Осы үдерістегі негізгі рөл, Елбасы атап өткендей, Қазақстан халқы Ассамблеясына жүктелген.

«Экономикалық өсім жоғары болған кезеңде құрылған Ұлттық қор қаржы саласындағы «қауіпсіздік қалқанымызға» айналды. Біз 1 400 жаңа аурухана мен емхана, 1 800 мектеп және 900 балабақша салу арқылы әлеуметтік инфрақұрылымды жаңарттық. «Қазақстан – 2050» стратегиясы аясында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің стандарттарын басшылыққа алып отыр», деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Елбасы Nur Otan партиясының пандемия кезіндегі жұмысына, сондай-ақ партияны қайта жаңғырту үдерісіне тоқталды.

«Біздің партия – басқару ісінде тәжірибесі мол және барлық өңірде кадрлық әлеуеті зор ең ірі саяси күш. Құрамының сапасы бойынша Nur Otan бүкіл Қазақстан қоғамының кескінін көрсетеді. Сондықтан біз алдағы уақытта да мемлекетіміздің және барша жұртымыздың әл-ауқатын арттыру үшін еңбек етуге ниеттіміз», деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев партияның әрдайым негізгі үш қағиданы басшылыққа алғанын және алдағы уақытта да соны ұстанатындығын атап өтті. Бұл – жауапкершілік, жұдырықтай жұмылу, ортақ мұрат-мақсаттарға адалдық.

«Бүгін жарияланып отырған Nur Otan партиясының бағдарламасы – қаржылық, адами және басқа да ресурстармен қамтамасыз етілген және жан-жақты таразыланған өршіл мақсаттар мен міндеттер. Бағдарлама – қолға алған реформаларымыздың заңды жалғасы. Мен Тәуелсіздік жылдары әрдайым нақты мақсаттарды белгіледім. Соларға жету үшін түрлі қиындықты жеңіп, аянбай тер төгу керек деп айтып келемін», деді Nur Otan партиясының Төрағасы.

Елбасы партияның реформа жүргізу тәжірибесі мол және барлық жоспарларды жүзеге асыруға саяси ерік-жігері жеткілікті екенін баса айтты.

«Партияның жаңа бағдарламасы орындалады. Бұл құжат елді одан әрі жаңғыртуға және барлық қазақстандықтардың тұрмыс сапасын жақсартуға жол ашады. Сайлау науқанын ойдағыдай өткізу үшін партия республикалық және аймақтық штабтардың жұмысын үйлесімді ұйымдастыру қажет. Кандидаттар, белсенділер, сенімді өкілдер барлық аймақтарды аралап, әр сайлаушыға жетуі керек», деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Сондай-ақ Елбасы келер жылы Қазақстанның тәуелсіздік алғанына 30 жыл толатынын атап өтіп, бұл маңызды кезең екенін еске салды.

«Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сайлауалды бағдарламаның негізгі бағыттарына тоқталды. Біз оны толық жүзеге асыруымыз керек. Бағдарламаны орындау арқылы қиындықтарды еңсеріп қана қоймай, халықтың өмір сүру сапасын арттырып, еліміздің табысты дамуын қамтамасыз етуге жол ашуымыз қажет. Келер жылы ұлан-байтақ даламызда Тәуелсіз мемлекет құрғанымызға 30 жыл толады. Бұл – өте қасиетті кезең. Атабабамыздың қанымен, аналарымыздың терімен келген. Сондықтан қолымызға түскен осы теңдесі жоқ алтынды алып жүру біздің мойнымызға жүктелген парыз.

Өткен ғасырда халқымыз түрлі алапатты бастан кешірді. Екінші дүниежүзілік соғыс, зұлмат ашаршылық, ұлт-азаттық қозғалыстар, қуғын-сүргін жылдарында 4 млн адам қыршын кетіп, 1,5 млн қазақ босқынға айналып, шет мемлекеттерге бас сауғалады.

Бұл – ұлтымыз үшін ауыр қасірет. Қай халық осындай қасіретті басынан кешірген екен?! Соған қарамастан, халқымыз ата-бабамыз қалдырған жерінде өзінің мемлекетін құрып отыр. Елордасын елдің ортасына әкеп орнаттық. Дүниеге елімізді паш еттік.

«Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен» өтіп, «мың өліп, мың тірілген», Тәуелсіздіктің тәтті дәмін сезінген халқымыздың енді не істесе де жолдасы сабыр мен ақыл ғана болуы керек», деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Нұрсұлтан Назарбаев Республикалық сайлауалды штабтың жетекшісі болуға партия Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбектің кандидатурасын ұсынды.

Бұдан әрі съезд жұмысын жүргізу Nur Otan партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Байбекке тапсырылды. Б.Байбек 18 қарашада өткен Nur Otan партиясы фракциясының отырысында «Қазақстан 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» сайлауалды бағдарламасының орындалуы бойынша Премьер-Министрдің есебі тыңдалғанына тоқталды. Сонымен қатар саяси кеңес Nur Otan партиясының жарғысына праймериз өткізуге және партия доктринасын бұдан былай саяси платформа деп атауға қатысты өзгертулер мен толықтырулар дауысқа салынғанын жеткізді.

«Елбасының, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына «Единая Россия» партиясы төрағасы, Ресей федерациясы Қауіпсіздік кеңесі төрағасының орынбасары Дмитрий Медведевтің, Қытай коммунистік партиясы Орталық комитетінің бас хатшысы, Қытай халық республикасы басшысы Си Цзинпиньнің, Түркия президенті, Әділет партиясының төрағасы Реджеп Тайип Ердоғанның, Жапония премьер-министрі Йошихиде Сугенің және аймақтағы басқа да көшбасшы партиялар атынан құттықтау хаттар келіп түсті», деді Б.Байбек.

Бизнес пен қоғамды байланыстыратын көпір

Бұдан кейін жарыссөзге Nur Otan партиясының делегаттары қатысып, өз пікірімен бөлісті. Партияның Қарағанды облысы Ұлытау ауданы филиалының төрағасы, осы ауданның әкімі Берік Әбдіғалиұлы халқымыздың өте жауапты кезеңді бастан кешіп отырғанын жеткізді.

«Әлемге жайылған пандемия, саяси қайшылықтар мен қаржылық қиындықтар белең алды. Мұның бәрі – біздің елге де әсер ететіні сөзсіз.Осындай шақта отыз жылдық белесті еңсерген Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтып, мақсатымызды бір арнаға тоғыстыру – алдымызда тұрған ең өзекті мәселе.

Қазақ елі бүгінде – ұлт пен ұлыстың басын қосып, бір атаның баласындай татулық орнатқан шуақты шаңырақ. Бұл – шаңырақтың діңгегін көтеріп, өз қолымен уығын қадаған Елбасымыздың ерен еңбегі. Nur Otan партиясы «қайта жандануды» қолға алып, партияның алдын ала сайлауын өткізді.

Аудандық партия филиалының төрағасы ретінде арнайы осы праймеризге қатысып, өңірлік сайлауалды бағдарламамызды жерлестеріміздің алдында талқылап, қорғап шықтық.

Осы жолы республика бойынша әрбір аудан, қала, облыс партия филиалдары әрбір аймақтың ерекшелігін ескеретін 216 өңірлік арнайы бағдарламасын қабылдап, ел алдында соны орындауға міндет алды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы таныстырған Партияның сайлауалды бағдарламасы – осы құжаттардың жиынтығы деп айтуға әбден болады.

Мемлекет басшысының жақында ғана жариялаған Жолдауындағы реформаларға негізделген кесек-кесек бағыттардан тұратын бұл құжат – іске асыруға ыңғайлы, барлық шығындары есептелген нақты бағдар. Маңыздысы, қарапайым азаматтарды мемлекеттік деңгейдегі шешім қабылдауға және оларды жүзеге асыруға араластыру көзделген.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында Nur Otannyń «тікелей байланыстың» жаңа форматтарын енгізіп жатқаны қуантады. Бұл, бір жағынан, қоғамның жауапкершілігін арттырса, екінші жағынан, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға ықпал етеді.

Ауылдың тұрғыны ретінде бағдарламада «Ауқатты ауылдар» бөлімнің болғаны қатты қуантады. Өйткені Ауыл – ұлтымыздың берекесі. Ауылдың өмір сапасын жақсарту – ең алдымен халықтың өзі жиі көтеретін газ, ауыз су, жол, интернет пен мобильдік телефон байланысы мәселелерін шешу. Осының бәрімен ауылдарды жақын арада қамту бағдарламада нақты қарастырылған.

Дәл осындай шешімдер экономикамыздың басқа бағыттарына да арналған. Бұларды ойдағыдай іске асыруға Президент жанындағы Жоғарғы экономикалық кеңес, жақында құрылған Стратегиялық жоспарлау және Бәсекелестік агенттіктері сияқты нақты тетіктері үлкен сеп болады деп сенеміз», деді Б.Әбдіғалиұлы.

Сондай-ақ жиын барысында Алматы облысы Жамбыл ауданына өткен праймериз жеңімпазы, белгілі журналист, 9 баланың анасы Әлия Әбсеметова сөз сөйледі.

«Бүгінгі съезде сіздердің алдыңызда сөз сөйлеу мен үшін зор қуаныш. Мен – көпбалалы анамын, журналиспін әрі волонтермін. Алматы облысының Қарғалы ауылынан осынау үлкен мінберге праймериз арқылы келіп отырмын.

Соңғы үш ай мен үшін үлкен қарбаласпен өтті. Өзім тұратын аудандағы 24 ауылдық округті түгел аралап, тұрғындармен кездестім. Оларға партиямыздың бағдарламасын түсіндірдім, аманаттарын жинадым. Дебат кезінде партияның сайлауалды бағдарламасын жан-жақты талдап, айтып бердім. Осының арқасында үш кезеңнен де сүрінбей өттім. Меніңше, жаңа ғана Президентіміз ұсынған партияның бағдарламасында айтылған «баршаға тең мүмкіндік беру» деген осы.

Бағдарламадағы «әйелдердің басшылық орындардағы үлесі 30 пайызға жетеді» деген мақсаттың орындалатына толық сенемін. Сөзіне қашанда ісі сай Nur Otan партиясы үшін қазақстандық әйелдердің қоғамдағы рөлі күшейгені өте маңызды», деді Ә. Әбсеметова.

Бұдан кейін сөз кезегі Nur Otan партиясы Саяси кеңесінің мүшесі, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасы Абылай Мырзахметовке берілді.

«Елбасы жетекшілік ететін партия бизнес пен қоғам арасындағы байланыстырушы көпірге айналды. Қазіргідей дағдарысты кезеңде бизнес өкілдеріне ең әуелі тұрақтылық пен ертеңгі күнге деген сенім қажет. Оны біздің Nur Otan партиясы ғана бере алады.

Жаңа ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының баяндамасында айтылғандай, партияның бағдарламасында шағын несиелер санын ұлғайту, салықтар санын қысқарту, салық салуда цифрлы технологияларды енгізу сияқты көптеген ұсыныстар бар. Мұның бәрі елдегі шағын және орта бизнесті одан әрі дамытуға, яғни ұлттық экономиканы күшейтуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Нұрсұлтан Әбішұлы, сіз жүргізген реформалардың нәтижесінде, елімізде іскерліктің өркендеуіне барлық жағдай жасалды. Біз нарықтық экономикаға көштік, отандық кәсіпкерліктің тұтас буыны қалыптасты, жаңа өндіріс орындары ашылып, Индустрияландыру бағдарламасы, Бизнестің жол картасы сияқты маңызды құжаттар қабылданды.

Осы жылдары ел экономикасына 330 млрд доллар тікелей инвестиция құйылған. Сіздің бастамаңызбен қазақстандық бизнесті біріктірген «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасы құрылды», деді А.Мырзахметов.

Жиын барысында Петропавл қаласында өткен праймериздің жеңімпазы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жеңіл атлетикадан Азия чемпионы Ирина Эктова да өз пікірімен бөлісті.

«Достарыммен бірге Biz Birgemiz акциясына қатыстым. Біз волонтер болып, қаламыздағы жүздеген отбасына бардық. Азық-түлік жеткізіп, ыстық тамақ тасыдық. Осындай игі істер арқылы партия адамдарға жақындай түсті.

Мен – Jas Otannyń белсендісімін, бірақ саясатқа жақында ғана қызығушылық таныта бастадым. Өз еліме депутат ретінде пайда әкелгім келеді. Сондықтан праймеризге қатысып, күшімді сынап көремін деп шештім. Бұл мен үшін нағыз жарыс.

Нәтижесінде, Петропавл қаласы бойынша әйелдер мен жастар арасында бірінші орын алдым. Маған сеніп, дауыс бергендердің барлығына рахмет айтқым келеді», деді И.Эктова.

Сонымен қатар съезде белгілі айтыскер ақын Мұхтар Ниязов та сөз сөйлеп, Nur Otan бос сөзге емес, іс тындыруға ұмтылатын партия екенін жеткізді.

«Қазақ деген ырымшыл халықтың баласымын ғой, осыны жақсылыққа балап, көңілдегі көркем ойды ақтарсам деймін. Тәуелсіздік алған жылдары мен мектеп табалдырығын енді аттаған бала едім. Көк байрақтың астында өсіп-жетілгенімді Жаңа дәуірдің ұрпағы екенімді мақтаныш етем!

Бүгінде біздің Қазақстан – төрт құбыласы тең, ырысы толық, бірлігі мығым ел. Осы жылдардағы олжамызды түгендесек, ұлан-ғайыр жеріміздің шекарасын шегеледік. Арқаның төсіне астанамызды салдық. Тоқсаныншы жылдары халықтың үштен бірі ғана болған қазақтың саны бүгінде 70 пайыздан асты. Аз жылда басқа елдермен тереземіз теңесті. Төл мәдениетіміз бен ұлттық өнеріміздің құрметі өсті», деді М.Ниязов.

Айтыскер ақын өз сөзінде жыл сайын партияның қолдауымен «Алтын домбыра» республикалық айтысы, ел ішінде әртүрлі республикалық және аймақтық айтыстар өтетініне назар аударды.

«Биыл тұңғыш рет өткен партияның алдын-ала сайлауы – праймеризді мен айтысқа ұқсатамын. Ел аумағында өткен айтыс-дебаттарды дүйім жұрт тамашалады. Пікірталастар ашық және әділ өтті. Белгілі айтыскер ағаларымыз – Арқаның сал-серісі Аманжол Әлтаев пен айтыстың Ақтаңгері Айбек Қалиев саяси додада жүзден жүйрік шығып, жеңіске жетті.

Nur Otan осылайша тыңнан түрен салып, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарды қоғамдық істерге тартып, ел саясатына араласуға ұйыстырып жүр. Соңғы жарты жылда барлық аймақта партияның өңірлік бағдарламалары талқыланды, халық сүзгісінен өтті. Мен де Қызылорда қаласының және облыстың бағдарламасын дайындауға үн қостым. Бірде-бір партия дәл осындай халықтық талқылаудан өткен, әр ауыл, әр аймақтың мәселесін шешуді көздеген 216 бағдарлама жасаған емес», деді М.Ниязов.

Сонымен қатар ол партияның Республикалық бағдарламасы өзінің кешенділігімен, нақты азаматтарға арналғандығымен өзгеше деп есептейтінін жеткізді.

«Халықтың мүддесін түгендейтін, қоғамның талап-тілектерін ескерген құжат бұл. Оның ішінде мәдениеті биік, ойы озық қоғам құруға арналған бөлігі көңілімнен шықты. Nur Otan ақын-жазушыларды, драматург-сценаристерді, шығармашылық тұлғаларды қолдайды. Яғни халықтың ар-ұжданын ойлайды. Ұлттық тарих пен мәдениетті қастерлеп, кино, мұражай мен кітапханаларға қамқорлық жасайды. Мұның бәрі партия бағдарламасында тайға таңба басқандай анық жазылған.

Рас, алдағы бес жылдың жүгі ауыр. Бір қазан сүттің бір қасық ұйтқысы болады. Nur Otan бос сөзге емес, іс тындыруға ұмтылатын партия! Әрдайым жабырқағанның жанынан табылып, жәрдем беріп келеді. Сондықтан елдің тыныштығы мен берекесін ойлаған азаматтар Елбасы мен Мемлекет басшысының саясатын, партияның бағытын қолдайды. Жамандықты амандық жеңеді, тату елге тақсырет жуымайды», деді М.Ниязов.

Кандидаттар тізімі бекітілді

Съезд барысында Мәжіліс сайлауына Nur Otannyń партиялық тізімі бекітілді. Тізімде 126 кандидат бар. Олардың ішінде 77 кандидат партияішілік праймериз қорытындысы, ал 49 адам орталық партиялық квота бойынша анықталды.

Кандидаттардың жалпы тізімінде Парламент Мәжілісінің қызметтегі депутаттары 20 пайыздан аспайды. Мемлекеттік басқару саласының өкілдері – 13 пайыз, білім және денсаулық сақтау саласы – 12 пайыз, үкіметтік емес ұйымдар – 9 пайыз және өнеркәсіп өкілдері 8 пайызды құрады.

Сондай-ақ тізімдегі экономистер үлесі – 28 пайыз, заңгерлер – 20 пайыз, кәсіпкерлер – 17 пайыз. Ал 21 үміткердің ғылыми дәрежесі бар, оның ішінде 10-ы – ғылым докторы, 11-і – ғылым кандидаты. Тізімдегі кандидаттардың үштен бірі – әйелдер. Кандидаттардың орташа жасы бұрынғы партиялық тізімдермен салыстырғанда 4 жылға төмендеп, 48 жасқа жетті.

Еске сала кетейік, Nur Otan партиясының праймеризіне 10 мыңнан астам кандидат, ал республикалық онлайн-дауыс беруге 662 мыңнан аса адам немесе барлық нұротандықтардың 84 пайызы қатысты.

Оның қорытындысы бойынша 6 253 адам Nur Otannyń барлық деңгейдегі 216 мәслихатқа арналған партиялық тізіміне енді. Талдау көрсеткендей, өңірлік партиялық тізімдерде әйелдердің үлес саны 22-ден 34 пайызға дейін, жастар – 3,5 есе, 7-ден 24 пайызға дейін артты. Орташа жасы мәслихаттардың қызметтегі құрамымен салыстырғанда 7 жасқа – 51-ден 44-ке дейін жасарды. Партиялық тізімдердің 24 пайызын мәслихаттардың қызметтегі депутаттары құрайды, ал 76 пайызы – жаңа тұлғалар.

Бұл ретте партияға 42 мыңнан аса жаңа мүше қосылды. Олардың 1000-нан астамы партияішілік сайлауға қатысып, әрбір үшіншісі Nur Otannyń партиялық тізіміне енді.

Халықтың белсенді қатысуының арқасында праймериз барысында Nur Otan партиясының 216 өңірлік сайлауалды бағдарламасы талқыланып, қабылданды. Онда азаматтардан түскен 17 мыңнан астам ұсыныс ескерілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Nur Otan партиясының XX съезінде сөйлеген сөзі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сурет Президенттің баспасөз қызметінен алынды

Құрметті партияластар, жолдастар!

Біздің бағдарламамызда негізгі төрт басымдық бар.

БІРІНШІ – Әр азаматқа өз әлеуетін жүзеге асыру үшін тең мүмкіндік беру.

Біз әлеуметтік-экономикалық саясатта нарық тәсілдерін басшылыққа аламыз. Қаржыны және жәрдемақыны негізсіз оңды-солды таратуды доғару қажет. Мемлекет атаулы әлеуметтік көмекті шын мәнінде мұқтаж адамдарға беру керек.

Ең бастысы – әлеуметтік әділдік. Сол себепті мұқтаж жандарға қамқорлық жасауға баса мән береміз. Әлеуметтік саясатты жүргізгенде қиындыққа тап болған азаматтарға атаулы көмек көрсету шаралары күшейтіледі.

Алдағы бес жыл ішінде әлеуметтік төлемдерді жыл сайын индекстеу үшін 3 триллион теңгеден астам қаражат бөлінеді. Ортақ зейнетақы мөлшері де жыл сайын индекстелетін болады. Бұл ретте, біз мұны инфляция деңгейіне 2 пайыз қосып жүзеге асыруды ұсынып отырмыз.

Тұрақты күтімге мұқтаж және жеке көмекші қызметін пайдаланбайтын бірінші топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың барлығына қосымша әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Осыған орай берілетін арнаулы жәрдемақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1,4 есе көбейтілген мөлшеріне тең болады. Алдағы бес жыл ішінде біз ерекше күтімді қажетсінетін адамдарды арнаулы техникалық құралдармен қамтамасыз етеміз. Сондай-ақ оларға толықтай оңалту-сауықтыру қызметтері ұсынылады.

Бірақ ең бастысы, әр адамға табыс табу мүмкіндігін беру керек. Бұл ретте, біз нақты шаралар қабылдаймыз. Соның нәтижесінде, 2025 жылға қарай мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамту көрсеткіші 30 пайызға жетеді.

Осындай жандардың кәсіби қызметпен айналысуымен бірге, білім алуына да жағдай жасау маңызды. Бес жыл ішінде колледждер мен жоғары оқу орындары инклюзивті білім беру жүйесімен толық қамтылады. Сонымен қатар мектепке дейінгі барлық мекеме мен мектептерде бұл көрсеткішті кезең-кезеңмен 70 пайызға дейін жеткіземіз.

Біз тек әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға ғана емес, халықтың өзге де топтарына қолдау көрсетеміз.

Партиялық тізімдегі 20 пайыздық квота жас көшбасшыларды қолдаудың нақты тетігіне айналды. Nur Otan-ның қатарына білімді, қайсар және жігерлі жастар қосылды.

Әйелдердің қоғамдық-саяси өмірдегі, экономиканың барлық секторындағы рөлін күшейту – әлемдік үрдіс. Қазіргі уақытта партиялық тізімнің 30 пайызы әйелдерден құралған. Бұл – әйелдер қауымы үшін мемлекет басқару ісіне атсалысуға жол ашатын нақты әлеуметтік мүмкіндік.

Партияның белсенді қатысуымен Әлеуметтік кодекс әзірленеді. Бұл мазмұны жағынан мүлде жаңа құжат болмақ. Кодексте қоғам мен мемлекет арасындағы өзара келісім орнатудың тың тәсілдері көрсетілетін болады.

ЕКІНШІ БАСЫМДЫҚ – саламатты зияткер ұлт қалыптастыру.

Жаңа жаһандық сын-қатерлер ескеріле отырып, білім, ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларына жұмсалатын қаражат ұлғайтылатын болады. Бұл – адам капиталына, еліміздің болашағына салынатын стратегиялық инвестиция.

Денсаулық сақтау саласын қаржыландыру көлемі ішкі жалпы өнімнің 5 пайызынан кем болмайды. Жаңа эпидемияларға әрдайым дайын болу керек. Цифрландыруды, телемедицинаны, биологиялық қауіпсіздік инфрақұрылымын қамтитын Біртұтас ұлттық жүйе құру ісі аяқталады.

Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында көпбейінді екі ғылыми-инновациялық клиника салынады. Өңірлік медицинаны дамыту үшін біз еліміздің барлық облысында 20 заманауи медициналық орталық салатын боламыз. Аудандық ауруханалар мен перзентханаларды, ауылдық емдеу мекемелерін барлық қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етеміз.

2023 жылға қарай дәрігерлердің еңбекақысы 2,5 есе өседі.

Басты мақсат – қазақстандықтардың орташа өмір сүру жасын 75-ке дейін ұзарту.

Саламатты өмір салты мен бұқаралық спортты дамыту зор маңызға ие. Сондықтан балалар мен жасөспірімдер клубтарын тек шағын және орташа қалаларда ғана емес, сондай-ақ тірек боларлық барлық ауылда ашу қажет. Сонымен қатар жаттықтырушы-оқытушылардың еңбекақысын көтеру керек. Әрбір ауылдық округте спорт жөніндегі нұсқаушы лауазымын енгізген жөн.

Құрметті съезге қатысушылар!

Еліміз бәсекеге қабілетті болу үшін білім және мәдениет саласын өркендетуге, жастарды қолдауға баса мән беруіміз керек.

Бүкіл Қазақстан бойынша 800 жаңа мектеп салынады. Соның нәтижесінде біз апатты және үш ауысыммен оқытатын мектептердің мәселесін толық шешеміз. Барлық мектеп интернетпен, компьютермен және пәндік кабинеттермен қамтамасыз етіледі.

Ауыл мектептерінің дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Шағын қалалар мен аудан орталықтарында, ауылдық жерлерде орналасқан 5 мыңнан астам мектеп жаңғыртылуы керек. Педагог мамандарға сұранысты арттырып, білім сапасын жақсарту мақсатында олардың жалақысы 2 есе көбейеді.

Жаһандық білім және инновациялық жүйеге енген заманауи зерттеу университеттері білім экономикасының негізін құрауға тиіс. Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша тағы да кем дегенде 2 озық өңірлік жоғары оқу орны ашылады. 2025 жылға қарай жоғары білім алу үшін бөлінетін гранттың саны 50 пайызға артады. Бұл – 75 мың жас азаматымыз жоғары білімді тегін алады деген сөз.

Біз студенттерге материалдық қолдау көрсету ісін жалғастыра береміз. Студенттердің стипендиясы 2 есеге, магистранттар мен докторанттардың стипендиясы 1,5 есеге көбейеді. 2025 жылға қарай колледждер мен университеттер жатақханаларындағы орындар саны кем дегенде 50 мыңға артады.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы іске қосылады. Бұл жоба жылына 5 мың адамды қамтитын болады. Бизнес саласындағы келешегі зор идеяларды жүзеге асыру үшін жас кәсіпкерлерге жыл сайын 10 мың грант ұсынылады.

Жұмыс істеп жүрген жастарға жылына 3 мың жалдамалы пәтер беріледі. Біз жастар ұйымдары мен Еріктілер қозғалысының жобаларын қаржыландыру көлемін 1,5 есеге арттыруға әзірміз. Осындай қолдау шаралары оқымайтын және жұмыс істемейтін жастардың санын 2025 жылға қарай 100 мың адамға азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар балаларға қосымша білім беру, бос уақытты тиімді пайдалану, шығармашылық қабілетті дамыту мәселелері шешімін табады. Барлық мектепте спортпен және шығармашылықпен айналысуға жағдай жасалады. 3-6 жас аралығындағы балалар мектепке дейінгі біліммен толық қамтылуға тиіс. Осы ретте, тұрғылықты жеріне қарамастан баланың бәріне бірдей көңіл бөлінеді.

Біз «Рухани жаңғыру» бағдарламасын белсенді түрде жүзеге асыра береміз. Бұл аса маңызды құжат ұрпақтың санасын серпілтіп, ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруға арқау болады.

Бұдан бөлек, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын одан әрі кеңейтуге күш жұмылдырамыз. Ана тіліміздің ардақтамасақ – елдігімізге сын.

Кез келген шаруашылық қызметімен айналысқан жағдайда табиғатты сақтау және оны қорғау міндеті басты қағидаттың біріне айналады. Жаңа Экологиялық кодекс және «Жасыл өсім» тұжырымдамасы қабылданады.

Біз прагматизм құндылықтарын, үнемділік, қанағатшылдық және ұстамдылық мәдениетін орнықтыруымыз керек.

ҮШІНШІ БАСЫМДЫҚ – экономика мен өңірлердің орнықты дамуы.

Әлемдік экономиканың ұзақ мерзімді дағдарысқа тап болып отырғаны анық. Әрине, Қазақстан да бұдан едәуір қысым көретіні белгілі. Дегенмен, дағдарыс – жаңа экономикалық модель құру үшін жүйелі реформалар жүргізудің мүмкіндігі.

Бүкіл әлемдік экономика ғылымы мен саналы саясаткерлер адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген жаһандық дағдарыс жағдайында мемлекеттің экономикалық үдерістерді басқарудағы рөлі шын мәнінде артады деген қорытындыға келіп отыр. Қалай дегенде де, осылай болуға тиіс.

Үкіметтердің басты міндеті – өз мемлекеті азаматтарының тұрмыс сапасын лайықты қамтамасыз ету. Біздің Үкімет осы іргелі мақсатқа қол жеткізуді көздеп отыр.

Экономикалық өсімге қол жеткізу үшін негізінен мынадай мәселелерге баса мән беріледі:

– қатаң, бірақ теңгерімді макроэкономикалық саясат;

– жеке секторды қолдау;

– азаматтар алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді орындау.

Мұндай стратегия бюджет шығындарын қатаң бақылауға алуға, тиімсіз жеңілдіктер мен субсидияларды алып тастауға, төмен инфляцияны сақтауға және теңгенің еркін бағамын ұстануға негізделеді.

Фискальді салада бюджет шығындары оңтайландырылады, мұнай тапшылығы қысқарады, ұлт байлығын әділетті бөлу қамтамасыз етіледі. Ақша-несие саясаты жалпыұлттық әлеуметтік-экономикалық басымдықтар тұрғысынан жүзеге асырылады. Нәтижесінде бюджеттің мұнайдан тыс бөлігінің тапшылығы 2025 жылға қарай, Үкіметтің есебі бойынша – 6 пайызды, ал жалпы тапшылық 3 пайыздан аспайтын көлемді құрайтын болады.

Үш жыл ішінде инфляция 4 пайызға, тіпті бұл көрсеткіштен де төмен деңгейге дейін азаюы ықтимал. Индустрияландырудың белсенді жүргізілуі өңдеуші өнеркәсіптегі өндіріс көлемін 1,5 есе ұлғайтуға жол ашады.

Біз үшін жаңа бағыттар – IT саласы мен туризмге шын мәнінде басымдық беру керек. Осы екі сала бойынша 300 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады.

Мәліметтерді өңдеу мен сақтау саласына салынатын инвестициялар 6 есе ұлғаяды. Біз Қазақстанның экспортын да белсенді түрде ілгерілететін боламыз. Мақсатымыз – шикізаттық емес экспорт көлемін 2 есе, яғни жылына 40 миллиард долларға дейін ұлғайту. Аграрлық сектор да зор әлеуетке ие. Саланы дамытудың жаңа моделіне қарай қадам басу керек. Барлық қаржылық және қаржылық емес қолдау тетіктерін стратегиялық міндеттерді шешуге бағыттап, толығымен цифрландыру қажет.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін және өңдейтін 7 ірі экожүйе құрылатын болады. Бұған 350 мың фермерлік және үй шаруашылықтары жұмылдырылады. Бұл дегеніміз – ауылдықтар үшін жаңа жұмыс орындары әрі тұрақты табыс көзі.

600 мың гектардан астам жаңа суармалы жерлерді игеру жөнінде шаралар қабылдаған жөн.

2025 жылға қарай ауыл шаруашылығының жиынтық өнімінің көлемі үштен біріндей мөлшерге, ал экспорт көлемі 2 есеге дейін ұлғаяды.

Кәсіпкерлікті қолдау аясында бәсекелестікті дамытуға, заң үстемдігін нығайту мен сот жүйесін жаңғыртуға айрықша назар аударылады. Бұл – негізгі бағыттар. Онсыз тиімді нарықтық экономиканы құру мүмкін емес.

Қазақстан бизнес жүргізу үшін қолайлы шарттар жасалған, мейлінше дамыған елдер қатарына қосылуға тиіс. Бизнеске жасалған кез келген заңсыз кедергі ауыр қылмыс ретінде қарастырылатын болады.

Тікелей шетелдік инвестиция көлемін жылына 30 миллиард долларға жеткізуді де жоспарлап отырмыз.

Шағын және орта бизнеске жан-жақты қолдау көрсетіледі. 2025 жылға қарай шағын және орта бизнес 4 миллион қазақстандықты жұмыспен қамтып, ішкі жалпы өнімнің 35 пайызын өндіреді. 50 мың азаматымыз, ең алдымен, ауыл тұрғындары, өз бизнесін ашу үшін шағын несие алады. Жоспарланған экономикалық бағдарды жүзеге асыру 2025 жылға қарай жыл сайынғы өсім қарқынын 5 пайыздан жоғары деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өңірлердегі тұрмыс сапасын жақсарту басты назарымызда болады. Жаңа өңірлік стандарттарға сәйкес 3,5 мыңнан астам ауыл жаңғыртылатын болады. Барлық қалалар мен ауылдар сумен қамтамасыз етіледі. 246 ірі елді мекенге газ тартылады. Мұндай елді мекендерде 900 мың адам тұрады. Олардың 350 мыңнан астамы – Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Жезқазған және Теміртау қалаларының тұрғындары.

53 тазалау қондырғысын орнату және жаңғырту арқылы еліміздің барлық өңіріндегі ағын суды тазартуға мүмкіндік туады. Бұл – осы саладағы түйткілді мәселенің ұтымды шешімі болмақ.

Жол құрылысы қолға алынады. Әр ауылға дейінгі барлық жолдар, яғни 27 мың шақырым жол жөндеуден өткізіледі.

Облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалалар жылдамдығы жоғары 5G интернетімен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар ауылдардың 99 пайызы осындай мүмкіндікке ие болады.

Ауылдық жерлерге қажет мамандарды, дәрігерлерді, мұғалімдерді тартуға назар аударылады. Оларға үй салу үшін жылына 22 мың жер телімі бөлінеді. Облыс орталықтарында және шағын қалаларда жылына 25 мың жер телімі беріледі. Жалпы алғанда, алдағы бес жылда шамамен бір миллион отбасы үшін 100 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынады. Соның ішінде 300 мыңға жуық пәтерді әлеуметтік тұрғын үй ретінде жеңілдікпен пайдалануға болады.

Шөл дала мәселесін, Семей ядролық полигоны, «Байқоңыр» космодромы төңірегіндегі экологиялық түйткілдерді шешу жұмыстары жалғасын табады.

Аралдың солтүстік бөлігін қалпына келтіру және Жайық өзені алабының экологиялық жүйесін сауықтыру жөнінде шаралар қабылданады.

ТӨРТІНШІ БАСЫМДЫҚ – есеп беретін, «халық үніне құлақ асатын» мемлекет және жауапты азаматтар.

Мемлекет пен қоғамның өзара сенім мен жауапкершілік қағидаттарына негізделген өзара іс-қимылынсыз елдің жүйелі және тұрақты дамуы мүмкін емес. Ел үшін күрделі уақытта партия халыққа етене жақындай түседі. Біздің міндетіміз – азаматтардың өзін және ұрпақтарын лайықты тұрмыспен қамтамасыз етсем деген әділ әрі орынды тілегімен ұштасып жатқан ниеттестік пен іс-қимыл бірлігіне қол жеткізу. Тағы да атап өтейін, біздің жұмысымыздағы басты бағдар – жұртшылықтың талап-тілектері мен мұң-мұқтаждықтары. Мемлекет халықтың үні мен пікіріне құлақ асуға міндетті. Парламент пен халыққа есеп беретін Үкімет дәл осы бағытта жұмыс істейтін болады. Бұл үшін біздер, партияластар, қоғамымызды толғандыратын барлық мәселені жақсы білуге, оның жылдам әрі тиімді шешімін табуға тиіспіз.

Партия жұмысының тиімді іс-қимыл коэфициенті азаматтарымыздың тұрмысын жақсартатын тәжірибелік шешімдерге байланысты болады. Бос сөз бен құр уәде емес, нақты іс қана халық сенімі мен саяси көшбасшылық үшін күрестегі ең мықты аргумент бола алады. Сондықтан партия мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртумен тікелей айналысады. Бұл – стратегиялық сипаты бар міндет.

Біздің негізгі басымдығымыз – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Бұл – науқаншылдық емес, салмақты, жүйелі жұмыс. Мемлекеттік органдардың қызметі ашық әрі жұртшылықтың ұдайы бақылауында болуға тиіс.

Волонтерлікті және үкіметтік емес секторды жан-жақты қолдау – елді орнықты дамытудың кепілі. Қоғам мен азаматтық сектор мемлекет қызметінің барлық маңызды мәселелері бойынша шешім қабылдау үдерісіне толыққанды атсалысуға тиіс.

Сонымен қатар партия Жергілікті өзін-өзі басқару тұжырымдамасын белсенді ілгерілететін болады. Бұл құжатта ауыл әкімдерін сайлау, «халық атсалысатын» бюджетті реттеу, жергілікті билік органдарына азаматтық бақылау жүргізу мәселелері қамтылады.

Әлбетте, жергілікті өзін-өзі басқару реформасы осымен тоқтап қалмайды. Партия пайдалы нәтижелерге қол жеткізуіне қарай осы саладағы тиімді құрылымдарды одан әрі ілгерілетумен айналысады.

Қымбатты партияластар!

Көптеген маңызды бастамалар мен партия жоспарлаған өзгерістер Елбасының бағдарламалық тұрғыда сөйлеген сөздерінде және менің Қазақстан халқына Жолдауларымда көрініс тапқан. Партиямыздың негізін қалаған Қазақстанның Тұңғыш Президенті стратегиясының сабақтастығын сақтай отырып, біз халықтың тұрмысын жақсартуға және мемлекеттің әлеуетін күшейтуге бағытталған барлық жоспарды нақты іске асыруға ниеттіміз.

Саясаттың сабақтастығы дегеніміз жауапкершілік, ұйымшылдық, еңбек ұғымдарымен өзектес екенін қаперде ұстаған жөн. Жауапсыз сөзуар саясаткерлер өз мемлекеттерінің қауіпсіздігіне қатер төндіріп, барлық игіліктен оп-оңай бас тартады. Ал Брест бітімінен бастап, Кавказдағы соңғы оқиғаларға дейінгі жаңа тарихтан білетініміз – саяси катаклизмдер мен қақтығыстар территориядан да айырылуға әкеп соқтыруы мүмкін.

Nur Otan партиясы – ізгі ниетке негізделген нақты істер партиясы. Қазақстанның жарқын болашағы үшін зор жауапкершілік бізге жүктелген. Отанымыздың тағдыры партияның стратегиясын қолдайтын белсенді мүшелерінің, шынайы патриоттардың қолында.

Еліміздің алдында тұрған жаңа жаһандық сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлер бар күш-жігерімізді біріктіруді талап етеді. Ол үшін бүкіл қоғамның ортақ іске жұмылуы қажет. Барлық мақсатымызға тек бірлік пен келісім арқылы жете аламыз. Сондықтан елімізде саяси диалог мәдениетін жүйелі түрде дамыту маңызды.

Nur Otan тұтас ұлтты біріктіретін бастамаларды ұсынып отыр. Алдағы уақытта да солай болады. Партия заң үстемдігі қағидатын кеңінен енгізеді. Тиісті заңдылық, содан туындайтын тәртіп пен үйлесім болмаса, қоғамда ілгерілеуге қол жеткізу мүмкін емес. Бұл – әлемдік тәжірибеде әлдеқашан орныққан аксиома.

Біздің бағдарлама дамыған азаматтық қоғам мен экономикалық тұрғыдан кемелденген мемлекет құруды көздейді. Біз басқарушы партия мәртебесіне ие болудың мәні билік өкілеттіктеріне қол жеткізу емес, ел-жұртқа нақты пайда әкелуге мүмкіндік алу екенін әрдайым есте сақтауға тиіспіз.

Партия мүшелері, әсіресе мемлекеттік басқару жүйесіндегі жоғары лауазымда отырған азаматтар, шынайы еңбеккорлықтың, саяси жауапкершіліктің, азаматтық патриотизмнің озық үлгісін көрсетуі керек. Партияластарымыздың болашақта да дәл осы ұстанымға сай болатынына күмәнім жоқ.

Аса құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Құрметті съезге қатысушылар!

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауымен басталмақ. Мұның символдық мәні зор. Бұл дода барлық мерейтойлық іс-шараларға идеологиялық және мазмұндық тұрғыдан тың серпін беретіні анық. Алдағы сайлау қоғамның біртұтастығын және береке-бірлігімізді бекемдей түседі деп сенемін. Бұл науқанның ашық, әділ әрі заңды өтуі үшін барлық жағдайды жасаймыз. Мен, Мемлекет басшысы ретінде, мұны жіті қадағалаймын. Осыған орай Орталық сайлау комиссиясына және Бас прокуратураға нақты тапсырма бердім.

Барша сайлаушыларды азаматтық белсенділік танытып, сайлауға қатысуға шақырамын. Еліміздің игілігі және мемлекетіміздің мүддесі жолында табысқа бірге жете берейік!

Отанымыз мәңгі жасасын!

Халқымыз әрқашанда аман болсын!

Әлеуметтік ілгерілеу басты назарда

Онлайн форматта Nur Otan партиясының кезектен тыс XX съезі өтті. Елбасы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бұл съездің бұрынғылардан өзгерек және алдымызда тұрған мақсат-міндеттерді іске асыру үшін маңызы зор екенін айтты. Расымен, пандемия кезінде ұйымдастырылып отырған осы жиын егемен еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуы тұрғысынан ерекше мәнге ие.

Съезде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев партияның 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасын таныстырды. Президентіміз атап өткендей, бұл – жан-жақты пысықталған, барлық талап-тілектер ескерілген нақты құжат. Онда алдағы уақытта іске асыратын негізгі басымдықтар айқын көрсетілген.

Олар: әр азаматқа өз әлеуетін жүзеге асыру үшін тең мүмкіндік беру, интеллектуалды ұлт қалыптастыру, өңірлердің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету, халық үніне құлақ асатын, есеп беретін мемлекет және азаматтардың жауапкершілігін арттыру.

Президентіміз айтқандай, бағдарлама елдің әлеуметтік ілгерілеуіне және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға арналған нақты шаралар кешенін ұсынады. Оларды іске асыру үшін 21 триллион теңге бөлінетін болды. Бұл қаражат мемлекет тарапынан халықтың барлық тобына бірдей қолдау көрсетуге жұмсалады.

Алдағы уақытта аталған басымдықтарды жүзеге асыру жолында бәріміз жұдырықтай жұмылып, ортақ мақсатқа бірге қол жеткізейік!

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Парламент Сенатының Төрағасы

Жаңа бағдарлама – табысты реформалардың жалғасы

Еліміздегі негізгі және саяси жетекші ұйым Nur Otan партиясы тағы бір елеулі кезеңді табысты аяқтап, жаңа белеске қадам басты.

Бұл – тарихи уақыт. Әрине Nur Otan партиясының әрбір тарихи сәті, әрбір жеңісі, әрбір табысы ең алдымен, Тұңғыш Президентіміз, партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атымен байланысты. Себебі нұротандықтар, Елбасының білікті басшылығының, кемел саясатының және ұйымдастырушылық шеберлігінің арқасында әр қашанда елмен, халықпен бірге болып, аса жауапты міндеттерді абыроймен атқарып келеді.

Барлық уақытта партия алдына ұзақ мерзімді стратегиялық міндеттер қойылып, олар сәтті жүзеге асырылды.

Nur Otan партиясының жетістігі – мемлекетіміздің тұрақты дамуын, азаматтарымыздың сапалы өмір сүруін қамтамасыз етті. Осы табыстарымызды одан әрі жалғастыру мақсатында Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» атты жаңа сайлауалды бағдарламасы қабылданды.

Бұл бағдарлама – бай тәжірибелерді, шынайы мүмкіндіктерді, нақты жоспарларды қамтыған, әбден жетілген, әлеуметтік-экономикалық, саяси маңызды құжат.

Ол – баршаға тең мүмкіндік, зияткер, саламатты және ыждағатты ұлт, орнықты экономика, халыққа есеп беретін мемлекет және жауапты азаматтар сияқты уақыт талабынан өткен, кез келген заманауи қажеттіліктерге жауап бере алатын ауқымды бағыттарды қамтыған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, партия әзірлеген 2025 жылға дейінгі сайлауалды тұғырнама – бүгінгі күннің күрделі ахуалына қатысты объективті көзқарас. Сондықтан Nur Otan партиясы кезекті сайлауалды бағдарламасын жариялай отырып, елімізді одан әрі өркендетуге, заңдылық пен тәртіпті сақтауға, уақытша қиындықты еңсеріп, халықтың әл-ауқатын күшейтуге жаңа жол салып отыр.

Бұл жол, әрине барша қазақстандықтардың, партиямыздың барлық жақтастарының жүрегінен орын алатыны сөзсіз.

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,
Парламент Мәжілісінің Төрағасы

Сайлаушыларға үндеу жолдады

Орталық сайлау комиссиясы 2021 жылғы 10 қаңтарда өтетін Парламент Мәжілісінің және мәслихат депутаттарының кезекті сайлауы қарсаңында сайлаушыларға үндеу жолдады.

Меруерт БҰРКІТБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

«Егер сіз дауыс беру күнінде 18 жасқа толған және белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматы болсаңыз, Парламент Мәжілісінің және мәслихат депутаттарын сайлауға құқығыңыз бар. Сіздің сайлаушылар тізімінде болуыңыз – сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңыздың іске асырылуының кепілі. Сайлаушылар тізімін жергілікті атқарушы органдар жасайды. Сіздің нақты сайлау учаскесінің аумағындағы тұрғылықты жеріңіз бойынша тіркелуіңіз сізді сайлаушылар тізіміне енгізуге негіз болып табылады. Сайлау учаскелерінің шекарасы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында 2020 жылғы 5 қарашадан кешіктірілмей жарияланады», делінген Орталық сайлау комиссиясының үндеуінде.

Орталық сайлау комиссиясының мәліметі бойынша әр сайлаушы сайлау тағайындалған кезден бастап тиісті жергілікті атқарушы органда сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы.

«Сізге 2020 жылғы 10 желтоқсанға дейін сайлау күні тіркелген жеріңіз бойынша дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігіңіз болмайтыны белгілі болса, баратын жеріңіздегі әкімдікке сайлаушылардың тиісті тізіміне қосу туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге құқығыңыз бар. Егер сіз тұрақты тіркелген жеріңізден тыс елді мекенде болсаңыз және тұрғылықты жеріңіз бойынша уақытша тіркелген болсаңыз, 2020 жылғы 10 желтоқсаннан кешіктірмей, сайлау күні өзіңіз дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізу туралы жазбаша өтінішпен уақытша болатын жердегі әкімдікке жүгінуге құқылысыз», дейді комиссия.

Қазақстанның Орталық сайлау комиссиясы азаматтарды сайлаушылар тізіміне ену бойынша барлық заңды әрекеттерді орындауға үндеді.

«Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу бойынша заңды маңызды әрекеттерді уақтылы қабылдауыңыз қажет. 2020 жылғы 26 желтоқсаннан бастап сізге өз сайлау учаскеңіздегі сайлаушылар тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі», деп түйіндеді ОСК.

«Алаш» – нағыз ұлттық идея

Кеше «Ақ жол» партиясы Алаш көшбасшыларының бірі Міржақып Дулатұлының туғанына 135 жыл толуына орай «Оян, қазақ!» атты онлайн конференция өткізді. Конференцияға партия төрағасы Азат Перуашев, «Алаш» мәдениет және рухани жаңғыру институтының директоры Сұлтанхан Аққұлы, Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембинов, алаштанушы ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Конференцияда Мемлекеттік тарих институтының директоры, профессор Еркін Әбіл, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, академик Зиябек Қабылдинов, белгілі ғалым-алаштанушылар Марат Абсеметов, Ғарифолла Әнес, Дихан Қамзабекұлы, Ербол Тілешов, Амантай Шәріп, Алмасбек Әбсадықов, Сайлаубай Ерлан, Сағымбай Жұмағұл және басқа да алаштанушылар баяндама жасап, көрнекті ағартушы, ақын, жазушы, қоғам қайраткері әрі жалынды көсемсөз шебері М.Дулатовтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі мен оның туындылары жапон және түрік тіліне аударылғанын тілге тиек етті.

Конференциядағы қорытынды сөзінде А.Перуашев «Біз «Алаш» саяси мұраларын Қазақстанды жаңғыртудың ұлттық идеясы ретінде қараймыз және олардың мұраттарын мемлекеттік құрылыста, экономика және қоғамда табандылықпен жылжытатын боламыз. Алашорда қайраткерлері мәлімдегендей Қазақстанның 20-25 жылдың ішінде өзінің қоғамы мен экономикасын жаңғыртуға және әлемде лайықты орнын алуға барлық мүмкіндігі бар дегеніне сенеміз», деді.

Конференцияда жасалған ғылыми баяндамалар жинақ түрінде жарық көретін болады.

«Егемен-ақпарат»

Сайлаушының назарына:

Сайлау учаскесін анықтау оңай

Қазақстанда Парламент Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауына екі айға жуық уақыт қалды. Жергілікті атқарушы органдар сайлаушылардың тізімін пысықтап, дауыс беру күніне дайындықты бастап кетті.

Меруерт БҰРКІТБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Сайлаушылар Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін ең алдымен өзінің сайлау учаскесін анықтауы қажет. Әдетте тізім азаматтардың тұрғылықты жері бойынша жасалады. Өзіңнің қай сайлау учаскесіне тіркелгеніңді білу оңай. Жақында Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының әкімдігі тұрғындарға сайлау учаскелерін анықтаудың бірнеше жолы бар екенін хабарлады.

Сайлау учаскесі туралы мәліметті бірнеше тәсілмен алуға болатынын цифрландыру жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі, «Astana Innovations» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Асқар Таксимов айтып берді. Ең алдымен, қала әкімдігінің astana.gov.kz сайтында қай учаскеге тіркелгеніңді оңай білуге болады. Бас беттегі «Өз сайлау учаскеңді тап» баннерін басып, ЖСН енгізу арқылы сайлау учаскесінің нөмірін, орталығы мен мекенжайын білуге болады екен. Одан бөлек 109 нөмірі арқылы iKomek бірыңғай байланыс орталығына хабарласып білуге болады. iKomek-тің әлеуметтік желідегі парақшаларына да хабарласу мүмкіндігі бар. Сайлаушылар Smart Astana мобильді қосымшасы арқылы да керек ақпаратты ала алады. Өзіңнің сайлау учаскеңді @smartastana_bot Телеграм чат-боты арқылы да білуге болады екен.

«ЖСН, тегі, аты, әкесінің аты және туған күні немесе сайлаушы тіркелген объектінің (көше, үй) мекенжайын көрсету арқылы сайлау учаскесі туралы онлайн режимде ақпарат алуға мүмкіндік бар. Бұл қызмет учаскенің нөмірі, мекенжайы, байланыс телефондарын көрсетіп береді. Әзірге сайлау учаскелеріндегі телефон нөмірлері бекітілген жоқ, олар дайын болғаннан кейін қосылады. Сондай-ақ сайлау учаскесінің орналасқан жерін картадан көрсетеді», деді А.Таксимов.

Сонымен қатар сайлау учаскелеріне жақын орналасқан аялдамалар мен қызмет көрсететін маршруттардың нөмірлері туралы ақпарат жақында қолжетімді болады екен.

Тура осы секілді Алматы тұрғындары да қай сайлау учаскесіне тіркелгенін оңай анықтай алады. Сайлаушылар үшін ашылған service.almaty.kz сайтында ЖСН енгізу арқылы жылдам өзің дауыс беретін учаскені тауып аласың. Болмаса Телеграм әлеуметтік желісінде қосылған арнайы @sailau_almaty ботын қолдануға болады. Алматы қаласының әкімдігі сондай-ақ шаһар сайлаушыларына арнап байланыс орталығын іске қосқан. Бірыңғай 221-10-01 нөміріне хабарласып, сайлау учаскесіне және сайлауға, дауыс беру күніне қатысты кез келген сұраққа жауап алуға болады. Байланыс орталығы күн сайын сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді.

Азаматтың нақты бір сайлау учаскесінде сайлаушылар тізіміне енуі оның сол аумақта тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеуде тұруына байланысты екені белгілі. Ал тұрақты тіркеусіз дауыс берудің екі жолы бар.

Сайлаушы бір ай бұрын, яғни 10 желтоқсанға дейін өзі дауыс бергісі келетін аудандық әкімдікке жазбаша өтініш білдіруі керек. Өтініште сайлау учаскесінің нөмірі көрсетілуі керек. Осы құжат негізінде аудандық әкімдік сайлаушыны өзі қалаған учаскенің тізіміне енгізіп, тіркеудегі тізімнен шығарады. Ал дауыс беру күні қандай да жағдаймен басқа қалада болатын сайлаушылар үшін де оңай жол бар. Ол үшін өзі тіркелген сайлау учаскесінен есептен шығу туралы талон алуы шарт. Бұл құжат 26 желтоқсаннан бастап дауыс беруге бір күн қалғанға дейін, яғни 9 қаңтар кешкі 18.00-ге дейін беріледі. Осы талонмен сайлаушы өзі тіркелген аймақтан басқа еліміздің кез келген өңірінде дауыс беруге мүмкіндік алады.

Осылайша ел азаматтары тұрғылықты мекенжайы бойынша ғана емес, сыртта жүріп те дауыс бере алады. Ол үшін жоғарыда айтылған тәсілдердің біреуін орындаса болғаны. Орталық сайлау комиссиясы Парламент Мәжілісінің және мәслихат депутаттарының кезекті сайлауы қарсаңында жолдаған үндеуінде халықты сайлау құқығын пайдаланып, белсенді дауыс беруге шақырды.

Дәуірден озған дара тұлға

Уақыт өткен сайын дәуірден озатын дара тұлғалар, заман жаңарған сайын жаңғыра түсетін жасампаз істер болады. Көреген көшбасшы, саңлақ саясаткер, білікті реформатор, тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы айтқанда осындай ой санаңа еріксіз оралады.

Қазақстан өзінің тұтас бір жаңа дәуірін Елбасы есімімен байланыстырды. Бұл ретте заман иығына артқан тарихи миссияны Тұңғыш Президенттің зор мәртебе, үлкен абыроймен атқарғанын бүгінгі күннің өзі-ақ айқындап отыр. «Жолды іздемеу керек, жолды салу керек» деген тәмсіл расында Елбасыдай қайсар қайраткерге, жігерлі жолбасшыға қарата айтылса керек. Ғасыр тоғысар тұста экономика тұралап, халық тарығып, тоқырау дендеген сын сағатта көреген көшбасшы елдің етек-жеңін жинап, еңсесін тіктеп, іргесін бекітіп, мемлекеттілікті қалыптастыруды жедел қолға алды.

Ол кезде мен Алматыдағы бұрынғы Ленин, кейінгі Жетісу ауданын басқардым. Елге жалақы мен зейнетақының өзін уақытында төлеу мұң болған шақ еді. Сол кездерде Елбасы күн-түн демей келелі кеңестер өткізіп, тығырықтан шығудың, тұрмыс қажытқан халықтың жағдайын түзеудің жолдарын іздеп, реформаларға батыл кірісті. Халықпен арнайы жүзбе-жүз кездесіп, қиындықтардың уақытша екеніне, сәл шыдамдылық танытсақ бақуатты күндерге де жететінімізге сендіріп, басалқы айтып, көптің көңіліне үміт ұялатқаны күні бүгінгідей есімде. Сол уәде ақиқатқа айналды және ол ақиқатқа бір-ақ күнде айнала қалған жоқ, төгілген маңдай термен, өлшеусіз еңбекпен келді. Сол жылдарда Нұрсұлтан Әбішұлы Алматы қаласы аудандарының әкімдерін жұмыс кабинетінде қабылдап, халықтың жағдайын, кәсіпорындардың аяқ алысын сұрап білетін. 8 мың жұмысшысы бар Киров зауыты мен басшылық еткен Ленин ауданында орналасқан. Президент сол кәсіпорынның хал-ахуалын ерекше назарға алып, барынша қолдау көрсетті. Сол шақта мен қатарлас біраз әріптестерім аудан басшылығында істеді. Елбасы бізді жас деп қорашсынбай, ой-пікірімізді сұрап, келелі мәселелерді бірге талқылап, бізге үлкен жауапкершілік жүктеді. Тапсырманы тыңғылықты орындаған әкімдердің ісін кейінгі бір жиындарда тілге тиек етіп, алғыс айтатын. Біз Мемлекет басшысы үшін істің ұсақ-түйегі болмайтынын, берілген әр тапсырманың үнемі назарда екенін сәт сайын ұғынатынбыз.

Елбасы Қазақстанның ұзақ мерзімдік даму жоспарын асқан дәлдікпен айқындап, елдің барлық әлеуетін стратегиялық мақсаттарға жұмылдырды. Нұрсұлтан Әбішұлының жаңашыл ойы, батыл бастамалары, жасампаз ісі жас тәуелсіз мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық іргетасын нығайтуға, елдегі демократиялық үдерістерді дамытуға, халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталды. Экономикалық, саяси, әкімшілік реформалар қарқынды және тиімді жүргізіліп, қоғамның жаңа сатыға аяқ басуына үлкен негіз болды. Қазақстан сыртқы саясатта жан-жағымен жарастығын, ішкі мәселелерде бірліктің бекемдігін танытты. Соның нәтижесінде жас мемлекет өзге елдер санасатын, әлемдік қауымдастықта өз орны бар көшелі елге айналды.

Ежелгі дәуір философы Демокрит «Мемлекет басқару – өнер атаулының төресі» десе, Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз қоғамның ізгі, мемлекеттің бақытты болуының басты кілті бірінші басшының қолында деген екен. Ғасырға татитын отыз жылдық межеде Елбасы өзінің ел мүддесі жолындағы арманы асыл, мақсаты заңғар, бастамалары баянды екенін көрсетті. Ер халқына арқа сүйеді. Халық та Еріне сенді. Сол сенім көптің мерейін асырып, ерлікке, еңбекке бастады, елдікке жеткізді. Қазақстанның қуатты болуы үшін өңірлердің әлеуетті болуы керектігін көреген көшбасшы үнемі назарда ұстады. Аймақтарға тапсырма беріп қана қоймай, оның орындалуына жанжақты көмек көрсетіп, қолдап отырды.

Алматы облысы – Елбасының туған жері, кіші Отаны. Бұл – облысты басқарып отырған мен үшін, біріншіден, зор мақтаныш болса, екіншіден, үлкен жауапкершілік.

Елдің бүтіндігі, халықтың тыныштығы үшін басын бәйгеге тіккен мақсаткер тұлға кездескен сайын үнемі сөзін ауылдағы жұрттың жағдайын, шаруаның жайын білуден бастайды. 2014 жылы Алматы облысына келген сапарында «Амандық, бұл облыста халықтың басым бөлігі ауылда тұрады, өзі үлкен өңір, аграрлы аймақ. Сен құрылысшысың. Ауыл шаруашылығына көп көңіл бөл», – деді. Облыстың жанжақты дамуына, әсіресе аймақтың төл дақылына айналған қант қызылшасын өсіру мен кешегі Головацкийлер даңқын асырған жүгеріні жайқалту керектігіне ерекше екпін түсірді. Кеңестік кезеңде жүгері өсіру жағынан сол кездегі Югославия көш бастап тұратын. Елбасы бізге қажет болса барып, сол елдің жүгері өсірудегі озық тәжірибесін зерттеп қайтуға да болатынын айтты. «Үлкен-үлкен зауыттар салу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сондықтан шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды назарыңнан шығарма», – дегені де есімде.

Алғашында осы ауқымды жұмыстың бәрін орындай аламын ба деген бойымда қорқыныш болғаны рас. Бірақ «Көз қорқақ, қол батыр» демей ме. Елбасының берген барлық тапсырмаларын негізге ала отырып, өзіме 16 позициядан тұратын бағдарламажоспар жасадым, сол бойынша жұмыс істей бастадық. Ауыл шаруашылығын атакәсібі санайтын аймақта Елбасының берген бағыт-бағдары мен қолдауының арқасында аграрлық саланың тасы өрге домалады. Тұралап қалған зауыттардың тамырына қан жүгіріп, шаруалар қол үзіп қалған кәсіптеріне қайта кірісті. Шағын және орта кәсіпкерлік өріс алып, инвестиция тартылып, кәсіпорындар қатары артты.

Талдықорғанның облыс орталығы ретінде өсіп-өркендеуіне, ондағы құрылыстың қарқынды жүруіне де Тұңғыш Президентіміздің зор қолдауының арқасында қол жеткіздік. Елбасы ел астанасын Арқаға көшіріп, Қазақстанның жаңа елордасының бас сәулетшісі атанса, 2001 жылы Алматы облысының орталығын Талдықорғанға ауыстырғаны да ерекше тарихи шешімдерінің бірі болды. Сол игі бастаманың арқасында бүгінде Алматы облысы Талдықорғанды тірек етіп, гүлденіп дамып келеді.

Өз басым Елбасының үш ерек қасиетіне тәнті болдым. Бірінші, ол кез келген мәселеге кең ауқымда, кеңістік көкжиегінен қарай алады. Екіншісі, кез келген тақырыптың тереңіне бойлап, мәселені жан-жақты зерттеп барып, шешім қабылдайтыны. Ал үшіншісі, алысты көре алатын, келешекті болжай білетін көрегендік қасиеті. Мұндай айрықша қабілеттердің бір адамның бойында тоғысуы өте сирек құбылыс, ол тек феномен тұлғаларға ғана тән деп ойлаймын. Елбасының осы асыл қасиеттерін жастарға үнемі айтып, үлгі етіп отырамын.

Тарихтың таңдауы түскен, халықтың қалауы болған ерен ер Нұрсұлтан Әбішұлымен бір дәуірде өмір сүріп, Елбасының бағыттауымен елге қызмет ете алғанымды бақыт деп санаймын. Жолыққан бір сәтте: «Елдің батасына ие болып жатырсың. Осы қалпыңнан тайма» деген еді. Алматы облысының барлық жетістіктері мен жеңістері, дамуы мен өркендеуі ең алдымен Елбасының тікелей қолдауының арқасында және соны сезінген көптің берекелі еңбегімен келгенін мен үнемі естен шығармаймын.

Тұңғыш Президент мемлекетті басқару міндетін тапсырғанымен, ел мүддесі жолындағы жауапкершілік жүгін әлі де қайыспай көтеріп келеді. Кемеңгер тұлғаның салған сара жолын, дара даңғылын жалғастыру, саликалы саясатын ертеңімізге бағдар ету бізді жарқын болашаққа бастайтын шамшырақ іспетті.

Күллі қазақ даласы сияқты айбынды азаматын талбесік болып тербеткен Жетісу өлкесі де өз ұлына анасындай тілектес, атасындай батагөй, пейілі ерек, ықыласы бөлек. Біздің де тілегіміз ел тілегімен бір! Абыз адам, Аңыз адам ел бағы үшін аман болсын. Тәуелсіз елдің ырысы мен ынтымағы арта берсін!

Амандық БАТАЛОВ,
Алматы облысының
әкімі

Тәуелсіздіктің жеті жетістігі

Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарияланғалы үш жылдан асты.

Одан кейін «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарияланды. Сол кезде өңірдегі «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінде жұмыс істей жүріп, аталған мақалалардың маңызын, ұлттың ұлт ретінде жойылмауы үшін қажетті құндылықтарды сақтау мәселесі туралы насихаттау шараларына қатыстым. Сонда бір байқағаным, қазір көпшіліктің түсінігінде қалыптасқан бір қағида бар. «Бұл маған не береді?» деген түсінік. Демек, қазіргі көзқарас алдымен материалдық қажеттілікке тіреледі.

Ал шындығында материалдық қажеттіліктен жоғары тұратын ұлттық мәселелер бар. Мәселен, ұлттың тілі, салт-дәстүрі секілді рухани құндылықтарды жоғалтып алмай, сақтап қалудың жолы бар ма? Осы орайда Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында рухани жаңғырудың негізгі бағыты мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» деп атап өткен еді.

Еліміз тәуелсіздігін алғанға дейінгі жағдайымыз қазіргіден мүлдем аянышты еді. Жер-жерде зауыт-фабрикалардың, кәсіпорындардың жұмысы тоқтап, жалақыны, зейнетақы мен жәрдемақыны кешіктіру белең алды. Күнкөріс қамын күйттеген жұрттың ұлттық құндылықтарға көңіл аударуға мұршасы болмады. Сол кезде тәуелсіздігін енді иеленген еліміздің алдында еңсерілмес қаншама сынқатер тұрды? Мемлекет, Үкімет басшылары тұралауға шақ қалған отандық экономиканы өркендету үшін талай күлкісіз күндерді, ұйқысыз түндерді өткізді. Еліміз қалай қалыптасты, қалай еңсе тіктеді? Қандай қиындықтарды еңсерді? Қазір осының бәрі елдің жадында ма? Мұны кейінгі ұрпаққа айтып, насихаттап отырған кім бар?

Осы орайда өскелең ұрпаққа Тұңғыш Президенттің басшылығымен қолға алынған реформалардың жемісті болғанын арқау еткен «Тәуелсіздіктің жеті қыры» фильмдер топтамасының маңызы зор. Өйткені бұл жобаға тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жеті негізгі сынтегеурінді еңсеру жолы сараланған. Ал оларды Елбасы 2019 жылғы 21 маусымда өткен «Көшбасшылыққа 30 жыл» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында сөйлеген сөзінде атаған еді. Ұлт пен тұтастай мемлекеттің табысты болашағы сол сын-тегеурінді еңсеруге байланысты болды. Бұл – нарықтық экономиканың қалыптасуы, мемлекеттік шекараларды айқындау, халықаралық интеграциялық процестер, ұлтаралық келісім, антиядролық бастамалар мен Аралды құтқару, жаңа елорданың құрылысы, транзиттік әлеуетті іске асыру, демографиялық проблемаларды еңсеру. Өйткені Қазақстан – әлемдік қауымдастық үшін әрі бейтаныс, әрі жас мемлекет. Демек, Қазақстанның алдында сын-қатерлер жеткілікті болатын. Соның бәрі Тұңғыш Президент іске асырған реформалардың нәтижесінде тәуелсіздіктің басты жеті жетістігіне айналғаны даусыз. Сөйтіп қазақстандық даму моделінің бірегейлігі айқындалды.

Отыз жыл бұрын қаз басып, қалыптасқан, қазір әлемдік өркениетте өзіндік орны бар еліміздің жетістігі туралы фильмдер топтамасының маңызы зор. Енді мұны тек мұғалімдер, тарихшылар, зейнет жасына жақындаған буынның өкілдері ғана емес, қоғамның барлық мүшесі көргенін қалар едім. Әсіресе жастар арасында насихаттау қажет. Себебі осы фильмді көре отырып, олардың ел мен жерге, ұлт пен ана тіліне деген құрметі арта төсер еді деген үміт бар. Фильмде тарихи тамыры тереңнен тартылған жеті бөлім – тәуелсіздік бастауындағы жеті жетістігіміз.

Орынтай БИМАНОВА,
тарихшы

Атырау облысы

P.S. *Тұңғыш Президент күні қарсаңында еліміздің білім беру мекемелерінде «Тәуелсіздіктің жеті қыры» деректі фильмдер топтамасы көрсетіле бастады. Олардың негізінде сынып сағаттары, ашық сабақтар, дөңгелек үстелдер, пікірталастар және кураторлық сабақтар өткізіледі. 2,8 миллионнан астам мектеп оқушысын және жоғары оқу орындары мен колледждердің 700 мыңнан астам студентін қамту жоспарлануда. Сонымен қатар іс-шаралар онлайн режімде де өтеді.*

Елбасы дәрісханасы ашылды

Құқық қорғау органдары үшін мамандар даярлайтын Қостанай академиясында Тұңғыш Президент күні мерекесі қарсаңында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атындағы аудитория залы ашылды.

Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Білім ордасының ұжымы Тұңғыш Президент дәрісханасының академия қабырғасында ашылуы заңдылық әрі ұстаздар мен курсанттар үшін үлкен мәртебе деп біледі. Себебі жоғары оқу орнының құрылуы мен қалыптасып, дамуы Елбасы есімімен тығыз байланысты.

Қостанай академиясы – тәуелсіздік тарихында Тұңғыш Президент арнайы табалдырығын аттаған Ішкі істер министрлігінің бірден-бір оқу орны. 1997 жылдың 1 наурызында Ішкі істер министрлігінің Қостанай жоғары мектебіне Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген оқу орнының туы тапсырылса, осы жылдың 16 шілдесінде Мемлекет басшысы Қостанайға жұмыс сапары барысында аталған білім ордасына арнайы ат басын бұрып, оқу ордасы ұжымының жұмысымен танысты.

– Оқу орнының жұмысын жоғары бағалаған Президент құрметті қонақтар кітабына: «Қостанайдағы тұңғыш Жоғары милиция мектебіне, оның шәкірттеріне Отанына адал қызмет етуін тілеймін» деген тарихи жазба қалдырды. Бұл өз кезегінде, алға қойылған міндеттерді атқаруға соны серпін, тың тыныс сыйлады. Міне, осы себепті де, академия базасында ашылған аудиторияның маңызы біз үшін ерекше және әрқайсымыз ол кісіге қарап бой түзеп, өнеге алуымыз керек, – дейді академия курсанттары.

Жаңа дәрісхананың төріндегі сөреге Тұңғыш Президенттің әр жылдары жарық көрген еңбектері қойылған. Оның ішінде Елбасының балалық шағынан бастап, кемеңгерлік жылдарын тұтас қамтитын өмір жолы мен тарихи естеліктері, Ұлы даланың бірнеше мыңжылдық тарихынан сыр шертетін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шыққан құнды кітаптар бар.

Заманауи технологиямен жабдықталған Елбасы дәрісханасында курсанттар мен тыңдаушыларға арналған ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен семинарлар өткізілетін болады.

Қостанай облысы

Жан-жақты тәжірибе алмасу маңызды

Нұр-Сұлтанда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 30-жылдық мерекесі аясында мүфтияттың ұйымдастыруымен «Бейбітшілік пен рухани келісімді сақтаудағы діни мекемелердің рөлі» атты Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференция өтті.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Бақытжан Ертаев, Діни басқарманың имамдары, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан, Моңғолия мемлекеттерінің бас мүфтилері, елдің ғылыми қоғамдастық өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Халықаралық конференцияның мақсаты – ғаламдық ақпаттарға қарсы тұруға және бейбітшілік пен рухани келісімді қамтамасыз етуге үлкен үлес қосатын діни институттардың беделі мен рөлін арттыру.

Конференция барысында министр Аида Балаева Қазақстан, Ресей, Орталық Азия елдері мен Түркияның діни мекемелерімен бірлесе отырып, деструктивті діни ағымдарға қарсы насихат жұмыстарында және діни-теологиялық білім беру саласында жан-жақты тәжірибе алмасуды, сондай-ақ бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұсынды.

Сонымен бірге А.Балаева діни институттар қоғамдағы түрлі мәселелердің алдын алу үшін зиялы қауым өкілдерінің, ғылыми қауымдастықтың, жастар аудиториясының, еріктілер қоғамының әлеуетін толық пайдалану қажет екенін айтты.

Аида Балаева шараға қатысушылар мен қонақтарға сәттілік тілеп, Діни басқарманың 30-жылдығы аясында өткізілген халықаралық конференция қоғамдағы діни мекемелердің ұйымдастырушылық және тәрбиелік қызметіне жаңа серпін беретіндігін атап өтті.

«Егемен-ақпарат»

Форум аясында өзекті мәселелер қозғалды

Мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ арасында өзара тиімді ынтымақтастық орнатуға ұйытқы ретінде танылған IX Азаматтық форум аясында бірқатар талқылау алаңы ұйымдастырылып, министрлер мен белсенділер сұхбаттасты.

Светлана ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Қайрат Жұмағұлов «Коммерциялық емес ұйымдарға салық салу» тақырыбында сөз сөйледі. Кездесу барысында коммерциялық емес ұйымдарға салық салудың тәртібі мен талаптары тұрғысында айтылды.

«Коммерциялық емес ұйымдар қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, корпоративтік табыс салығы салынбайтын бірқатар кіріс қарастырылған. Мұндай босатылған кірістерге кіру және мүшелік жарналар, ақысыз алынған кез келген мүлік, соның ішінде гранттар, демеушілік немесе қайырымдылық көмек түрінде, сондай-ақ бірқатар басқа кірістер кіреді.

Коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген санаттары әлеуметтік салада жұмыс істейтін ұйымдарға берілген жеңілдік ережелерін қолдана алады. Егер әлеуметтік саладағы қызметтен алынған кірістер жылдық жиынтық кірістің кемінде 90 пайызын құраса, онда салық төлеушілер корпоративті табыс салығын есептелген мөлшерде толығымен кеміте алады. Салық салудың бұл тәртібі медициналық қызмет, білім беру, ғылым, мәдениет және басқа да осыған ұқсас әлеуметтік бағыттағы салаларға қолданылады. Автономды білім беру ұйымдары да кейбір ерекшеліктерімен корпоративті табыс салығынан босатылды», деп атап өтті Қ.Жұмағұлов.

Министрліктің ақпаратына қарағанда, былтыр КТС декларацияларын 21 748 коммерциялық емес ұйым ұсынса, олардың жалпы кірісі 516,6 млрд теңгені құрады. Салық салынатын табыс 36,1 млрд теңге мөлшерінде айқындалып, 9,1 млрд теңге мөлшерінде КТС төлеуден босатылған.

Одан әрі Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою күресінің халықаралық күніне орайластырылған «Азаматтық қоғам зорлық-зомбылыққа қарсы» тақырыбында диалог өтті.

Іс-шараға Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Э.Әзімова, Парламент Мәжілісінің депутаты И.Смирнова, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы Л.Рамазанова, Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі А.Оралов, құқық қорғаушылар, ҮЕҰ басшылары, мемлекеттік органдардың өкілдері, мектептердің белсенді оқушылары қатысты.

«Отбасы – қоғамның негізі. Бүгінгі кездесу әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселелерін шешу бойынша дұрыс тәсілдерді әзірлеу үшін ерекше маңызды», деді Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Б.Нұрғазиева ашылу салтанатында.

Іс-шараның модераторы Л.Рамазанова ресми статистикаға сүйеніп, биыл 9 айда қылмыстық құқықбұзушылықтар саны 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 34,4%-ға азайғанын, алайда отбасылық-тұрмыстық құқықбұзушылықтар саны 2,5 есеге өскенін атап өтті.

ІІМ Әкімшілік полиция комитеті Ювеналды полиция және әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау басқармасының бастығы А.Оспанов атап өткендей, «Ең көп зорлық-зомбылық мас күйде жасалады, ал агрессорлардың 80%-ы жұмыссыз. Зардап шеккендердің 45 пайызы әйелдер, 30 пайызы кәмелетке толмағандар. Биыл тұрмыстық құқықбұзушылықтың өсуі көбіне пандемия жағдайында халықтың оқшауланауына байланысты болды. Жыл басынан бері дағдарыс орталықтарына 9 мыңға жуық жәбірленуші әйел жүгінген».

Диалог алаңының қорытындысы бойынша қатысушылар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуды күшейту, ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру жөніндегі шараларды іске асыру туралы ұсыныстар берді.

Алты елдің ынтымақтастығы

Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді бастаған қазақстандық делегация «Орталық Азия – Корея Республикасы» ынтымақтастық форумының 13-отырысына қатысты. Іс-шараға сыртқы істер министрлері – Корея Республикасынан Кан Гён Хва, Тәжікстаннан Сироджиддин Мухриддин, Түрікменстаннан Рашид Мередов, Өзбекстаннан Абдулазиз Камилов және Қырғызстаннан Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Нұрлан Ниязалиев қатысты.

СІМ басшылары денсаулық сақтау, қашықтан білім беру, стандарттау және қоршаған орта салаларындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Денсаулық сақтау саласында делегациялар арасында COVID-19 пандемиясымен күрестегі тиімді өзара іс-қимылға, оның өңір экономикасы үшін теріс салдарын еңсеруге және сыртқы экономикалық қызметті жандандыруға қатысты пікір алысты.

Тараптар қашықтан білім беру, оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру, келушілерге мониторинг жүргізу және білім бөлімдерін жүргізу мәселелерін қозғады. Мотивацияның мазмұны мен жүйесіне ерекше назар аударылды. Отырысқа қатысушылар цифрлы технологияларды қолдана отырып, білім беру бағдарламаларын іске асыру тәжірибесімен алмасуға келісті.

Техникалық стандарттау саласында делегация басшылары саудадағы техникалық кедергілерді жою, өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ Орталық Азия елдері мен Корея Республикасының ұлттық стандарттарын талқылады.

Форумға қатысушылар «жасыл» экономикаға, қоршаған орта мен табиғи ресурстарға жүктемені азайту жолында терең жүйелі өзгерістер жасау қажеттілігі туралы ортақ пікірге келді.

Орталық Азия экономикасын жаңғырту аспектісінде Корея Республикасының экономикалық және технологиялық әлеуеті қызығушылық тудырады. Біздің елдеріміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайына залалды азайту мақсатында форумның күш-жігерін сауда-экономикалық өзара іс-қимылды қалпына келтіруге бағыттау туралы шешім қабылданды. Қатысушылар көпжақты өзара іс-қимылдың стратегиялық маңызды бағыттарына назар аударуға ниетті.

Форум аясында онлайн форматта Орталық Азия елдерінің Сауда-өнеркәсіп палаталары мен Корей сауда жөніндегі халықаралық қауымдастығының (KITA) қатысуымен Іскерлік кеңестің бірінші отырысы өтуде.

Жалпы, Орталық Азия мемлекеттері мен Корея Республикасы арасындағы көпжоспарлы ынтымақтастықты өзара құрмет пен пайда негізінде жандандыру өңірдің ортақ мүдделеріне жауап береді және орнықты дамудың маңызды факторы болады. Форум қорытындысы бойынша Орталық Азия мен Корея Республикасы Сыртқы істер министрлерінің Бірлескен мәлімдемесі қабылданды.

«Егемен-ақпарат»

Ұлылықты ұлықтау – парызымыз

Елордалық Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен Достық үйінде тұсауы кесілген «Мәміле» қазақ тілі пікір алмасу клубының кезекті сабағы өткізілді.

Сабақтың мақсаты – тыңдаушыларға қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің маңыздылығын жан-жақты ашып көрсету, адами қарым-қатынас рөлінің ерекшелігіне маңыз беру, әдептілікті дәріптеу, бата, тілекті насихаттау. Сабаққа елорда этномәдени бірлестіктерінің өкілдері және тілді меңгеруге ниет білдірген еріктілер қатысты.

Мемлекеттік тілді меңгеруге баса мән берген елорда этномәдени бірлестіктері өкілдеріне, еріктілерге бұл жолы оқытушы Сағым Естемісова ежелден келе жатқан құндылықтарымыз туралы толымды мәліметтер айтып берді.

Сабақ сәтінде тақырыпты терең ашу үшін арнайы интерактивті тақта мен бейнекөрініс арқылы құнды деректер тыңдаушыларға таныстырылды. «Ұлт дегеніміз – белгілі бір аймақта тарихи қалыптасқан адамдар тобының әлеуметтік-этностық бірлестігі. Қазақ ұлты сонау ғасырлар тереңінен, ру-тайпалық дәрежеден бастап, XIV-XV ғасырларда тұтас халықтық дәрежеге жеткенше талай салт-дәстүрлерді басынан өткізді. «Дәстүрдің озығы бар, дәурені өткен тозығы бар» дегендей, бізге жеткен тәрбиелік мәні зор бүгінгі ұлттық салт-дәстүрлер халқымыздың ең қымбат қазынасы», деді С.Естемісова.

Бата беру, тілек және арнау айту – ұлттық дәстүрлерімізді ұлықтайтын жаһұттарымыз ретінде саналады. Осы құндылықтарға жеке-дара тоқталған оқытушы әрбір сөздің маңызы бар екенін жеткізді. Сонымен бірге жүрекке жылы әсер ететін құндылықтардың жас ұрпақты отансүйгіштікке, тарихи дүниелерді қадірлей білуге, адамгершілікті ұлықтай білуге үндейтінін айтты. Оқытушы тыңдаушыларға тапсырма беру арқылы сабақтың маңызын пысықтап, олардың ұлттық құндылықтарды жетік білулеріне ерекше мән берді.

«Егемен-ақпарат»

Небраска назарында – Қазақстан

Global AgConnect ірі онлайн іс-шарасы барысында агроөнеркәсіптік кешен саласындағы өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды. Іс-шараны Небраска штатының (АҚШ) Экономикалық даму департаменті және Valley Irrigation компаниясы ұйымдастырды.

Кездесуге Valley Irrigation, Tyson Foods, Kusto Group, Global Beef Consultants және тағы басқа бірқатар ірі американдық компанияның өкілдері қатысты.

«Қазақстан – назарда» сессиясы аясында Қазақстан Республикасының АҚШ-тағы елшісі Ержан Қазыханов құттықтау сөз сөйледі. Спикер форумға қатысушыларға табыс тілеп, Небраска штаты мен Қазақстан арасындағы қарқынды дамып келе жатқан байланыстардың одан әрі дамуына және екі ел арасындағы екіжақты өзара тиімді қарым-қатынастардың одан әрі жақсаратынына сенім білдірді.

«KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ-ның АҚШ-тағы шетелдік өкілі Ғалымжан Матаев өз сөзінде агроөнеркәсіптік кешен саласында инвестициялау үшін инвестициялық мүмкіндіктер мен перспективалық жобаларды таныстырды.

«Біз үшін басымдық ауыл шаруашылығы шикізатын: ет пен сүтті, картопты, қант қызылшасын, майлы дақылдарды, жемістерді, көкөністерді қайта өңдеуге шетелдік инвесторларды тарту болып табылады. Қайта өңдеу секторынан басқа, Қазақстан жылыжай шаруашылығын дамытуда үлкен әлеуетке ие. Бұл экспорттық бағыт ретінде де, маусымнан тыс уақытта халықтың ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру тұрғысынан да қызықты. Инвесторларды таргеттеу кезінде, бірінші кезекте, біз өндірістің технологиялылығына және кластерлік даму перспективасына назар аударамыз. Ірі компанияларды тарту-бұл тікелей шетелдік инвестицияларды тарту ғана емес, сонымен қатар технологиялар мен басқарушылық тәжірибе трансфері, еңбек өнімділігінің өсуі, шетелдік нарықтарға шығу және қосылған құнның жаһандық тізбегіне ену», – деп атап өтті Ғ.Матаев.

Өз кезегінде, Tyson Foods және Kusto Group компанияларының өкілдері қазақстандық АӨК секторының даму мүмкіндіктері мен перспективалары туралы айтып, Қазақстандағы жеке жұмыс тәжірибесімен бөлісті. Олардың айтуынша, Қазақстан агроөнеркәсіптік секторды дамыту үшін үлкен әлеуетке ие, оның ішінде мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, ирригация және тағы басқа салаларда бизнес жүргізу үшін үлкен мүмкіндіктер бар.

Іс-шара қорытындысы бойынша қатысушылар аталған форум екі елдің бизнес өкілдері арасындағы өзара тиімді екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі нығайтуға және дамытуға ықпал ететініне сенім білдірді.

«Егемен-ақпарат»

Зейнетақымен қамсыздандыру жұмыстары зерделенді

Мұрат Бақтияруұлының төрағалық етуімен өткен Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысында «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасы қаралды.

Келісім ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағында қызметкерлерге зейнетақы жарналарын төлеуде де, зейнетақы тағайындау мен төлемі барысында да жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтарымен тең құқықтарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Келісім күшіне енгеннен кейін біздің азаматтарымыз ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумақтарында еңбек еткен кездегі зейнетақы құқықтарын қалыптастыруға, сақтауға және іске асыруға толық құқылы болады», деді комитет төрағасы Мұрат Бақтияруұлы.

Келісімді ратификациялау ЕАЭО аясында еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын орнықты дамыту үшін жағдай жасайды және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағында еңбекшілердің әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға ықпал ететін болады.

Құжат палатаның қарауына берілді, деп хабарлады Сенаттың баспасөз қызметі.

«Әлеуметтік кодекс» жобасының тұжырымдамасы талқыланды

Сенат депутаттары Нариман Төреғалиев пен Динар Нөкетаева палата жанынан құрылған Жас сарапшылар клубының мүшелерімен кездесті. Онда Қазақстан Республикасының жаңа әлеуметтік кодексінің тұжырымдамасы кеңінен талқыланды.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қазір «Әлеуметтік кодекстің» жобасы әзірленіп жатыр. Заң жобасын дайындау кезінде біз сарапшылардың пікірін ескеруіміз керек. Сондай-ақ әлеуметтік саясаттың барлық мәселелерін егжей-тегжейлі қарастырып, нормативтік құқықтық актілерді бір кодексте жүйелеу қажет. Бұл, ең алдымен, азаматтарымыз үшін қолайлы», деді Нариман Төреғалиев.

Депутаттар мен сарапшылар «Әлеуметтік кодексте» зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік көмек пен сақтандыру, әлеуметтік кепілдіктерді, сондай-ақ минималды әлеуметтік стандарттар мен әлеуметтік тәуекелдерді басқару және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы қоғамдық қатынастардың кең спектрі қамтылуы керек деп есептейді.

«Бұл құжат ең төменгі жалақы, күнкөріс минимумі, кедейлік шегі енетін, оларды қалыптастыру тетіктері айқын және халыққа түсінікті болатын әлеуметтік стандарттарға негізделуі керек», дейді экономист Асқар Қысықов.

Сонымен қатар Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының өкілдері «Әлеуметтік кодексте» қазақстандықтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бала құқықтарын қорғаудың шаралары белгіленіп, қайырымдылық, еріктілер және әлеуметтік кәсіпкерлік мәселелері ескерілуі керек деген пікір қосты, деп хабарлады Парламент Сенатының баспасөз қызметі.

САРАПТАМА

Экономика адам факторына тәуелді

екенін ұмытпау керек

(Соңы. Басы 1-бетте)

Екіншіден, әлемдік экономиканың өсуі бойынша халықаралық қаржы ұйымдарының жаңартылған болжамдары бар. Коронавирус пандемиясы аясында 2020 жылы әлемдік экономика 5 пайызға төмендеп, 2021 жылы 4,9 пайызға өседі деген үміт бар. Үшіншіден, әлемдік тауар нарықтарындағы үрдістер. Халықаралық қаржы ұйымдарының мұнай бағасы бойынша консенсус бағалауы 2021 жылы барреліне – 45 доллар, 2022 жылы 55 доллар болады деген болжам бар.

– Консервативті тәсілді ескере отырып, бюджеттік жоспарлау үшін негіз ретінде базалық сценарий пайдаланылды. Базалық сценарийде ІЖӨ-нің орташа жылдық өсімі 4 пайызды құрайды. Базалық сценарий 2021 жылы 2,8 пайыз деңгейінде болжанып отыр. 2025 жылы ол 4,6 пайызға жетуге тиіс. Номинал ІЖӨ 2021 жылы – 76,7 трлн теңгені, ал 2025 жылы – 104,8 трлн теңгені құрайды, – дейді министр Р.Дәленов.

Күрес әлі аяқталған жоқ

Жаһандық сарапшылардың дерегі бойынша 2,5-3,5 пайыздық ІЖӨ өсімі көрсеткіші қауіпті аймақ саналады. Оның қарқыны аталған көрсеткіштен төмендесе, жаһандық рецессияның соңы теріс нәтижеге алып келеді. Дәстүрлі ресми немесе институционал болжам негізінде Халықаралық валюта қоры әлемдегі ІЖӨ-нің жылдық өсімі 2020 жылы 3,3 пайыз, 2021 жылы 3,4 пайызға жетеді деп жорамалдаған болатын. Пандемияның әлсіреуі үшінші тоқсанның соңы мен төртінші тоқсандағы экономикалық белсенділік деңгейі карантинге дейінгі кезеңнің көрсеткішіне жетіп қалуы мүмкін деген де болжам бар. Бірақ бұл болжам ғана. Әлі күрес аяқталған жоқ.

Коронавирустық пандемия әлемдік экономикаға 35 трлн АҚШ доллары көлемінде шығын әкелуі мүмкін. 2025 жылға қарай пандемияның әсері әлемдік экономикаға шамамен 35 триллион доллар шығын әкелуі мүмкін деп хабарлады Bloomberg сарапшылардың пікіріне сүйеніп. Экономистер көптеген ел пандемия басталған кезде қабылдаған қолдау шараларынан тым ерте бас тартып жатқанына алаңдай бастады.

Биыл COVID-19 пандемиясы бүкіл әлемдегі қауымдастықтар мен экономикаға орасан зор зиян тигізді. Алғашқы жартыжылдықтың өзінде ол тарихтағы ең қымбат вирус екені белгілі болды. Сан-Францискодағы МакКинси Глобал институтының серіктесі Яана Ремес пандемия адамзаттың денсаулығына әсер еткенін, әлемдік ІЖӨ-нің тағдыры адамзаттың қолында екенін айтыпты. Дүниежүзілік экономика қазіргі уақытта дағдарыстың шыңында тұр, бірақ алда жаңа қауіптер болуы да әбден мүмкін. Ең негізгі қауіптің бірі күзгі, қысқы мезгілде күшейу мүмкіндігі жоғары екінші толқынның беталысына байланысты екен. Сол себепті біраз елдер, соның ішінде Франция мен Германия қолдау бағдарламаларын ұзартты.

Қазақстан да коронавирус пандемиясымен күресе отырып, ұлттық экономиканы қалпына келтірудің күрделі кезеңіне өтті. Егер карантинге қатысты қатаң шектеулер дәл сол схемаға сәйкес енгізілсе, онда қалыпты экономикалық өмірге оралудың ортақ рецепті жоқ екендігі анық. Сонымен қатар коронавирустың беті қайтпағанын, бір тырнағы бүгулі екенін көріп отырмыз. Сондықтан сарапшылар бізге коронавирустың қатерлі Сцилласы мен экономикалық дағдарыстың Харибдасының арасынан жол таба білу керектігін ескерте бастады.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев айтып өткендей, ұлттық экономиканы алға жүргізудің пайдаланып үлгермеген мүмкіндігінен үміттеніп отырмыз. Енді экономиканы, нарықты тұрақтандырудың алғашқы белгілерін консолидациялау керек, себебі осы төртінші тоқсан біздің ел үшін шешуші кезең болғалы тұр. Алғашқы жартыжылдықта ІЖӨ-нің құлдырау деңгейі 1,8 пайыз болды. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2,9 пайыз, көлік және логистика 14,6 пайыз, ішкі саудада – 10,6 пайызға, сыртқы сауда көлемі 6,9 пайызға төмендеді. Халықтың нақты ақшалай кірістері де сыр беріп қалды.

Сарапшы Ерлан Ибрагим мемлекетке бір мезгілде экономиканы қалыпқа келтіру мен ұлттың денсаулығын қорғауды қатар жүргізу қымбатқа түсетінін айтады. Дәл қазір қандай шешімдер қабылдау қажеттігі бәрімізге белгілі. Сарапшылар экономикалық өсім мен тұрақтылықтың қазіргі деңгейін пандемия мен дағдарыстың ызғарынан қорғап қалуға кеңес беріп жатыр. Үкімет пен Ұлттық банк жағдай ушығып кеткен жағдайда бірлескен іс-қимылдар жоспарын дайындауға кіріссе, инвестициялық тартымдылықты сақтап қалу үшін қолданыстағы заңдарға өзгеріс енгізетіні белгілі болды.

Мемлекеттік компаниялардың бюджетке дивиденд төлеуін міндеттеуді заңмен бекіту биылғы жылдың еншісіне бұйырыпты. Сарапшылар ендігі жерде салық преференциялары мен жеңілдіктерін жүйелендіру мен Ұлттық қор трансферін қолдануды реттеу жағына көңіл бөлу қажеттігін айта бастады. Осы мәселелерді жүйелендірсек, банктер экономиканы қаржыландыруға бет бұрады.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтардың өмірі мен денсаулығын қорғаудың ұлттық жоспарын әзірлеуді тапсырып, экономикаға емес, адам факторына басымдық берді. Пандемияның белгісі елге жеткен күннен бастап, шекара жабылып, халық оқшауланды. Мемлекеттік деңгейде қабылданған шешімдердің бәрі халықтың денсаулығын сақтап қалуы үшін қабылданды. Бұл бағыт алдағы уақытта да жалғаса береді деп үміттенемін, –дейді Ерлан Ибрагим.

Әлемдік экономика сал ауруына шалдықты

Франциядағы қазақтар қауымдастығының (ACF) президенті, белгілі экономист Берлин Иришев айтқандай, экономика – тірі ағза, сондықтан оны вирустың соққысынан кейін қалпына келтіру ұзақ уақыт алады. Бұл дағдарысты ұзаққа созылған сал ауруына теңеуге болады.

– Әлемдік экономиканы қалпына келтіру процесі бірнеше жылға созылады және коронавирустың жаңа толқыны туындаған жағдайда, шығындар еселенеді. Осыдан жүз жыл бұрын экономист Кондратьев 50 жылдыққа дейін жалғасатын экономикалық дағдарыстардың ұзақ циклдері болатынын, үлкен құлдыраудың зардабы тез өсуімен өтелмейтінін болжады. Жоғары технологиялар заманында өндірістің өсуі бірнеше есе тезірек болады, бірақ мен экономикадағы қазіргі апаттың салдары 7-10 жыл ішінде сақталуы мүмкін деп ойлаймын, – деді ол.

Сарапшы әлемде күн сайын жұмыссыздар саны қарқынмен өсіп жатқанын, шағын және ірі кәсіпорындар жабылып жатқанын атап өтті. Мысал ретінде, экономист Airbus компаниясының 15000 қызметкерін жұмыстан шығарғанын еске алды. Ұшақтар өндірісі шығынға ұшырады, бірнеше миллиондық келісімшарттар күшін жойды.

– Қоғамдағы әлеуметтік салдарлардың және поляризацияның күшею қаупін ешкім болжай алмайды. Пандемия қашан тоқтайтыны және вирус әлемді экономикалық апаттың тұңғиығына жіберетіні белгісіз, – деді Берлин Иришев.

Б.Иришев «ковид» дағдарысының парадоксы экономикасы мен қызмет көрсету саласы дамыған елдер көбірек соққы мен теріс әсерге ие болатынын да ескертті. Экономика неғұрлым үлкен болса, дағдарыстың салдары соғұрлым ауыр болып, кедейлік деңгейі тереңдей беретін көрінеді. Қарапайым тілмен айтсақ, азық-түлік жиынтық себеті беделді Chanel немесе LV сөмкелеріне қарағанда қымбаттайды. Дағдарыс үшінші әлем елдеріне де әсер етеді, бірақ оның салдары дамыған елдердегідей ауқымды болмайды.

– Франция, Италия және Испания тек туризмнен 200 миллиард еуродан артық шығынға батады. Ал Қазақстанда мұндай жаһандық проблеманы көріп тұрғаным жоқ. Тек шикізатқа бағытталған, ірі өндіріс орны, дамыған қызмет көрсету секторы жоқ. Мұнай бағасы қауіпті деңгейге түсті, ал өндіріс пен экспорт күрт төмендеуі мүмкін, – деді ол.

Сұраныс бар орта керек

Берлин Иришев шағын және орта бизнесті қолдау арқылы агроөнеркәсіптік кешен, ақпараттық технологиялар саласы мен өндіріс салаларына үлкен көңіл бөлу арқылы ғана Қазақстан дағдарыстан шығуы мүмкін дейді. Инновация секторы бізді тығырықтан алып шығады деп көп үміттенудің қажеті жоқ, бірақ жылт еткен мүмкіндікті уыстан шығарып алуға тағы болмайды.

Қазір ақпараттық технология саласында бірнеше компаниясы бар қазақстандық Данияр Ахметов 22 жыл бұрын Алматыдағы Қаныш Сәтбаев атындағы политехникалық университетті бітіріп, Мәскеуге кеткен. Мәскеуден Жапония асқан. Ресейдің Яндекс компаниясының иесі Аркадий Волож Алматыдағы физика-математика мектебінің түлегі. Алматыдағы ҚБТУ-дың түлектеріне, оның ішінде IT магистранттарына Ресейдің «Газпром», «Атомпром» компаниялары үнемі құда түседі. Барымызды бағаласақ, әлеуеті мол мамандардың қабілетін қажетсінетін орта құрылса, елден ешкім кетпейтінін алға тартты Б.Иришев. 1990 жылдары аграрлы ел деңгейінде болған Қытай аз ғана уақыт ішінде дамыған ұшақтар мен зымыран шығарып, 5G-дің тілін тапқан елге айналды. Яғни әлемдік экономикадағы ІЖӨ өсімі адам факторына тәуелді екенін, экономиканы адам көтеретінін ұмытуға болмайды.

Сарапшының пайымынша қазіргідей дағдарыс екі өкпеден қысып тұрған заманда белгісіздіктің тереңдеп кетуіне жол беруге болмайды.

– Географиялық тұрғыдан алғанда, Қазақстан географиялық жағынан қолайлы аймақта отыр. Көршісі 1,5 млрд халқы бар Қытай. Қазақстанды дағдарыстан алып шығатын сала агросектор, азық-түлік секторы болуы мүмкін. Аграрлық секторға күрделі реформа қажет, – деп түйіндеді сарапшы.

Жас экономист, Кембридж университетінің түлегі, даму ғылымдарының PhD докторы Серік Оңалбайұлы «дамушы» елдер өз экономикасы мен қоғамын жедел дамытудың оңтайлы шешімін табуға тырысып жатқанын айтады. Бұл жағдайда дилемма негізінен экономикалық және ұлттық мүдделерін сақтау мен халықаралық институттардың экономиканы ырықтандыру және нарықтарды ашық ету жөніндегі талабын орындау арасында туындайды. Бір қызығы, екі аргумент те орынды.

– Қазір әлемде ортодоксал экономика мектебі деп аталатын экономикалық шекарадағы еркіндікті жақтаушылар басым. Бұл теорияның постулаты көпшілікке таныс деп ойлаймын. Экономиканың ашықтығымен қатар, бұл аргументте дамыған қоғамдық және мемлекеттік институттардың маңыздылығы жиі айтылады, – дейді Серік Оңалбай.

Алайда экономист басқа да пікірлер бар екенін ескертіп өтті. Дамыған, даму жолына түскен мемлекеттердің бәрі бастапқыда отандық өндірушілерді қолдаған, яғни импортқа салынатын бажды көбейткен, экспортқа бағытталған бағдарламаларды алға шығарған, сондай-ақ мемлекет қолдауына ие ауқымды конгломераттар құрған. Бұған Кореяны мысалға келтіреді, бұл елдің халқы ең демократиялық емес үкіметтің басшылығымен керемет нәтижелерге қол жеткізді. Жер көлемі үлкен, халықтың орналасу тығыздығы өте төмен, ауыл халқы басым елде экономикалық дамудың оңтайлы жолына басымдық береді.

– Менің ойымша, бұл мәселеде оңтайлы шешім табу оңай емес. Әрине, ашық экономика мен жалпы қоғамға бағытталған реформалар қажет, бірақ жергілікті жағдайларды ескеру қажеттігі туралы аргументті назарсыз қалдыруға болмайды. Өзімнің ғылыми зерттеулеріме сүйене отырып, модернизация мен реформа жүргізу мәселесінде жергілікті мәдени-тарихи жағдайларды ескеру аса маңызды деген қорытындыға келдім, – дейді Серік Оңалбайұлы. Оның пайымдауынша, көптеген елде жергілікті контекстің сақталмауы реформалардың сәтсіздікке ұшырауына соқтырды. Ал табыспен аяқталған тәжірибелер барысында жергілікті даму факторлары тұтас елдің мәдениетін ғана емес, жеке ауылдың немесе өңірдің айырмашылығын да ескеруі тиіс екені белгілі болды.

АЛМАТЫ

Кәсіпкерлерге қосымша 200 млрд теңге бөлінді

Ұлттық банктің шешімімен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен несиелеу бағдарламасына өзгерістер енгізілді.

Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Атап айтқанда, төтенше жағдай кезінде зардап шеккен ірі кәсіпкерлік субъектілерін және агроөнеркәсіп кешеніндегі кәсіпкерлерді несиелеуге қосымша 200 млрд теңге бөлінді. Бағдарламаны қолдану мерзімі 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін, ал қаржыны игеру мерзімі 2021 жылдың 31 наурызына дейін ұзартылды.

Ұлттық банк қабылдаған өзгерістерді іске асыру және бағдарламамен қамтуды кеңейту мақсатында Ұлттық экономика министрлігі, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, төтенше жағдай уақытында барынша зардап шеккен салаларды анықтау бойынша жұмыс жүргізген. Соның нәтижесінде өндеу өнеркәсібінде және қызмет көрсету саласында зардап шеккен қызмет түрлерінің тізбесі айқындалды. Оны Ұлттық экономика министрлігі 2020 жылғы 18 қарашада Ұлттық банкке бекітуге ұсынды. Ол банк төрағасы мен министрдің бірлескен бұйрығымен бекітілді.

Осылайша, төтенше жағдай енгізілгеннен кейін шығынға ұшыраған және экономиканың зардап шеккен салаларында қызметін жүзеге асыратын ірі кәсіпорындар жеңілдетілген несиелерді алу үшін екінші деңгейлі банктерге өтініш беруі керек. Бұл ретте ірі кәсіпкерлік субъектілеріне лимит белгіленген. Яғни қарыз алушыға 6 млрд теңгеден артық берілмейді. Шағын және орта бизнес субъектілеріне арналған лимит – 3 млрд теңге. Жеке кәсіпкерлік өкілдері алатын сома 50 млн теңгеден артық болмауы керек.

Агроөнеркәсіпті жеңілдікпен несиелеуге бөлінген қосымша 200 млрд теңгенің 100 млрд теңгесіне лимит бөлінді. Оның ішінде 70 млрд теңге екінші деңгейлі банктер арқылы, ал 30 млрд теңге «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы үлестірілуі керек.

Бағдарлама қатысушыларының көбеюіне байланысты оның атауы «Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен несиелеу бағдарламасы» деп өзгергенін де атап өткен жөн. Бағдарлама Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биылғы наурызда қабылданған болатын. Ол төтенше жағдай кезінде зардап шеккен кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған.

Осы жылдың 18 қарашасындағы деректер бойынша екінші деңгейлі банктер 567,4 млрд теңгеге 2 311 өтініш қабылдаған. 1 370 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне 455,3 млрд теңге қарыз берілді. Оның ішінде 101,6 млрд теңге бұрын берілген қарыздарды өтеуден түскен ақша есебінен үлестірілді.

Бөлінген қаражаттың негізгі үлесі сауда саласындағы шағын және орта бизнес субъектілеріне (319 млрд теңге немесе жалпы соманың 70 пайызы), құрылысқа (44,9 млрд теңге немесе 9,9 пайыз), өңдеуші өнеркәсіпке (39,8 млрд теңге немесе 8,7 пайыз) тиесілі.

Қорда қанша қаржы бар?

2020 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында 12,6 трлн теңге жинақталған. Бір жыл ішінде жинақтың жалпы сомасы 20 пайызға немесе 2 трлн теңгеге өскен.

Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Зейнетақы жинақтарының негізгі сомасы міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталатыны белгілі. Оның мөлшері 12,3 трлн теңгеге тең. Жыл басынан бері 17 пайыз өсім тіркелген.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша жинақталған сома – 305,7 млрд теңге. Оның өсімі 24 пайызды құрады. Ал ерікті зейнетақы жарналары 11 пайызға өсіп, 2,16 млрд теңгеге жеткен.

Осы жылдың қаңтар-қазан аралығында салымшылардың жинағына 1,1 трлн теңге таза инвестициялық табыс есептелді. Бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі есе артық.

Қордағы дербес зейнетақы шоттарының саны тура бір жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда 1 млн бірлікке артқан. Өткен жылдың 1 қарашасында дербес зейнетақы шоттарының саны 10,6 млн болса, биыл бұл көрсеткіш 11,7 млн бірлікке тең. Осылайша, бір жыл ішіндегі өсім 11 пайызды құрады.

Шоттардың басым бөлігі міндетті зейнетақы жарналары бойынша ашылған – 10 985 056. Бұл ретте жыл басынан бергі өсім 11 пайызға тең. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған шоттар саны – 523 872. Өсім 3 пайызды құрады. Ерікті зейнетақы жарналарының саны да біртіндеп көбейіп келеді. Қордағы мұндай шоттардың саны қазір 56 953 бірлікке тең. Жыл басынан бері 5 пайызға көбейген.

Жыл басынан бері салымшылардың шоттарына жалпы көлемі 867,05 млрд теңге зейнетақы жарнасы аударылған. Аталған сома 2019 жылдың 10 айындағы көрсеткіштен 67,1 млрд теңгеге немесе 8 пайызға асып түскен. Жарналардың жалпы көлемінің 95,5 пайызы міндетті зейнетақы жарнасы бойынша аударылған. Бұл дегеніміз 827,7 млрд теңге. 38,9 млрд теңгенің аударымы міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша жасалған. Ал 409 млн теңге ерікті зейнетақы жарналары бойынша аударылған.

Қордың төлемдері 155,3 млрд теңгені құрады. Оның басым бөлігі, яғни 33 пайызы немесе 51,7 млрд теңгесі жасы келіп зейнетке шыққандарға берілді. Бұдан бөлек, сақтандыру ұйымдарына 39,5 млрд теңге аударым жасалды. Қазақстан Республикасынан тыс жерге биржола қоныс аударғандарға 31,1 млрд теңге, мұрагерлерге 28,2 млрд теңге, жерлеуге 3,5 млрд теңге берілген. Мүгедектік бойынша 1,3 млрд теңге төлем жүргізілген.

КӨКЕЙКЕСТІ

Жазудың түбін қазу

КСРО-ның кезінде Қарағанды үшінші көмір бассейні атанып, дүбірі жер жарып тұрды. Ол кезде шахтерден асырып жалақы алатын еңбеккер аз болды-ау одақта. Міне, осы көмірдің наркы алтынмен бірдей болып тұрған замандағы кеншілер астанасында сол кездің өлшемімен алғанда небір ғажап құрылыстар бой көтерген. Сондай нысанның бірі ел аузында «Гармошка» атанып кеткен көпқабатты үй еді.

Қайрат ӘБІЛДА,
«Egemen Qazaqstan»

Қарағандының вокзалына жақындап қалғаныңызда сол жағыңызға көз салсаңыз, осы келісті үйді және оның төбесіндегі «Караганде образцовый порядок, высокую культуру» деген әрбір әрпінің өзі кісі бойынан асып кететін жазуды көресіз.

Біраз уақыттың шамасы болды, төбеден төніп тұрған осы жазу Қарағандыдағы қоғам белсенділерінің мазасын алып жүр. Бұдан біраз бұрын олар қаланың бұрынғы әкіміне жиылып барып, көзге шыққан сүйелдей болған әлгі жазудың орнына Әлихан Бөкейханның «Қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!» деген сөзін шегелеу керек деген ұсыныс та айтыпты. Бұл турасында осы істің басы-қасында жүрген заңгер Болат Сыздық әлеуметтік желіде былай деп жазды: «Таңдауға оннан астам нұсқа ұсындық. Аруақ сыйлаған, тұлғаларға тағзым еткен жұртпыз ғой, осы бір нұсқаны таңдағандай болғанбыз».

Жалпы, орыс тіліндегі бұл жазудың бұдан басқа да нұсқалары әлеуметтік желілерде талқыға жиі түсіп жүр. Әркім әртүрлі ұсыныс айтады. Мысалы, «Арқа ақшамы» газетінің редакторы, ақын Жанат Жаңқашұлы Фейсбук парақшасында бұл тақырыпқа арнайы пост жазып, мынадай пікір білдірді: «Мына үйлердің төбесіне «Сарыарқа сап-сары алтын жүзген нұрға» дегенді немесе басқа бір сөздерді қою керек. Қарағандының, жалпы Сарыарқаның наркын, парқын айқындайтындай етіп». Ал қала және облыс әкімдерінің атына хатқа жазып жіберілген нұсқа жоғарыдағы Алаш көсемі айтқан антқа бергісіз сөз.

Қарағандының белсенді азаматтарын да түсінуге болады. Елде өзге ұлт өктемдігінің ызғары қатты сезілген екі қала болса, біреуі осы Қарағанды еді. Мұның шет жағасын студент кезімізде өзіміз де талай көріп, куәсі болғанбыз. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының орта тұсында «Икарус» деген ұзын автобус адамға лық толып тұрғанда, соның ішіндегі саусақпен санарлық жергілікті ұлттың өкілі болушы еді. Міне, сол кезде әлгі жерде қазақша сөйлеп қалсаң, басың бәлеге қалатын: жаныңдағылар көзі шегірейіп міндетті түрде зірк етіп, ескерту жасаушы еді. Қазір соның бәрі көрген түстей өте шықты ғой. Бірақ жүректе шемен қатқан, сызы қалған...

Иә, бүгінгі Қарағандының қордаланып қалған проблемасының бастан асатыны белгілі. Биыл облыс орталығындағы жөндеу жұмыстарына деп бюджеттен «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 26 млрд теңге бөлінген екен. Мұнша мөлшердегі қаражат 146 жобаны жүзеге асыруға арналыпты. Алайда осыншама қаржы жұмсалған жұмыстардың оңды атқарылғанына қала тұрғындарының көңілі толмай отыр. Мұны таяуда өткен аппарат жиынында Қарағандының жаңадан тағайындалған әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та мойындады. «Атқарылған жұмыстың сапасы турасында барлық жерде шағымданып жатыр. Біріншіден, жұмыстардың бітіру мерзімін созып алдық, екіншіден, кіші архитектуралық нысандардың сапасы сын көтермейді: қазірдің өзінде олар сынып жатыр», деп қарамағындағы жауапты шенеуніктерді сынға алған болатын.

Әкімнің «Кіші архитектуралық нысан» деп отырғаны абаттандырылған аулаларда орнатылған ойын алаңдары мен спорттық құралдар, сәкілер, басқа да ұсақ-түйек дүниелер болса керек. Таң қалатын түгі жоқ, әрине сапасыз болған соң сынбағанда қайтсін...

Жалпы, айта берсе әңгіме көп, қаза берсе проблема да шұбатылып шыға береді. Саусақты бүгіп санар болсақ, Қарағандыдағы жолаушылар тасымалы саласындағы жағдай әлі де күрделі күйінде қалып отыр, күл-қоқысты сыртқа шығару ісінде де кемшілік жетіп-артылады. Таяуда қар жауғанда шаһардағы көп жолдардың аршылмай, тазаланбай қалуы да коммуналдық шаруашылық деңгейінің қандай дәрежеде екенінен хабар берді. Ал қаладағы құбырларының сырты дұрыстап қапталмағандықтан, қаншама жылудың далаға кетіп, жергілікті бюджеттің шығынға батып жатқанын кім есептеді десеңізші?! Мұның шығыны кімнің есебінен өтелмек?

Рас, үйдің төбесіндегі жазуды қазақшалап өзгерткеннен өміріміздің өркендеп кетпесі анық. Бірақ ол керек дүние, орнымен қозғалып отырған мәселе. Жоғарыда біз тізбелеп өткен проблемалардың жанында майда-шүйде мәселенің бірі болып көрінуі мүмкін. Десе де...

Қазір жалғыз Қарағанды ғана емес, бүкіл әлем коронавирус лаңының зардабын тартып отыр. Шағын және орта бизнеске шығын дегеніңіз қылбұрауды салып-ақ жатыр. Бұл дегеніңіз, жергілікті бюджеттің қабырғасын қайыстырады деген сөз. Яғни мұндай күрделі жағдайда біз бюджеттің қоржынындағы әрбір тиынды қатаң санап, есебімізге ықтиятты болуымыз керек шығар. Мәселен, қоғам белсенділері айтқандай, көп қабатты үйдің төбесіндегі жазуды өзгертетін болсақ, ол шаруаның өзі едәуір мөлшердегі қаржыны керек етер еді. Ал енді, «Қой да аман, қасқыр да тоқ» болсын дегіміз келсе, абзалы сол жазуды алып тастаған жөн бе деген де ой келеді. Бәленбай жылдан бері дәнекері босап, темірі тоза бастаған әріптерді металл сынықтарын жинайтын бекетке өткізіп, ақшасын бюджетке салса, ол да бір теңізге тамшы қосылғандай шарапатты іс болар ма еді...

Жырға айналған жазу жайындағы пікірін сұрап білгенімізде, Қарағандының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың жауабы қысқа да нұсқа болды: «Аталған үй туралы әңгіме көп. Ретімен аудан да ауысады, көшелер де реттеледі». Бұл жерде қала басшысының аудан деп тұрғанын облыс орталығына қарасты Октябрь ауданы деп түсіндік. «Аузына май» дейміз, әрине.

Рас-ау, аз ғана сабыр қылған керек болып тұр. Күні ертең бұлт артынан жарқырап күн шыққанда, мәселенің бәрі осы жазуға тіреліп тұрған болса, оны да ың-шыңсыз біржақты етіп алатынымыз сөзсіз. Қаласында үлгілі тәртіп, жоғары мәдениет болғанын кім қаламайды дейсіз?!

ҚАРАҒАНДЫ

БОЛАШАҒЫМЫЗ – БІРЛІКТЕ!

Біздің Отанымыз – Қазақстан

Нұр-Сұлтан қаласындағы Т.Айбергенов атындағы №16 мектептің мұғалімі Елизавета Шнайдермен танысқанымызда, оның қазақша мүлтіксіз сөйлегеніне таңырқағанымыз рас.

«Таңданатын ештеңесі жоқ, қазақ даласында туып-өстім. Павлодар облысы, Тереңкөл ауданы, Тегістік ауылында 8-сыныпқа дейін қазақ мектебінде оқыдым. Жоғары сыныптарды Павлодардағы Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында оқып-бітірдім. Алматыдағы Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-ге оқуға түстім. Ұлттық университетті орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп, 25 жылдан бері ұстаздық етіп келемін. Отбасымызда 9 жанбыз. Үйде түгел қазақша сөйлейтінбіз. Себебі қазақша хат танып, сауатымызды аштық. Үйде әкем қазақша, анамыз орысша, әжем немісше сөйлейтін. Ата-анамыз жергілікті жұртпен тонның ішкі бауындай араласып кетті, таза қазақы ауыл болғаннан біз де тілді тез үйреніп кеттік. Үлкен ағам Владимир Шнайдер филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Тұран-Астана» университетінде кафедра меңгерушісі. Қазақ тілін үйренуге, тіл біліміне қатысты біршама еңбектің авторы», дейді Елизавета Александровна.

–Тарихи отандарыңызға оралу туралы ой болмады ма?

– Біздің отанымыз – Қазақстан. Бұл менің әкемнің айтқаны. 1990 жылдары жергілікті немістердің Германияға қоныс аудару үдерісі басталды. Ауылдан, ауданнан тарихи отандарына оралып жатқандары болды. Бізде нақты ондай ой болған жоқ. Оның үстіне ол кезде көп нәрсенің байыбына бармайтын жастау кезіміз. «Әке, ел Германияға кетіп жатыр ғой. Біз де кетейік те», дегенбіз жай ғана әзілдеп. «Менің әке-шешемнің сүйегі осында жатыр. Мен де осында қаламын. Мен де басқа Отан жоқ», деп кесіп айтты әкем. Осы сөзден кейін отбасымызда бұл мәселе қайта қозғалған емес. Анамыз, біраз бауырларымыз әлі күнге Тегістікте отыр, тым құрыса аудан орталығына жылжысаңдаршы деп келтіре алмадық. Ауылға әбден бауыр басқан.

«Зобалаң жылдары ата-бабаларымыз қуғын-сүргінге ұшырап, қазақ жеріне қоныс аударғаны мәлім. Қиын кездерде демеу болып, қолдау көрсеткен ата-бабаларымыз үшін қазақ халқына алғысымыз шексіз. Қазақ еліне, жеріне деген сүйіспеншілігімізді қазақ тілін білу арқылы жеткізе аламыз. Жалпы, әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді білуі керек. Себебі мемлекетті тану – мемлекеттік тілді үйренуден басталады.

1995 жылдан бастап орыс сыныптарына қазақ тілін оқытып келемін. Балалардың қазақ тіліне деген қызығушылығы зор. 4-9 сыныптарда орысша араластырамыз, аударма жұмыстары болады. Ал жоғары сыныпта бірде-бір орыс сөзін араластырмай дәріс өтіп жүрмін. Мектеп бітіргенде балалар өз ойын қазақ тілінде толықтай жеткізе алады», дейді Елизавета ұстаз.

Келесі сұхбаттасымыз да осы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі украин қызы Виктория Визнович. «Мен Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы, Бүркітті ауылында дүниеге келдім. Таза қазақы ортада өстім. Үйде, отбасымызда орыс, қазақ тілдерін қатар қолданамыз. Қазақ мектебінде оқығандықтан, қазақы ортада өскендік те болар, маған ойымды орысша жеткізгеннен қазақша жеткізу оңай. Бала күнімнен ұстаз болуды армандаушы едім. Елордадағы Гуманитарлық колледжді бітірдім, Қарағандыдағы Е.Бөкетов атындағы университетте «қазақ филологиясы» мамандығы бойынша 2-курста оқып жүрмін. Бүгінде міне, елордадағы «...мен марттағы найзағай күркірімін, Құрманғазы күйінің бір тілімін», деп жасындай жарқ етіп жырлап өткен Төлеген ақын атындағы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс беріп, ұстаздық етіп жүрмін. Мамандығымды сүйемін, осындай ғажап мекен Қазақ елінің бір кірпіші болып қалануға, қызмет етуге барымды саламын. Көптеген конференция мен курстарға қатысып, біліктілігімізді көтеріп, латын графикасы негізіндегі жаңа емле ережелерін меңгеріп жатырмыз. Отандастарыма ұлтыңызға, жасыңызға қарамай, мемлекеттік тілді үйенуге талпыныңыз. Себебі қазақ тілі – біздің байтақ Отанымыздың басты байлығы, арқау-арнасы дегім келеді», дейді жас мұғалім Виктория.

Әтіргүл ТӘШІМ,
журналист

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Сақтансаң, сау боласың

Таяуда Жақсы ауданында 200 тонна шөп өртеніп кетті. Бурабай ауданында көп пәтерлі тұрғын үйден өрт шығып, төрт бірдей отбасы далада қалды. Осы оқыс оқиғалардың себебі неде? Жалпы, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу барысындағы талап пен тәртіпті мұқият сақтап отырмыз ба?

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Облыста жыл басынан бері 646 мәрте оқыстан от шығып, жалын шарпып, сумаңдаған өрт тілі талай дүниені жалмап кетті. Жалғыз материалдық игілік қана емес, адам шығыны да бар. Айтпай келген апаттан 3,5 мыңнан астам адам материалдық шығынға душар болды. Ең өкініштісі, есепті кезеңде төтенше оқиғалардан 105 адамның қайтыс болуы – орны толмас қайғы-қасірет. Төтенше жағдайлар департаментінің бөлімшелері азаматтарды апаттан құтқару үшін 1330 мәрте сапарға шыққан.

Орын алған оқиғаларды ақыл таразысына салып екшесеңіз, ең алдымен қауіп-қатері мол қыраулы қыста жолаушылардың күні бұрын жасалған ескертуге қарамастан, жолға шығатындығында. Өткен қыста қар кептелісінде айдалада қалған адам өте көп болды. Өздері де бейнет шекті, өзгені де әуре етті. Негізінде осы оқиғалардың орын алуына кінәлі ескертуді елемейтін адамдардың өздері. Ауа райының бұзылып келе жатқанын көре тұрып тәуекелге бел буып, жолға шығады. Ал тілсіз табиғатпен тайталасу үнемі жеңіспен аяқтала бермейді. Сондықтан ескертуге құлақ асқан да абзал.

Екінші бір жай – өрттің алдын алмау. Жыл басынан бері өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзудың 2490 фактісі анықталып отыр. Егер алдын алу жұмыстары жүргізілмесе, тағы қаншама қайғы-қасірет орын алар еді. Тексеріс нәтижесі бойынша 550-ден астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сөз арасында азаматтық қорғаныс бағыты бойынша 129 адамға айыппұл салынып, 429 адамға ескерту жасалған. Салынған айыппұлдың 4 млн 709 мың теңгесі өндіріліп алынған.

Қызыл тілі сумаңдаған өрт өндірістік және тұрмыстық бағыттағы нысандарды да шарпып тұр. Жыл басынан бері 631 мәрте өрт оқиғасының орын алуы адамдардың әлі де талап пен тәртіпке мойынсұна қоймағанын көрсетеді. Өрттен келген шығын да қомақты, 130 млн теңгенің шамасында. Ең бастысы, 22 адам төтеннен келген оқиғаның кесірінен өмірімен қоштасты, 9 адам жарақат алды. Мамандардың

сараптауына қарағанда, тұрғындар отты пайдаланғанда қауіпсіздік шараларын сақтай бермейді. Тұрмыстық электр аспаптарын пайдалануда да өрт қауіпсіздігі ережесі жиі бұзылады. Сөзімізге дәлел ретінде жыл басынан бері тұрғын үй секторында 448 мәрте өрт оқиғасы орын алғандығын айта кетуіміз керек.

Қылышын сүйретіп қыс келе жатыр. Қыраулы қыста қатерлі оқиғалар көбеюі де әбден мүмкін. Өйткені жекеменшік секторда тұрғын үйлерді жылыту үшін пеш жағылады. Төтенше жағдайлар департаменті бейқамдық салдарынан тұрғындарды өртті пайдалану кезінде 217 рет абайсыздан өрт шығарып алған фактілерін тіркеген. Пеш пен мұржаны пайдалануда өрт қауіпсіздігі ережесі 73 мәрте бұзылыпты. Сондай-ақ электр қондырғыларды монтаждау және техникалық пайдалану ережесі де сақтала бермейді. Осы жылдың қаңтар және ақпан айларында 6 бірдей адам өмірден өтті. Оның ішінде бес оқиғада мастықтың салдарынан төсегінде темекі тартып жатып өрт шығарып алып, орны толмас оқиғаға душар болған. Тұрмыстық электр аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережесі бұзылуының салдарынан үш бірдей адам қайтыс болған.

– Тұрғын үй секторындағы өртті азайту мақсатында департамент жылу беру және жазғы өрт қаупі бар тұста үгіт-насихат жұмыстарын күшейтеді. Карантин шаралары кезінде қауіпсіздік ережелерін таратуға үй-үйді аралап, түсінік жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік болмады. Тек бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде ғана алдын алу жұмыстарын жүргіздік, – дейді облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, азаматтық қорғаныс полковнигі Алексей Советов.

Департамент мамандары 264 мың адамға кеңес берген. Алдағы уақытта осындай кеңестерге құлақ асып, сақтық шараларын сақтаса, қауіп-қатерге жол бермес еді.

Ақмола облысы

Ақмола облысы «қызыл аймақта»

Ақмола облысы коронавирус індетінің таралуы бойынша «қызыл аймаққа» енді. Өңірде эпидемиялық жағдай күрделеніп барады. Соңғы аптадағы індеттің өсім көрсеткіші алдыңғы аптаға қарағанда 1,5 есеге дейін ұлғайды.

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Облыстық тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің басшысы Айнагүл Мусинаның мәлімдеуінше, облыста 4 700-ге жуық адам індетке шалдыққан. Қазіргі уақытта облыс стационарларында 209 науқас осы дерттен емделіп жатыр. Өкінішке қарай, 83 адам індет салдарынан өмірден өткен. Соңғы тәулікте 75 оқиға тіркелсе, оның 42-сі – Көкшетау, 9-ы – Степногор қалаларында, қалғаны – Атбасар, Бурабай, Зеренді, Бұланды, Сандықтау аудандарында. 1 тамыздан бері 506 адам вирустық пневмониямен ауырған. Соңғы тәулікте мұндай 3 оқиға анықталды. Жалпы, бұл – аты жаман ауру Егіндікөлден басқа 18 ауданның бәрінен шығып отыр. Қараша айы басталғаннан бері Көкшетауда – 546, Степногорда – 116, Бурабай ауданында – 80, Зерендіде – 36, қалған аймақтарда 20-ға жуық жұқтырғандар бар.

Мектеп оқушылары арасында 68 жағдай анықталғаны белгілі болып отыр. Індет анықталған сынып оқушылары ұстаздарымен бірге 14 күндік карантинге жіберілген. Балабақшаларда 24 балдырғаннан індет анықталды. Оның 17-сі – Көкшетау қаласында.

– Індеттің бұлай дендеп кетуінің басты себептері – маска тақпау, әлеуметтік ара қашықтықты ескермеу, қоғамдық көліктерде ара қашықтықты сақтамау, отбасылық, көпшілік іс-шаралар, тойлар өткізу. Мониторингтік топтар жұмыс істеп, айыппұлдар салынып жатса да, оған мән бермей жатқандар бар. Мысалы, осы кезеңде каратиндік шараларды бұзудың 494 оқиғасы анықталып отыр. Бұл жағдайлар бойынша тиісті шаралар қолданылуда. Халық санитарлық-эпидемиялық қызмет тарапынан ұсынылатын талаптарға түсіністікпен қарап, оларды орындауы қажет. Карантиндік шараларды сақтау – облыстағы эпидемиялық жағдайдың ушығып кетпеуіне көмегін тигізеді. Сондықтан тиісті талаптарға бағынайық, – дейді бас мемлекеттік санитарлық дәрігер А.Мусина.

Ақмола облысы

9 жасар баланың өмірін жалмады

20 қараша күні вирустық пневмониядан қайтыс болған 9 жастағы баланың өліміне қатысты дәрігерлік тексерістің жүріп жатқанын Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Бекболат Ізбасаров хабарлады.

Баян ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

11 қараша күні Хромтау аудандық ауруханасына іші ауырып, құсу белгілерімен жатқызылған бала үш күннен соң облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына ауыстырылған. Бұл жерде баланың вирустық пневмонияға шалдыққаны анықталды.

«Коронавирусқа ПЦР-талдау нәтижесі теріс болғанын көрсетті. Алайда бала қайтыс болды. Қазір осы бала өліміне байланысты құрылған комиссия тексеруді бастады», деді Б.Ізбасаров.

Қазіргі кезде облыстың 44 тұрғыны вирустық пневмониядан ем қабылдап жатыр. Оның 11-і – Қарғалы, Мәртөк, Шалқар, Хромтау ауданының тұрғындары. Екі апта бұрын коронавирус инфекциясын жұқтырған мектеп оқушысы анықталған Шалқар ауданындағы Қорғантұз орта мектебі, Ақтөбе қаласындағы үш балабақша да карантинге жабылды.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Нұрсұлу Беркімбаева өңірде эпидемиялық жағдай тұрақты болғанымен, жұртшылық карантин талаптарын сақтамаса, жағдай әп-сәтте өзгеруі мүмкін екенін хабарлады. Өйткені тек соңғы тәулікте ғана облыста коронавирус инфекциясын жұқтырған 8 жағдай тіркелді. Оның бесеуі – Ақтөбе қаласының, екеуі – Мәртөк, біреуі Алға ауданының тұрғындары. Карантинге қарамастан, шекарадағы жолаушылар ағыны толастамай отыр. Мәселен, 6 қарашадан бері Қарғалы ауданындағы «Әлімбет» санитарлық-өткізу бекетінен Ресей Федерациясынан әрлі-берлі 7 893 адам, Мәртөк ауданындағы «Жайсаң» бекетінен 19 205 адам өткен. Бұлардың ішінен 27 жолаушыдан коронавирус инфекциясы анықталды. Олардың 12-сі транзиттік көлік жүргізушілері болып шықты. Осы уақытта коронавирус инфекциясына тексерілген ПТР-анықтамасы болмаған 14 ресейлік азамат еліміздің шекарасынан кері қайтарылған.

Қайырымдылық дүкені бар қала

Қостанай қаласында тұрмысы төмен тұрғындарға арналған қайырымдылық дүкені бір жылдан бері жұмыс істеп келеді. Дүкен деген аты ғана болмаса, мұндағы бұйымдар келген адамдарға су тегін үлестіріледі.

Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Волонтерлерден құрылған «Прометей» қозғалысының белсенділері осыдан бір жыл бұрын Нариман базарының маңынан ғимарат жалдап, жоқ-жітікке жылу жинайтын орын ашқан. Содан бері қайырымды қала тұрғындары өздерінен артылған киім-кешек пен басқа да тұрмыстық бұйымдарды осы жерге әкеп тапсыруды әдет еткен. Мұның сыртында, кейбір азаматтар басы артық киім-кешегі, балаға арналған ойыншығы бар екенін хабарлап қоңырау шалып жатады. Белсенді азаматтар мұндай мекенжайларға өздері барып, бергенін осы дүкен сөресіне әкеліп қояды.

Қайырымдылық дүкеніне таяуда қаладағы «Темірлан» әскери-спорт клубының спортшылары көптеген киім-кешек түрлерін тарту етті.

– 30 жыл бойы балалармен жұмыс істеп, жастарды спортқа баулып келемін. Өзімнің де балам мен немерем бар. Қаламызда қайырымдылық дүкені бар екенін жақында ғана естідім. Мұндай игі шарадан тыс қалуға болмайды, бірден өзім жаттықтырып жүрген балалардың ата-аналарына үндеу тастадым. Көптеген жылы киім, жақсы бұйымдар жиналды. Тіпті таяуда ғана өзінің сауда дүңгіршегін жапқан бір ата-ана жаңа мектеп киімдерін әкеліп тапсырды, – деді спорт клубының жетекшісі Руслан Сексенбаев.

Темірландықтардың қатарына Қостанайдағы бірнеше әскери-патриоттық клуб келіп қосылды.

Қостанай облысы

Мониторингтік топтар жұмысы күшейтіледі

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметіне сүйенсек, 28 наурыз бен 23 қараша аралығында коронавирус инфекциясының 11 549 жағдайы тіркелді. Қауіпті індеттің 3 459 науқаста симптомды, ал 8 090 пациентте симптомсыз түрі анықталып отыр.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Атырау қаласында – 5 555, Жылыой ауданында – 4 242, оның ішінде Теңіз кен орнында – 3 133, Құлсары қаласында – 1 109, Индер ауданында – 361, Исатай ауданында – 251, Қызылқоға ауданында – 435, Құрманғазы ауданында – 185, Мақат ауданында – 285, Махамбет ауданында 235 қауіпті індеттің белгісі расталды. Тек соңғы екі тәулікте коронавирус инфекциясын 36 адам жұқтырды.

Ал 5 маусым мен 20 қараша аралығында мониторингтік топтар 15 122 нысанға 6 120 тексеріс жүргізді. Соның нәтижесінде 2 005 материал жинақталып, 86 млн теңгеге жуық айыппұл салынып отыр. Оның ішінде шектеу шараларын бұзған 579 әкімшілік іс жеке және заңды тұлғаларға толтырылды. Дегенмен сала мамандары өңірдегі эпидемиялық ахуалды тұрақты деп санайды.

Облыс әкімі Махамбет Досмұхамбетов COVID-19 індетінің таралуын одан әрі болдырмау мақсатында құрылған мониторингтік топтардың жұмысын талдау мақсатында арнайы кеңес өткізді. Онда денсаулық сақтау басқармасы, полиция, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменттері, «Атамекен» ҰКП-ның өңірлік филиалының басшылары, қала, аудан әкімдері атқарылған жұмыстары туралы есеп беріп, ұсыныстарын жеткізді.

– Қазір әлем елдеріндегі ахуал күрделене түсті. Еліміздің кейбір өңірлерінде індеттің таралуы ауқымы байқалады. Сондықтан кез келген уақытта дайын болуымыз керек. Қауіпті індеттің алдын алу үшін мониторингтік топтар әсіресе демалыс күндері бақылауды күшейтіп, халыққа түсіндіру, ескерту жұмысын жандандырғаны жөн, – деді М.Досмұхамбетов.

Сондай-ақ шекара бекетінде елімізге келушілерге бақылауды күшейту, сенбі-жексенбі күндері тексеріс шараларын көбейту, кәсіпкерлерді карантин шараларын бірнеше рет бұзған жағдайда лицензиясынан айыру мәселелері талқыға салынды. Өңір басшысы мемлекеттік бас санитарлық дәрігердің қаулысында көрсетілген талаптарды қатаң сақтауды, мониторингтік топ жұмысын тұрақты зерделеп отыруды тапсырды.

Атырау облысы

Көп балалы отбасылар қуанышы

Биыл Бұланды ауданында ақ түйенің қарны жарылған сүйінішті оқиғалар көп. Соның бірі ретінде аудандағы 42 көп балалы отбасының баспаналы болғанын айтсақ болады.

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Жалпақ жұртқа жақсы үлгі болуға әбден жарайтын көп балалы отбасыларды шадыман шаттыққа бөлеген қамқорлықты жергілікті серіктестік жасап отыр. Олар ұзақ уақыттан бері жайлы да жарық баспанаға қолы жетпей келе жатқан осынау отбасыларға жаңа пәтерлердің кілтін табыс етіп, жүрек жылуымен жылытып, мерейлерін тасытып жіберді. Айталық, таяуда баспаналы болған Бинимандар мен Чумаковтардың көп балалы отбасылары дәл осындай ақжарылқап сәтті ұзақ уақыттан бері тосқан еді. Бұрынғы тұрған үйлері апатты жағдайда болатын. Басқа барар жерлері болмаған соң, амалсыздан әлденеше жыл әбден көнерген, ескі үйлерді паналап келген. Таяуда серіктестік өз қаражаты есебінен екі үй сатып әперді. Тұруға әбден жарайтын үйлерді тап-түйнақтай етіп жөндеп, тіршілікке қажетті инфрақұрылымдар тартып берді.

– Міне, қолыма жаңа баспананың кілті тиді. Дәл осындай үйге ие боламын деп армандаған емеспін. Еңсесі биік, үлкен, жылы үй. Жанашыр адамдардың осындай есіңнен кетпес қамқорлық жасағаны қандай жақсы. Біздің ортақ Отанымыз – Қазақстанда әркім де осындай жақсылықтың шарапатын көріп жатса, ғанибет емес пе?! – дейді Капитоновка ауылының тұрғыны Константин Биниман.

Екінші үйге ие болған Сергей Чумаков та – осы топырақтың тумасы әрі көп балалы әке. Сергей баспанамен қамтамасыз еткен «Журавлевка-1» серіктестігінің басшылығы мен ұжымына алғысын айтып тауыса алар емес.

Жергілікті атқарушы билік шағын ауылдағы алдарынан жұмыс үркіп отыратын еңбеккор тұрғындарды әрдайым бағалап, олардың мұң-мұқтажына жіті назар аударып, көмек-қолдауын көрсетіп отырады. Жоғарыда айтылған екі отбасының отағасы да аталған серіктестікте ұзақ жылдан бері қажырлы еңбек етіп келеді. Сондықтан бүгінгідей қуанышқа бөленуге әбден хақылы. Өз кезегінде олар да қамқорлықтың мәнін етене түсініп, алдағы уақытта жасалған жақсылықтың қарымтасын қайтарамыз деп білектерін сыбанып отыр.

– Округте көп балалы он отбасы бар. Олардың екеуі баспаналы болды. Алдағы уақытта қалған көп балалы отбасыларға да осындай көмек көрсетілуі әбден мүмкін. Ауылдық жер болғанымен, үйлер де арзан емес. Әрқайсысы шамамен 6 млн теңге тұрады, – дейді ауылдық округтің әкімі Бақыт Рақымжанова.

Ауданда өткен жылы көп балалы 15 отбасы қоныс тойын тойлады. Бүгінде бұл көрсеткіш 42-ге жетіп отыр. Жарық дүниеде үбірлі-шүбірлі ұрпақ өрбітіп, болашақтың тілеуін тілеп отырған көп балалы отбасыларды жан жылуымен жылытқаннан артық қуаныш болар ма екен?!

Ақмола облысы,
Бұланды ауданы

175 ЖЫЛ
Абай Құнанбайұлының мерейтойы

Абай – түркінің алып тұлғасы

Кеше Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Эгей университетінде (Измир,Түркия) қазақтың ұлы ақыны Абайдың 175 жылдық мерейтойы аясында «Абай – түркі әлемінің ұлы тұлғасы» атты халықаралық онлайн конференция өз жұмысын бастады.

Айгүл СЕЙІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Халықаралық конференцияға Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Татарстан (Ресей), Хакасия (Ресей) және АҚШ-тан 60-қа жуық абайтанушы ғалым қатысады.

Конференцияның ашылуында Эгей университетінің ректоры, профессор Неждет Будак баяндама жасап, Түркияның түбі бір түркі елдерімен қарым-қатынасы экономикалық мүддеге емес, ең алдымен әдеби-мәдени байланыстарға құрылғанын атап өтті. «Симпозиум тақырыбы – қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлы. Осы жиынның арқасында оның түрік тіліне аударылып, жарияланған көптеген шығармаларының бар екенін білдім. Бүгінгі симпозиумда ұсынылатын мақалалар мен зерттеулердің арқасында Абай және оның дәстүрі жақсы танымал болады деп сенемін. «Сөз ұшады, жазу қалады» деген мақал бар. Жазу арқылы анықталатын және тұрақты болатын әрбір ортақ ізденістер біздің бірлігімізді, ынтымақтастығымызды одан әрі бекітері анық. Бірлік біздің рухымызды нәрлендіріп, мықты әрі қайратты халық болуымызға қызмет етеді» деді Н.Будак.

Өз кезегінде Еуразия ұлттық университеті проректоры, академик Дихан Қамзабекұлы түркі жұртының ынтымағын бекіте түсетін әлемдік деңгейдегі тұлғалардың қатарында ұлы Абайдың да есімі бар екенін баяндады.

«Абай мұрасының дәріптелуі, ондағы шын мәніндегі гуманизм мен адамсүйгіштік идеяларын түсінуге деген ықылас отандастарымыздың шынайы ризашылығын туғызады. Сонымен қатар оның өзіндік себептері де бар. Абай шығармашылығы – қазақ халқының ұлт болып ұйысып, ел болып еңсесін көтеруіне қызмет еткен аса құнды мұра. Осы мұра енді түркі жұртының ынтымақтасуының – ғылыми, рухани, мәдени, әдеби, жалпы гуманитарлық бастауларының тоғысуының да кепіліне айналуда. Түркі жұртының интеграциясы бүгін басталған үрдіс емес. Абайдың өлеңдерінен де, қара сөздерінен де оны анық байқауға болады. Айталық,

Фзули, Шамси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси,
Қожа Хафиз – бұ һәммәси
Медет бер я шағири фәрият

– деген өлеңінен жалпы Шығыс интеграциясының сандаған ғасырлар бұрын басталғанын байқауға болады. Абайдан басталған мәдени интеграция жаңа мән мен мағынаға ие. Бүгінгі Абай болмысы – түркі дүниесінің рухани ауызбірлігінің темірқазығына айналуда», деді Д.Қамзабекұлы.

Проректор симпозиумның ұйытқысы болған Эгей университеті мен Еуразия университеті арасындағы қарым-қатынастың орнағанына он шақты жыл болғанын, енді осы игілікті қарым-қатынас университетте жаңадан құрылған «Абай академиясы» ғылыми зерттеу институты мен Эгей университетінің Түркі әлемін зерттеу институты арасында жалғасын тауып, жаңа сатыға өтетінін жеткізді.

Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі құттықтау сөзінде жиынды ұйымдастырушы тараптарға рахметін айтты. Ол биыл Абай жылы аясында Түркі академиясы атқарған іс-шаралар қатарында ұлы ойшылдың шығармаларының бауырлас түркі тілдеріне аударылғанын атап өтті. Сондай-ақ Халықаралық Түркі академиясы мен ЮНЕСКО бірлесіп бірнеше конференциялар өткізгенін де жеткізді. «Шығармашылық қайнары Фзули, Науаи сияқты ойшыл ақындардан бастау алған және Маржани, Газали сияқты алыптармен замандас, идеялас болған Абай тек қазақ халқының емес, түбі түркі жұртының тұғырлы тұлғасы» деді академия президенті.

Түркия мемлекеттік Түрік тілі құрылымы президенті, профессор Гүрер Гүлсевин баяндамасын әріден бастады. Ол 1933 жылы «Кеңес үкіметі ыдырауы мүмкін. Сол кезде бауырлас түркі елдерінің жанынан табылуымыз керек» деп Ататүрік айтқан әйгілі сөзді қайталап, өткен ғасырдың орта шенінен бастап Түркияда түркі халықтарымен қарым-қатынасты дамыту үшін жасалған бірнеше игілікті істерді атап өтті. Соның ішінде түркі халықтарының тілін, мәдениетін зерттейтін институттың маңызына тоқталды. Биыл Абайдың 175 жылдық мерейтойы Түркияда да жалғасын тауып жатқанын айтты. Сондай-ақ сәуір айында өтуі тиіс үлкен симпозиумның пандемия кесірінен өткізілмей, кейінге шегерілгенін де жеткізді. Гүрер Гүлсевин баяндамасы Абайдың тіліне қатысты өрбіді. Ол Абайда оғыз тіліне тән сөздер мен формалар кездесетінін, бірақ ол туралы кейінгі жиындарда баяндайтынын хабарлады.

Университет жанынан құрылған «Абай академиясы» ғылыми зерттеу орталығының басшысы Ерлан Сайлаубай осы жылдың ерекше берекелі болғанын атап өтіп, орталық 18 кешенді зерттеу жобаларының негізінде 20 кітапты жарыққа шығарғанын айтты. «Академияда «Абай әліппесі» интерактивті кешенді жоба да іске асырылуда. Институт жұмысын халықаралық деңгейде дамытудың алғашқы қадамы игілікті симпозиумнан басталуын жақсы ырымға балаймыз», деді ол.

Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған халықаралық симпозиумда бауырлас түркі елдері зерттеушілері Абай мұрасы жөнінде құнды пікірлер, маңызды ақпараттар айтпақ. Секциялық отырыстарда Тұрсын Жұртбай, Шәкір Ибраев, Дихан Қамзабекұлы, Ерден Қажыбек, Шерубай Құрманбайұлы, Юлай Шамильоғлу, Мақсат Алпысбес, Құнпия Алпысбаев, Жамбыл Артықбаев, Рақымжан Тұрысбек, Жанат Әскербекқызы, Нергис Бирай, Гүлжанат Ержиласун, Элман Гулиев, Жаббар Ишанқул, Баходир Каримов, Орхан Сөйлемез, Мехмет Темизкан, Жылдыз Бакашова және т.б. елде және шетелде танымал белгілі әдебиетші, тілші, тарихшы, этнограф профессорлар қатысады. Ғалымдар ұлы ойшыл, хакім Абайдың мұрасын зерттеу бағытындағы ғылыми ізденістерімен бөліседі. Симпозиумда оқылған баяндамалар мен мақалалар жинақ кітап болып шығарылады.

Мирас АСАН,
«Egemen Qazaqstan»

Қапастағы қарсылық

Тарихтың жадындағы жазуларды ешқандай тоталитарлық жүйе жойып жібере алмайтынын уақыт үнемі дәлелдеп келеді. Сол сияқты адам жанындағы жазуларды да өшіруге кез келген өкіметтің қауқары жеткен емес. Әрине, бұл жерде болмысы бүтін, санасы сау, бодандықтың қара қамыты миына емес, тек қыл мойнына ғана түскен жандар туралы айтып отырмыз. Әйтпесе, тәуелсіз елде өмір сүріп отырып-ақ өз ойын ашық айта алмай, біреудің қас-қабағын бағып қана қой торы күн кешіп жатқандар аз емес.

Мәселе, ішкі рухтың бостандығында дер едік. Осындайда қараңғы қапаста жатып-ақ қара басының қамын күйттемей, қара қаламына адал болған алаш арыстары ерекше еске түседі. Қарсы шапқан жаумен қасық қаны қалғанша күресіп өткен есіл ерлердің сол қайсар рухы ұлтты биік мінберлерге шақырды. Елдік мұраттың еңсесін биіктеткен сол тұлғалар ұлт келбетін ұрпақ алдына аласартпай алып шықты. Сол қайраткерлер қазақ жанын от пен суға түсірмей, суық қолдардың сойылынан қорғай жүріп азапты ғұмырларға бастарын тікті. Жалпы айтпағымыз бұл емес те шығар, дегенмен адамның ішкі тірегі оның рухани байлығы екенін әр кез қайталап тұрғанымыз дұрыс.

Қазақ даласының қаншама бөлігін алып жатқан ҚарЛаг-та көбіне өнер адамдары қамауда болғаны тарихтан белгілі. Тек олар ғана емес, қаралы тізімнің қатарында Сергей Есениннің баласы, Бейімбет Майлиннің жары деп кете беретін қалам қайраткерлерінің туған-туыстарына дейін тар зындандарға жаппай тоғытылыпты. Алайда сол адамдардың ешқайсысы қандай қиын тағдырға тап болса да өздерінің ішкі менін озбыр жүйеге оңай жеңдіре салған жоқ. Бір сөзбен айтқанда, түзету лагерьлерінің тікенек сымдары таланттардың тағдырына тосқауыл болғанымен, өнері мен өресіне ешқандай кедергі келтіре алмады. Әрине, саңлақтардың, күйшілердің, қылқалам шеберлерінің, шайырлар, жазушылардың, ғалымдардың қымбат өмірлері қылбұрау мен өксікте өткені өте өкініште. Бірақ олардың көз жасы жанарларынан емес, көкіректерінен сорғалайтын еді. Әділдік әр кезде өз биігінен аласармайды ғой, олардың тас қабырғаларда туған шынайы туындыларын әлі күнге дейін жас ұрпақ жатқа біледі.

Бұл дегеніңіз – тоталитарлық жүйе тұлғаны тұтқындағанымен, туындыларын темір торға тоғытуға қауқарларын жеткізе алмағанын көрсетеді. Егер саяси жүйе сол өнер тарландарын түп тамырымен жоя алған болса, олардың жауһар жырлары да бізге жетпеген болар еді. Бұғауда бұлқынған арыстан ер Мәдидің, бірбеткей Иманжүсіптің өлеңдерін бұл күнде көбі жатқа айтады.

Абақты қатар-қатар болады екен,
Ішіне жақсы, жаман толады екен.
Ішіне абақтының кіріп барсаң,
Көңілің су сепкендей болады екен, – деп өлеңдетуіміздің ар жағынан сынбаған рух пен қайсар мінезді байқамау мүмкін емес.

Алайда мұның бәрі тек теңдікті аңсаған тегеурінді туындылар деп те біржақты айтпас едік. Оның ар жағында адамдық негізді жоғалтпау үшін жазылған жырлардың да ыстық жалыны жаныңды шарпып өтетінін сезесің.

Сонау ҚарЛаг-тың қаралы жылдарындағы тұтқындар айтқан мына бір диалогты бірге оқиықшы. Әңгіме белгілі жазушы Екатерина Гинзбург пен қаламгер Камил Икрамов арасында болыпты.

Е.Гинсбург: – Білесіз бе! Камил, сіз неге олай айтасыз? Біздің лагерьде бірдеңе ұйымдастырғанда, бір тұтқын әйел – княгиня Урусова әйелдерге: «Еврейлер Вавилон тұтқынында отырғанда, қалай ән айтасыңдар?» дегенде, олар жұмыс істейміз, бірақ ешқашан ән айтпаймыз деген еді.

К.Икрамов: – Евгения Семеновна, сүйкімдім, сіз өтіп кеткен нәрсені неге осылайша пайымдайсыз? Біз мұны олар үшін жасаған жоқпыз, олардың көңілін көтердік деп те қабылдамаған едік. Біз мұны, ең алдымен, өзіміз үшін жасадық. Бұл өзімізді сақтап қалудың ұлы жолы болғанын нақты айта аламын. Өнермен айналысқан сол адамдарға рахмет, – депті.

Кейде азаматтық көзқарасыңды биік мінберлерде айғайлап айту міндетті емес. Тәніңіз тапталып жатса да, жаныңыз жаныштамауы керек. Оны сонау қатаң жүйенің қыспағында жүріп-ақ ұлт мүддесі үшін, ұрпақ қамы үшін тар қапаста қабырғаларында дүниеге келген түрлі өнер туындыларынан байқаймыз. Түрмеде туған туындылардан шексіз сағынышты, ішкі жан айқайды, адами рухты, жойқын қарсылықты әлбетте сезетініміз де сондықтан.

ТҮЙТКІЛ

Мұқабасы тартымсыз, маркетингі мардымсыз

балалар әдебиетінің жағдайы жақсара ма?

«Тәрбие – тал бесіктен басталады» деген тәмсілге сүйенген дана халық бала дегенде ет жүрегі елжіремей қоймайды. Адам баласының өмірге деген көзқарасы мен талғамы да балалар әдебиетімен қалыптасады. Демек, балалар әдебиеті – ұрпақ тәрбиесінің талбесігі, тағылым, тәлім ордасы. Сондықтан да бұл сала қай кезде де қамқорлық пен назардан тысқары қалмауы керек.

Маржан ӘБІШ,
«Egemen Qazaqstan»

Қазіргі таңда елімізде бала психологиясын дамытатын кітаптардың аз болуы һәм кітап дүкендеріндегі қазақ балалар әдебиетінің төмен көрсеткіші қоғамда айтарлықтай алаңдаушылық тудырып отыр. Баспалардан жарық көретін балалар әдебиетінің басым бөлігі шетел аудармалары болса, ал дүкендердегі заман талабына сай балалар кітаптарының саны да, сапасы да көңіл көншітпейді. Осы бір түйткілді мәселе күні кеше ғана Ұлттық академиялық кітапханада өткен алқалы жиында талқыланды. Әлқисса.

«Балалар әдебиеті – ұлт болашағы» тақырыбындағы онлайн конференция Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құруда халыққа жақын болу, қоғаммен кері байланыс орнату міндетін жүзеге асыру тапсырмасын орындау мақсатында құрылған Мәдениет және спорт министрлігінің жол картасы бойынша өтті.

Баспа саласы бойынша балалар әдебиетінің бірқатар мәселелерін көтерген конференцияда 2017-2020 жылдары отандық баспалардан 364 балалар әдебиеті әрқайсысы 1000-1500 дана таралыммен жарық көргені һәм Тәуелсіздік жылдарында балалар кітаптарының 70%-ы мемлекеттік тілде басылып шыққаны айтылды. Сондай-ақ министрлік балалар әдебиетінің жас ұрпақ тәрбиесі үшін маңыздылығын ескере отырып, биыл «Мәдениет туралы» заңға толықтырулар мен өзгерістер енгізіп, келер жылдан бастап (2021) Кітап палатасы жанынан бірнеше жобаларды, соның ішінде «Үздік балалар шығармасы», «Жылдың үздік кітабы» байқаулары мен «Асыл сөз» жобасын жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Жиынның беташар сөзін алған Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Әділбек Қаба баяндамасында балалар әдебиетін дамытуда жазушыларға қазіргі заман талабына сай тақырыптарды игеруі, шығарма жазғанда олардың жас ерекшеліктерін ескеруі, балалар әдебиетін ғылыммен, тәрбиемен тығыз байланыстыруды, жасөспірімдер шығармаларында сөз мәдениеті, эстетикалық талғамның жоғары болуы һәм мазмұнында трагедия болмауын айта отырып, отандық баспалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, кітап дүкендерінде қазақтілді балалар әдебиеті контентіне басымдық беру мәселелерін ортаға салды.

«Елімізде кітап шығарушы ұйымдар да баршылық. Алайда олардың қазіргі нарыққа төтеп беретін бәсекеге қабілеттілігі дамымауда. Отандық баспалардың маркетингтік, менеджменттік саласы жолға қойылмаған. Осы ретте өз өнімдерін нарыққа шығарып, пайда таба алмауда. Сондай-ақ оқырмандар кітаптың сыртқы және ішкі безендірулеріне де мән береді. Кітап дизайны да эстетикалық талапқа сай болуы керек. Баспалар жас оқырмандар бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде аударма әдебиет емес, қазақ төл балалар әдебиетін басып шығаруды қолға алса дейміз», деді ол.

Конференция барысында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Нариман Төреғалиев, Айгүл Қапбарова, Қазақстан Республикасының Президенті жанынан құрылған Қоғамдық сенім ұлттық кеңесі мүшесі Қайрат Жолдыбай, Ұлттық академиялық кітапхана директоры Үмітхан Мұңалбаева, Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов, балалар әдебиетінің өкілдері Толымбек Ыбырайым баяндама жасады. Сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен облыс әкімдерінің орынбасарлары, баспагерлер, кітапханалар, кітап дүкендерінің басшылары онлайн режимде пікірлерін білдірді.

Жалпы, елімізде балалар әдебиетін тұрақты түрде басып шығарумен «Фолиант», «Аруна», «Алматыкітап», «Мектеп», «Балалар әдебиеті», «Балауса», «Кітап-Дәуір», «Шұғыла» баспалары және «Атамұра корпорациясы» айналысады. Кей баспалардың ел аймақтарында кітап дүкендер желісі де бар. Мәселен, ірі сауда орындарындағы кітап дүкендер желісі қазақстандық баспалармен бірігіп жұмыс істеу жоспарын қарастырса, қазақтілді балалар әдебиетінің контенті жоғары деңгейде қалыптасар еді. Бәлки, балалар әдебиетінің бұл түйіні, келелі жиында айтылғандай, Автор-Баспа-Дүкен үштағанының қалыптаспай отырғанынан болар.

Бұл туралы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов: «Кітап шығару саласында Автор-Баспа-Дүкен деген үштік байланыс қалыптаспаған. Балалар әдебиетінің бірінші мәселесі – балалар жазушыларына қамқорлық жоқ. Еліміздегі көптеген балалар авторлары шығармашылықпен айналысуға ынталандыратын дүние жоқтығын алға тартады. Кітап палатасы осы мақсатта тамыз айында «Үздік балалар шығармасы» деген байқау жариялады. Ол үш номинациядан тұрады: бірінші – мектепке дейінгі, екінші – он жасқа дейінгі, үшінші он жастан жоғары балаларға арналған. Әдеби бәйгенің қорытындысы қарашаның 25-інде шығады. Байқағанымыз, әдеби ортада балалар авторлары баршылық. Және олар белгілі бір деңгейде жақсы жазады», дей келе бұл байқау алдағы жылдары да жалғасын тауып, ұлттық конкурсқа айналатынын атап өтті.

Бұдан бөлек жиынға қатысушылар қазақ ертегілері заманауи үлгіде жазылып, әдебиетте жаңа кейіпкерлер пайда болуына һәм бүгінгі балалардың нені қалайтынын, оларға қандай шығармалардың қызық болатынына зерттеу жүргізді. Сондай-ақ балалар әдебиетін дамытудың тетіктері мен ақын-жазушылардың заманауи тақырыптарды игеруі, кітап нарығындағы қазақтілді контенттің үлесі мен баспалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, т.б. балалар әдебиетін дамытудың өзекті мәселелері талқыға салынды.

Конференция қорытындысы бойынша алдағы уақытта балалар әдебиеті қаламгерлерін ынталандыру мәселелері бойынша, сондай-ақ балалар әдебиеті суретшілері, дизайн кадрларын дайындауда грант көлемін ұлғайту, Б.Соқпақбаев атындағы балалар әдебиеті күнін белгілеу, кітап ісі саласына, оның ішінде мақсатты түрде балалар әдебиетімен айналысатын баспа нысандарына салық жүктемесіне жеңілдіктер жасау туралы министрлік тарапынан Үкіметке ұсыныстар жолданатын болады. Аталған игі бастамалар мемлекет тарапынан қолдау тауып, жүзеге асып жатса, қазақ балалар әдебиетінде біршама жақсы өзгерістер болары анық.

АРХИВ-2025

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Жазба мұрағат – жаңылмайтын ескерткіш

Жаңа ашпаған құпиясын қағаз бетіне төккен қартаң тарихтың нені ішіне бүккенін уақыт көрсетті. Бағзыдан тамтұмдап жеткен мұрағаттар әуелгі ойымыздың сеңін бұзды. Жо-жоқ, бұзып қана қойған жоқ, баба мирасының қадірін арттырды. Қоғам жаңаша көзқарас түзді, сана жаңғырды. Етінен өткен, сүйегіне сіңген қазақтың талайлы тағдыры келер күнге кеңшілік жасады. Біз өткенімізді саралай отырып, болашағымызды салмақтай алдық. Расымен ғажап емес пе? Сенбесеңіз, қараңызшы...

Қараңызшы деп қаймықпай, көңілде бүрлеген сүйінішке сүйеніп жазып отырмыз. Күні кеше Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің 25 жылдығына арналған «Архив: тарихи жад және рухани жаңғыру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Ширек ғасырды артқа тастаған шежірелі шаңырақтың жеткен жетістігі көл-көсір. Бұл шаң басқан архивтер емес, тозаңнан арылған дерекке бай, заманауи технологияға бейім ғылыми орда. Біз аталмыш шараға арнайы қатысып, көңілге көп нәрсе түйіп қайттық. Бүгінгі әңгімеміздің ауаны да сол болмақ.

Конференцияның беташары тарихи құжаттар көрмесіне шолу жасаудан басталды. Одан кейін қатысушылар арнайы бейнероликті тамашалады. Кеш тізгінін Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің директоры Мейрам Бектембаев ұстады. Алғашқы құттықтау сөз Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Тілеуғали Қышқашбаевқа ұсынылды. Сөз иесі алдымен Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың, Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Жансейіт Түймебаевтың, қала әкімі Алтай Көлгіновтің арнайы құттықтау хаттарын оқып, ақжарма тілегін жолдады.

– Бұл мекеме Қазақстанның архив қызметінің көшбасшыларының бірі ретінде, архивтану ғылымын дамытуда және мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда жетекші рөл атқарды. Ғылыми құндылықтарды меңгерген ұжым еліміздің игілігі үшін аянбай еңбек етіп, кәсіби шеберлігін көрсетіп келеді. Әлемнің алдынғы қатарлы мемлекеттерінің архив мекемелерінің тәжірибесін Қазақстанда асыруда, Ұлттық архив қорының асыл мұрасын республикалық, әлемдік деңгейде насихаттап, әйгілеуде. Ұлт мүддесі үшін қажымай еңбек етіп келе жатқан архив майталмандарына толағай табыс тілеймін, деді Т.Қышқашбаев.

1995 жылы Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің құрылуы астананың Алматыдан Ақмолаға ауысуымен байланысты болды. Сол уақытта жас мемлекетіміздің алдында Орталық Азия аймағында экономика мен саясаттың драйвері болу міндеті тұрды. Тарихи процестерді қайта қарастырмай, бұл мүмкін емес еді. Елорданың Арқа төсіне қоныс аударуы еліміздің өркендеуіне жол ашты. Мұрағаттағы 40 қор қаланың рухани өміріне тірек болды.

Елорда дамуының тұрақты динамикасына қала архивіндегі қордалы құжаттар көп септігін тигізді. Бүгінде елорданың мұрағат қоры 18 есеге өскен. 1915 жылдан бастап сақталған бірегей құжаттар бар. Олар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылған. XX ғасырдың басындағы араб жазуы, латын және кириллица негізінде жазылған мазмұнды жазбалар ғалымдардың зерттеу еңбектеріне негіз болып келеді. Атап өтсек, жергілікті атқару комитеттерінің, «Қосшы» қазақ кедейлері Одағы комитеттерінің, полиция және әскери комиссариаттардың, арнайы мақсаттағы бөлімшелердің, азық-түлік комитеттерінің қорлары, Кеңес өкіметін орнату процесін, оның ішінде кулактарды иеліктен шығару, өнеркәсіпті мемлекет меншігіне алу, Ақмола облысының саяси, экономикалық және мәдени өмірі туралы қамтылған деректер жетерлік. Әрқайсысы жеке тақырыпқа жүк боларлықтай маңызға ие. Құжаттардың көп қабаты 1941-1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұрғындардың еңбек өрлеуі, майданға көмек, эвакуацияланған кәсіпорындарды қабылдау және орналастыру туралы куәландырады.

Мәселен кезіндегі Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының 1961-1965 жылдар кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайына үңіліп көрейікші. Қорда сүт, ұн, былғары және басқа салалардың дамуы туралы айшықты ақпараттар бар. Ауыл шаруашылығының даму тарихы, аудандық жер басқармасы, облыс аумағын кеңейту, колхоздар мен өнеркәсіп қорларының құжаттары ұсынылған. Мал шаруашылығын дамыту, дәнді дақылдардың өнімділігін арттыру, шөп пен егістік жерлерді қайта бөлу туралы мәліметтер тіпті, қызық.

Тың жерді игеру – бұл бұрынғы КСРО-ның барлық республикалары қатысқан тарихтың жеке парағы. Онда қызмет еткен тұлғалардың ұрпақтары қазір астанада тұрады екен. Мұндағы кеңшарлардың, облыстық басқармалардың, ауыл шаруашылығының, совхоздарды салуға арналған трестердің қаражаттары, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы хабар береді. Тың және тыңайған жерлердің тарихы туралы құжаттар жинағында алғашқы ерікті қоныстанушылардың келуі, жаңа кеңестік қоныстардың салынуы, басқа одақтас республикалардан көмек, студенттік құрылыс отрядтарының жұмысы, тың игерушілердің материалдық әлауқатының өсуі туралы тайға таңба басқандай анық жазылған.

Біз архивтерді аралап жүріп, өз заманының заңғар тұлғаларының шығу тегі туралы сан алуан жинақтарға жолықтық. Олар соғыс ардагерлері, мәдениет және өнер қайраткерлері, журналистер, жазушылар, ғалымдар және елорданың дамуына айтарлықтай үлес қосқан басқа да танымал адамдар. Түстеп көрсетсек, Қазақстан мен Татарстанның халық әртісі Нұржамал Үсенбаева, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Смағұл Сәдуақасов, мемлекет қайраткері, экономика ғылымдарының докторы Жұмабек Тәшенов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Табыл Бекқазұлы, ғалым-тарихшы Зиябек Ермұханұлы, ақын және жазушы Нұрғожа Ораз, Әскери-әуе күштерінің майоры Айдын Айымбетов, «Мемориалды аймақ» жедел-іздестіру отрядының командирі Майдан Құсайынов сынды азаматтардың ғұмырнамасы, ел игілігі жолында атқарған еңбектері топтастырылған. Бұл солардың жолын жалғасам деген жасқа үлкен мирас.

Иә, ел шежіресі мен ұлт тарихындағы құнды жазба деректерді жинастырып, сақтау ісінде архивтерге жүктелер жауапкершілік орасан. Содан да болар, архив саласының дамуы мен техникалық жарақтандырылуына, мәдени мұралардың қайта қалпына келтіріліп, толықтырылуына мемлекет тарапынан айрықша мән беріліп келеді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр. Сондықтан ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын жасауымыз қажет деп санаймын» деп тарихшыларға, деректанушылар мен мәдениеттанушыларға зор үміт артқан болатын. Осы ретте мемлекеттің мұрағат қорын қалыптастырып, түгендеуде Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві айрықша еңбек сіңіріп келетінін байқадық. Бүгінгі конференциядағы Қазақстандағы археография, архив құжаттарын сақтау, архив материалдарын цифрландыру сияқты өзекті мәселелердің талқылануы да Қазақстандағы архив ісінің болашағы үшін аса пайдалы.

– Дәстүрлі ақпарат құралдарын сақтауға арналған заманауи жабдықтармен жұмыс істеп жатырмыз. Мұрағат сөрелерінің жалпы ұзындығы 7584 метрді құрайды. Құжаттардың жоғалуын болдырмау мақсатында ағымдағы жылы құжаттарды қауіпсіз сақтау және мұрағат ішіндегі радиожиілік белгілерін қолдану әрі қозғалысын бақылау жүйесі енгізілді. Сонымен қатар тозығы жеткен құнды құжаттарды қалпына келтіру үшін толыққанды зертхана құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Экспонаттардың 3D көшірмелерін қамтитын виртуалды көрме құрмақпыз. Азаматтарға ыңғайлы болу үшін сайтқа ерекше құжаттардың тізімдемелерінің цифрланған суреттерін орналастырдық. Яғни, қауіпсіздікті сақтай отырып, мұрағат материалдарымен үйден шықпай-ақ танысуға болады, дейді қалалық архив директоры М.Бектембаев.

Демек, тарихи маңызы бар барлық құжат заман талабына сай цифрландырылмақ. Бұл пайдалану кезінде алтыннан қымбат жазба жәдігерлердің қолды болуынан сақтайды деген сөз. Қазір архив қызметкерлері жеке және заңды тұлғалардан түскен өтініштерді саралап, оларға қажет файлдарды цифрландыруда. Осылайша, электронды мұрағат құру және сұранымға жауап беру мәселелерін бір уақытта шешуге тырысады.

Тағы бір назар аударатын дүние, шетел архивтерімен қарым-қатынас мәселесі. Қала архиві Ресей Федерациясындағы көптеген архив ұйымдарымен байланыс орнатып, шама-шарқынша бірлесе жұмыс істеп келеді. Былтыр Қытайдың Сиань мұрағаты және Польшаның Ұлттық еске алу институтымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойыпты. Биыл Халықаралық архивтер кеңесі өткізген Халықаралық архивтер апталығына қатысып, тәжірибе алмасқан.

Біз аталмыш конференциядан архивтер арасындағы ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастықтың негізі қаланғанын аңдадық. Мұрағаттардың халықтың есі іспеттес ештеңеге теңгеруге келмейтіндей керемет қазына екеніне тағы бір мәрте көзіміз жетті. Туған ата-анасына, туыстары мен достарына, туған Отанына деген әсте бір айнымас, ыстық жүрегі бар, оның түгіні мен ертеңіне зәредей де болса жаны ауыратын елім деп соққан жүрегі бар зерделі азамат архив қазыналарына әсте көзжұмбайлық жасай алмайды, оны ескерусіз, елеусіз тастай алмайды. Қайта ең асыл қазына ескерткішіне балап, ерекше қастерлейді. Өткенге құрмет көрсете білу адамзатқа өмірлік өнеге айналуы тиіс.

Қорыта айтқанда, алдүзік ақын Қадыр Мырза Әлі: «Біздің тарих бұл да бір қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақтағы» деп жазғанындай аталар аманатын арқалаған архивтерде аз да болса көптің керегіне жарар рухани дәрумен бары ақиқат. Ол жасампаз ұлттың жаңғыруының кепілдемесі. Оқулығы жұқа тарихтың әрбір беті – жақсылыққа жолбелгі, болашаққа бағдаршам. Жазба мұрағаттар ешқашанда жаңылмайтын ескерткіш. Осыны ескерейік...

> БҮГІНДЕ ЕЛОРДАНЫҢ МҰРАҒАТ ҚОРЫ 18 ЕСЕГЕ ӨСКЕН. 1915 ЖЫЛДАН БАСТАП САҚТАЛҒАН БІРЕГЕЙ ҚҰЖАТТАР БАР. ОЛАР ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ ҰСЫНЫЛҒАН. XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АРАБ ЖАЗУЫ, ЛАТЫН ЖӘНЕ КИРИЛЛИЦА НЕГІЗІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН МАЗМҰНДЫ ЖАЗБАЛАР ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІНЕ НЕГІЗ БОЛЫП КЕЛЕДІ.



ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

Бақбақ тістеген тарих

Иә, «мұрағат», «архив» деген сөз аталса болды жұрттың көбі тек өңі әбден сарғайған, жұлым-жұлымы шыққан хат-қағаз, құжат-деректі бірден еске түсіретіні анық. Ал жазылмаған, жазылса да ұшты-күйлі жоғалған, бәлки бай бір заманда күлге айналған тарихыңды қайтерсің?!

Біздіңше болғанда, өткеніңнің тамырын басып, бүгініңнің бетіне тура қарай алудың тағы бір даңғыл жолы жатыр. Тап алдыңызда. Ол – әкелер айтқан әңгіме болса керек. Бәлкім, сіздің әкеңіз айтқан әңгіме баяғы жетінші атаңыз айтқан бір жақсы лепестің үзігі болмасына кім кепіл. Егер оның да мүмкіндігі бар екенін кеңіп бір есепке алсаңыз, онда сіздің мұрағатыңыз, әсіресе айтқанда тірі архивіңіз сол әкелер емес пе? Тіпті, бүгінгі бүтін елдің салиқалы саясатына, бас шұлғыр баянды бағдарына айналып отырған рухани жаңғыруыңыз да бұдан бөтен кете қоймаса керек-ті.

Хош. Сонымен әкелеріміз айтатын әңгімені де қал-қадірімізше қажетіңізге ұсынбақпыз.

* * *

Бала күнімде әкемнің әрбір ертегісі мен ауыздың суын ағызардай аңырайтып қойып айтатын аңыз-әңгімелеріне тойған емеспін. Неге екенін білсемші, мұндай әңгімелер айтар алдында ол кісі «балалар, мен қазір сендерге қауашақ айтып берейін, мықтап түйіп алыңдар» деп байыптап бір қарап алатын да ұзақ әңгіме бастайтын.

Сондай әңгіменің бірі – бақбақ туралы еді. Әсте, жаңсақ естімедіңіз. Кәдімгі бақбақ (сүттіген) туралы айтып отырмыз. Қазақ оны жеміс (дәнек) беретін кезіндегі ұлпасына қарап «тозғанақ» деп те атаған. Күнге ұқсаған түріне қарап та бөлекше бағалаған. Көз алдыңызға көп естеліктер келген болар.

Дәл осы жерде сіздің ойыңызға бақбақ тістеп өскен бала күніңіз орала кетері анық. Мүмкін, ертеректе де осы шөппен ойнамаған қазақтың баласы кем де кем болған шығар.

Неге кем болмасын, оның адам денсаулығына тигізер пайдасы мол болып тұрса. Сонда қалай дейсіз ғой, бұрынғылардың ескі есебіне жүгінсеңіз, бақбақ сорып өскен баланың денсаулығы қуатты болады екен. Сосын да баласын қайткенде де осы шөпке үйір қылудың амалын іздеген. Ал қазақтың ден қойған дүниесінен дегенін алатынын кім жоққа шығарсын. Тапқан ғой жолын сөйтіп. Оны әңгімесінде үнемі көнеден тін тартып айтатын әкеміз айтады тағы.

Ол кісінің айтуынша, «бақа, бақа бақ-бақ, басың неден жалпақ?» деп бұл шөптің басын тістеп айтатын қысқа жырдың да айтылуы тегін емес көрінеді. Яғни бала сол жырды айтып жүріп бақбақ сабағын (түтікшесі – автор.) аузына салып үрлейді. Одан кейде кісі қызығарлықтай өзгеше дыбыс та шығып жатады. Сонымен бірге шөп түтікшесінің басы тіліне келе белгілі бір пішінге келе бастайды.

Әрине, бұл жерде оның нендей кескін сызып, балаға қандай ермек болатынын ежіктей түсіндіргеннен гөрі пайдасы туралы айтқанымыз оң болар.

Ең қызығы, бұл шөптің құрамында бүгінгі медицинада кеңінен қолданылып жүрген гликозид молынан кездеседі екен. Сосын да витаминдерге бай өсімдік асқазан, өт, бүйрек, көз... тіпті ісікке дейін ем болатыны дәлелденген. Бұдан бөлек оның пайдасы шаш-етектен деп айтсақ та еш әбестік бола қоймас. Бұл жайлы интернет иіріміне бір сүңгіп шыққан кез келген оқырман өзі-ақ бағамдар деп ойлаймыз.

Көрдіңіз бе, қазақтың даналығын. Ауыруға емдігін білу бар да оны күнделікті өмірде қолдану тағы бар ғой. Бақсаңыз, бақбақпен ойнаған бала көп ауырмайтын болып тұр.

Былайша айтқанда, жаз бойы бақбақ тістей жүріп өскен бала да бір, қанаты дамыл таппай бал тасып қыс қамына кіріскен ара да бір сияқты. Екеуінікі де қыстың қамын жазда ойлаған әлпеттей.

Біреуі – ауырмас үшін істеп жүргенін білмей, тістелеп ойнай жүріп «бал» жиса, ал келесісі – әлбетте, тіршілігі үшін тырбанып табады.

Табадыны айтпақшы, әкемнің әңгімесіне тұздық етіп бір оқиғаны кірістіре кеткенді жөн көріп отырмын. Бала күнімде ауылда көрші тәтелердің бірі омырау безі қабынып қатты ауырғаны бар. Мұның соңы қиынға соғуы мүмкін екенін білген күйеуі жарын жетектеп бармаған емханасы қалмаса керек. Ақыры тауы шағылып жүрген күндердің бірінде ауылға жолаушылап келген бір ақсақалдан бұл ауруға бақбақтың ем екенін естиді.

Сенесіз бе, «аман қалуы қиын» деген сол тәтеміз әлі шапқылап жүр. Баяғы ауылда. Әлде, сол жолаушы қарияңыздың өзі де тегін адам емес пе еді, кім білген ол тұста. Ең бастысы, бір Ана бір түп шөптің қасиетінен аман қалып отырмай ма?!

Ол-ол ма, күн пішінді бұл шөптің пайдасы бұнымен бітсе кәне.Әкемнің жеткізуінше, баяғыда қазақтар уақытты күнге қарап бағамдаумен қатар, бақбаққа да сүйеніп мөлшерлей алыпты. Сол арқылы ол шығатын уақытта еш мезетте жаңылып көрмеген деседі.

Мәселен, бақбақтың өзіне тән қасиеті бойынша таңғы алты оның ояну сәті секілді. Яғни ол тұрақты түрде алтыда гүл ашады да түстен кейінгі сағат үштің кезінде гүлін жабады. Міне, мұндай қасиеттер оны өзге гүлдерден де ерекшелеп тұрса керек. Құдайдың құдіреті демей көр...

Айтпақшы, менің ауылымның аты да – Бақбақты. Тіпті, кейде осы бір ұзына-ұзақ айтылатын әңгімелер менің ғана ауылымның «архивтегі» құпия жазбасындай сезілетінін қайтесіз. Сосын да көпке көп пайдасы тиердей ақтарып отырған бетіміз осы.

Жоқ! Бұндай мысалдар – қазақтың архивінде жатыр. Біздің мақсат та сол, сол мол да бай қазынаны әл-әзірімізше сізге әзірлеп ұсынып отыру деп біліңіз.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

ЖӘДІГЕР

Торғай тарихының тағылымы

Ақиық ақын Ғафу Қайырбековтен сөз қалған ба, десейші. «Ішіне оқиғаны тиеп-сықап, Тарихтың қойып кеткен арбасындай», – деп туған Торғайының ғасырлар бедерлеген таланы мен талайын көркем өрнектеп, кестелеген екен. Өз аузынан: «Торғайым – ашық аспан астындағы мұражай ғой», – дегенін де естіп едік.
Сол Торғайда бес мұражай барына көңіл шаттанады. Осылардың төртеуі «Торғайдың Жанкелдин мұражайлар кешені» мемлекеттік мекемесіне қарайды.







Ұлылардың ұлағаты ойға тамызық болып, рух серпілісін үдете түседі ғой, әманда. Көкейімізден Міржақып бабамыздың «Оян, қазақ!» ұраны бір ажыраған емес десек, артық айтқандық болмас. Шүкір, қазақ елінің жарқын болашағы әр жүрекке нұр себезгілейді. Тәуелсіздігіміздің баяндылығы жолындағы әр адамның жанкештілігі күткендегідей нәтиже берері анық қой. Ол үшін жас ұрпақ бойына отансүйгіштік қасиетті қастерлеп сіңіре білгенге не жетсін.

Осы тұрғыда біз Жанкелдин мұражайлар кешенінің жетекшісі Гүлбану Сәрсекемен кеңінен әңгімелескен едік.

Аудан орталығында 5 мұражай бар. Шақшақ Жәнібек батырға, Алаш арыстары А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлына, Ы.Алтынсаринге, Ә.Жанкелдинге арналған мұражайлар және халық ақыны Н.Ахметбековтің музей-үйі.

Әрқайсысында тарих қойнауының тылсым сырлары тұнып жатыр. Оның алғашқысы Ә.Жанкелдин музейі 1984 жылы ашылса, төрт жылдан кейін Ы.Алтынсарин мемориалды-педагогикалық мұражайы келушілерді қабылдады. Тәуелсіздік жарияланған жылы Алаш арыстары А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының әдеби мұражайының тұсауы кесілді. 1993 жылы Шақшақ Жәнібек батырға арналған рухани шаңырақ пайдалануға берілді.

Әліби Жанкелдиннің мұражайы даңқты жерлесіміздің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылған. Оның «Жол саяхаты», «Балалық шағы», «Этнографиялық бөлім», «Шалқар сапары және Ұлт-азаттық көтеріліс», «Қызыл керуен», «Коллективтендіру дәуірі», «Ұлы Отан соғысының отты жылдары», «Тың және тыңайған жерлерді игеру», «Бүгінгі Торғай – түлеген Торғай» сияқты бірнеше бөлімі бар. Бір ерекшелігі, қызықтаушылар легі еш толастамайды. Жұртшылық аңсарын аударып тұрады.

Оның ұйымдастырушысы атақты педагог, кейін дін қайраткері атанған Ғазез Әмірханов еді. Өзі соған бес жыл жетекшілік жасады. Сөйтіп жаңа үлгідегі мұражай қалыптастырып, одан кейінгілеріне де ақыл-кеңесін айтудан жалықпаған асыл азамат еді.

Торғай жерінің әр пұшпағын ізгілік сезімінсіз аттап, баса алмайсыз ғой. Өзгелерін былай ысырып, бір ғана Ыбырайдың табаны тиген жер еді десек, жетіп жатқандай ма? 1864 жылы салынған Торғайдағы тұңғыш Ыбырай мектебі түлектерінің үндеуінің арқасында 1988 жылы білім ошағы қалпына келтіріліп, мемориалды-педагогикалық мұражай болып ашылды. Музей мынадай бөлімдерден тұрады: мұражай тарихы; Шығыс жұлдыздары; Далалық оқу мен мұсылманша сауаттану; Ыбырайдың ата-тегі. Балалық шағы мен білім алған ордасы; Ыбырай ағартушы-педагог, баспагер және оның достары; Ыбырай ашқан мектептер тарихы, ізбасарлары мен шәкірттері; Ыбырайға тағзым, құрмет; т.б. Ұстаздық көрігі осы жерден басылып, ұлан-байтақ еліміздің түкпірлеріне білім ұшқынын шашқан бұл өңірдегі аталмыш мұражай түзілімі болашаққа қалтқысыз қызмет жасап жатқандай.

Тағы бір мұражай тәуелсіздігімізді алып, етек-жеңімізді жия бастаған тұста, кешегі жаугершілік заманда қазақтың төрт тірегінің бірі болған Шақшақ Жәнібек бабамыздың 300 жылдық мерейтойы қарсаңында, Торғай халқының өз қаражатымен ашылған. Бұл мұражай XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезіндегі «Алқакөл сұлама, Ақтабан шұбырынды» қасіретін көз алдына әкелетін «Аңырақай шайқасы» диарамасы мен Жәнібек бабамыздың өмір жолы, жазған хаттары, бабасы Шақшақ баһадүр ұстаған тудың қиындысы, «Тархан» атағын алғандағы жарлық пен зират басынан әкелінген топырағы, батыр жөнінде жазылған кітаптармен толықтырылған.

> “ МІРЖАҚЫПТЫҢ СҮЙЕГІН КАРЕЛИЯДАН ЕЛГЕ ӘКЕЛЕР КЕЗІНДЕ ҚОРЫМНАН АЛЫНҒАН БІР УЫС ТОПЫРАҚ ЖАЙЛЫ БІЛГЕННІҢ АРТЫҒЫ БОЛМАС. СОЛ ТОПЫРАҚТЫ АПАМЫЗ ӨМІРІНІҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ТӨСЕГІНІҢ БАСЫНДА САҚТАП, ДҮНИЕ САЛАР АЛДЫНДА БАЛАСЫ ЕРЛАН САТЫБАЛДЫҰЛЫНА «ҚАБІРІМНІҢ ІШІНЕ, ДЕНЕМЕ ЖАРТЫСЫН СЕБЕРСІҢДЕР, ҚАЛҒАНЫН ТОРҒАЙДАҒЫ МУЗЕЙГЕ, ГҮЛБАНУҒА ТАБЫС ЕТЕРСІҢ» ДЕП АМАНАТ ЕТІПТІ. АНА ӨСИЕТІНЕ АДАЛ ЕРЛАН НАҒАШЫ АТАСЫ МІРЖАҚЫП ҚАБІРІНІҢ СОЛ ТОПЫРАҒЫН МУЗЕЙ ҚОРЫНА ТАБЫСТАДЫ.

Кешегі өткен сойқан кезеңдерде елдік үшін күрескен, қуғын-сүргінге ұшырап, тоталитарлық жүйенің қылбырауына түскен, тұтас ұлттың қос арысы А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлына арналған музейде қос тұлғаның өмір жолы, білім алған кезеңдері, тұтынған заттары, жасаған еңбектері көрсетіледі. Торғайдан түлеп ұшып, бүкіл әлемге танылған ірі ғалымдар, ақындар мен жазушылар, өнердің хас шеберлері, сазгерлер, әнші-жыршылар және қоғам қайраткерлерінің өмір деректері де осында.

Заман талабына лайықты қадам жасау қандай бір істі де болсын көркейтеді ғой. Соған лайық болуға қам жасалуда. Мұражай қызметкерлері ғылыми іздестіру, зерттеу, қор жұмысы, мәдени ағарту, баспа ісі бағытында шығармашылықпен, бастамашылдықпен көзге түсуде. Мақсаттары – ұлттық құндылықтар мен мәдени мұрамызды, ел тарихын сақтап, насихаттап, келер ұрпаққа бүкпесіз жеткізу. Осы орайда облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі байқаулар мен ғылыми конференцияларға қатысып, тиісті марапаттарға ие болып жүр. Мысалы, 2011 жылы «Мұражай – тарих пен бүгінгі күннің феномені ретінде» атты халықаралық мұражайтанушылар форумы аясында өткізілген «Үздік ауыл мұражайы» байқауының жеңімпазы атанып, зор абыройға бөленді.

Мұражай жабдықтау күрделі жұмыс қой. Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының тұтынған заттары мен еңбектерінің түпнұсқалары туыс-туғандарынан арнайы барып жинақталды. Ахаңның «Қырық мысал» (Қазан, 1909 ж), «Маса» (Орынбор, 1911 ж) кітаптары 1937 жылы киізге оралып, жер астына көмілген екен. Сол баға жетпес мұраларды 1990 жылы қазып алып, мұражай қорына табыс еткен Смағұлов Ерден ақсақал еді. Оған кезінде әкесі: «Балам, Ахаң халық жауы болуы мүмкін емес, түбі ақталады. Кезінде ақ келінді елге алып келгенде қос кітапты сыйға тартып еді, есіңде болсын түбі ақталғанда осы жерден қазып аласың», – деп өсиеттепті. Араға жылдар түскенде Ерден атамыз аманатқа қиянат жасамай мұражайға әлгі қазынаны табыстапты. Осылайша жәдігерлер тұс-тұстан жиналып бас құрады.

Шолпан Ахметқызы мен Гүлнәр Міржақыпқызы Ахаң мен Жақаңның ақталуына байланысты 1991 жылы Торғайда өткен республикалық ғылыми-теориялық конференцияға арнайы келіп қатысқанда, қасында жүріп қызмет етіп едік. Сол кісілердің де мұражайға сыйы молынан болды. Ең кереметі қос арыстың нақты тұтынған заттары мен шығарған кітаптарының сирек кездесетін нұсқаларын сыйлауы – баға жетпес құндылық еді. Мына мысалды айтсақ, көзсіз ерлікке пара-пар оқиғаға тәнті боласыз. Гүлнәр апамыз қиынқыстау кезде әкесінің дүниелерімен қатар, атасы Ахметтің 4-кітабының түпнұсқасын Орынбордан Мәскеуге көшіп бара жатқан татар көршісіне аманаттап табыстаған екен. 52 жыл бойы оған алыстан ақысын жіберіп отырып, 1990 жылы ғана Алматыға алып келіп, келесі жылы Торғайдағы мұражайға өткізді. Сондай-ақ Ахаңның үйішілік қолданыстағы – жез леген, шифонер, ағаш диван, сағаты, жорнал үстелі, патефоны, т.б. мұражайдың көзқұртына айналған.

– Сырт көруші түгілі, отыз жыл осы саланың сенімді қамқоршысы, жетекшісі боп жүрген өзім де мұражай табалдырығын аттаған сайын жүрегім атша тулап, арыстармен сәлемдесе бастағандай ыстық бір күй кешетінімді айтсам, әсте әсірелеу болмас деп ойлаймын, – деген Гүлбану сөзінен мол сыр ұғуға болатын секілді.

Ал Жақаң тұтынған заттарға келер болсақ, ас үстелі, тумбасы, қол жуғышы, шай әбзелдері, кестелі атлас көрпесі, бұның бәрі шешеміз Ғайнижамалдың төркінінен келген дүниесі болса, тар жолтайғақ кешу жылдарында қапаста отырып өзіне тіккен қазақы аяқталмай қалған тақиясы мен қызы Гүлнәрға жасаған фоторамасы, 10 жасында дүние салған баласы Әлібекке жасатқан қайыстан жасап күміспен шекелеткен белбеуі, жолға ұстаған партплеты мен Алаштың кейуанасы атанған Гүлнәр апамыздың оранған жөргегі, Ғайнижамалдың тұтынған қобдишасы мен қайшысы, балаларының шашын алған машинкасы мен өзіне тоқыған жағасы – осының бәрі Гүлнәр апамыздың мұражайға табыс еткен жәдігерлерінің бір парасы ғана. Осының бәрі мұражайдағы құнды дүниелер.

Міржақыптың сүйегін Карелиядан елге әкелер кезінде қорымнан алынған бір уыс топырақ жайлы білгеннің артығы болмас. Сол топырақты апамыз өмірінің соңына дейін төсегінің басында сақтап, дүние салар алдында баласы Ерлан Сатыбалдыұлына «қабірімнің ішіне, денеме жартысын себерсіңдер, қалғанын Торғайдағы музейге, Гүлбануға табыс етерсің» деп аманат етіпті. Ана өсиетіне адал Ерлан нағашы атасы Міржақып қабірінің сол топырағын музей қорына табыстады.

Енді бесінші мұражай туралы да қысқаша таныстыра кетейік. Ол Торғайдың топжарғаны, айтыс дүлдүлі Нұрхан Ахметбековтің музей-үйі 1983 жылы ақынның 70 жылдық мерейтойында ашылып, бүгінге дейін халыққа қызмет етіп келеді. Әне бір жылы ұрпақтары мен жерлестерінің жинаған қаржысына ғимарат күрделі жөндеуден өтті.Торғай мұражайлар кешенінің қызметкерлері тақырыптық жоспарын, жаңадан экспозициясын жасауға көмектеседі.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өлкетанушылардың, географтардың, оқушылардың қатысуымен Торғай елінің қасиетті жерлеріне экспедициялар ұйымдастырылып тұрады. Сонымен қатар «Қазақстанның киелі жерлері» арнайы жобасы бойынша жұмыс тобының құрамымен тұрғындар арасында кездесулер мен семинарлар өткізіп, мұражай қызметкерлері баяндамалар оқиды.

Биыл әлеуметтік желілер арқылы «Қазақстанның киелі жерлері картасына» біздің ауданнан енген 7 нысан туралы мағлұматтар берілді. Атап айтсақ: Албарбөгет бөгеті – Көкалат ауылы, Міржақып Дулатұлы кесенесі – Бидайық ауылы, Баймырза әулие кесенесі – Қалам-Қарасу ауылы, Қазыбай әулие мазары– Аралбай ауылы, Тілеп әулие мазары – Жыланшық бойы, Ахмет Байтұрсынұлы үйі – Аққөл ауылы, 1916 жылғы Татыр шайқасы белгісі – Жаркөл ауылы. 2019 жылы киелі орындар қатарына Шұбалаң ауылындағы Бейсен батыр кесенесі енгізілді. Сонымен қатар «Туған өлке тұлғалары» көрмелер жобасы, Жеңістің 75 жылдығына «Торғайлықтар соғыс майданында» циклы да көрермен назарына ұсынылуда.

Былтырғы бір ауқымды іс-шара жұрт көкейіне қонақтап қалғандай екен.

«Қазақстанның рухани киелі жерлері» бағдарламасы аясында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізу мақсатында Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев университеттен профессорлар, студенттер мен магистранттар, сондай-ақ Мажарстан профессорларынан құралған экспедиция өлкеміздің тарихи орындарына саяхат жасап, мұражайларды аралап, ел тарихымен танысты. Олардың зерттеу нәтижелері мол қайтарымымен қуантуда.

Сондай-ақ Абай мерейтойына, тағы басқа айтулы күндерге торғайлықтардың қосқан үлесі де қомақты болғаны байқалады. Індет кеселіне байланысты іс-шаралар әлеуметтік желілерде, онлайн түрде жалғастырылды.Тікелей эфир арқылы мерейтой иелеріне арналған іс-шаралар өткізілді. Карантин уақытында барлық аймақтардағы музей қызметкерлері ұйымдастырып жатқан онлайн конференцияларға, семинарларға қатысуды үзген емес. Сонымен қатар ұжым қызметкерлері сәуір айында Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі мен Қазақстан музейлерін ақпараттық-әдістемелік қолдауға арналған біліктілік арттыру курсынан өтіп, сертификатқа ие болды. «Музейге сый» акциясы аясында қор бірнеше құнды жәдігермен толықты. Ел арасында елеусіз жатқан, қолданыстан шығып қалған тарихи маңызы бар мұралар жинастырылды. Жетекші Г.Сәрсекенің өзі Атырау қаласында «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасына арналған III республикалық форумда «Үздік өлкетанушы» төсбелгісімен марапатталды. Былтыр Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы музейінің ұжымын қос арыстың өмірі мен шығармашылығын насихаттаудағы еңбектері үшін Алғыс хатпен марапаттады.

– Алдағы уақытта кешен қорындағы жәдігерлер мен құжаттарды цифрлы жүйеге көшіріп, экскурсияларды үнтаспаға жазуды көздеп отырмыз. Сондай-ақ «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында Алтын орданың 750 жылдығы, Ұлы Абайдың 175 жылдығы, Торғай бекінісінің 175 жылдығы, Алаш арысы М.Дулатұлы мен Гүлнар Міржақыпқызының мерейтойларына арналған іс-шаралар да сәтімен жүзеге асты. Әрине, кейбіріне мына індет қолбайлау болғаны да белгілі. Осы ретте облыс басшыларының, аудан әкімі Ш.Оспановтың жұмысымызға деген ілтипатты қамқорлығына рахмет айтуды парыз санаймын,– дейді Г.Сәрсеке.

Гүлбану қарындасымыз туған жерге туын тігіп, саналы ғұмырын талантты марқұм ағасы, жазушы Қоғабай Сәрсекеге ұқсап, халқына ұлтжандылықпен қалтқысыз еңбек етіп келе жатқан тұлға. Осы орайда оның көңіл толқытарлық бір әңгімесін еске сала кеткеннің артықтығы болмас

– «Әркімнің туған елі – Мысыр шаһары» демекші, Торғай мен үшін жердің жәннаты деп білемін. Торғай туралы жырламаған ақын жоқ. Ертеректе болған мына оқиғаны айта кеткім келіп отыр. Биыл өмірден өткен ел перзенті, қоғам қайраткері, академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевтің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында келетін қонақтар тізімін оқып отырғанымда көзім «Әбіш Кекілбаев, жұбайымен» деген сөзге түсіп, көңілім алаңдап қалды. «Бұл қалай болады екен, ол кісі келе ала ма?» деген сұрақ туындады. Себебі жақын арада ғана қабырғасы қайысып, бауыры мен баласынан айрылғанын естіген едік. Осы сұраққа жауапты кеш барысында білдім. Сөз кезегін Әбіш ағаға бердім. Ортаға шыққан абыз ағамыз былай деп еді: «Қан жұтып, қаралы болып отырсам да, мұнда келуімнің себебін айтайын. Ахаңның кіндік қаны тамған, табанының ізі қалған қасиетті Торғай жерінен рухымды биіктетіп, рухани қазына алуға келдім», – деген Әбекеңнің жан тебірентерлік сөзін еске алып еді Гүлбану.

Кезінде Мағжан Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» десе, Елбасы «Ел болашағы – жастар» деп үнемі айтып жүр. Бүгінгі таңда жастар ешқандай жалған ұрансыз, айқайламай, даңғырлатпай, жылдағы дәстүр бойынша «Жүрегімнің дүрсілі – Торғай» атты декада ұйымдастырып, жұдырықтай жүректері арқылы елге, жерге деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімдерін көрсетіп жатыр екен. Ал ондай іргелі істің бастауында Торғай мұражайлар кешені тұр.

Қайсар ӘЛІМ,
газет ардагері,
Жанкелдин ауданының
Құрметті азаматы

Қостанай облысы

СУРЕТТЕРДЕ: мұражайға Гүлнәр Міржақыпқызы тапсырған жәдігерлердің бір парасы

ТАЛАП ЖӘНЕ ТӘРТІП

Кесілген ағаштың сұрауы кімнен?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда желі қолданушылары сауда үйінің мәлімдемесінің тым кеш жария болуының өзі көп жағдайға күмәнмен қарауға мәжбүр етеді деп пікір жазған.

Алматы қалалық Жасыл экономика басқармасы мен табиғатты қорғау полициясы бөлімінің мамандары жағдаймен танысқан. Алмалы аудандық әкімдігінің хабарламасында қазір тиісті процесуалдық шешімді қабылдау үшін материалдар жинақталып жатқаны айтылады.

«Оталған 13 ағаштың тоғызы – емен, төртеуі – қарағаш. Белгілі болғандай, Sulpak-тың «Сакура» және «Бөрібекова» мердігер компаниялары Төле би көшесіндегі ғимарат маңында абаттандыру жұмыстарын жүргізіп жатқан болып шықты. «Arena S» (Sulpak сауда маркасының иесі), ғимарат иелері және екі жеке кәсіпкер – «Сакура» және «Бөрібеков» компаниясы дренаждық арнаны, тротуар плиталарды жөндеу, өсінділерді отау және тағы басқа жұмыстар жүргізу бойынша келісім жасаған» делінген ведомство хабарламасында.

Кейінірек қала әкімі Бақытжан Сағынтаев жағдайды тікелей өз бақылауына алғанын мәлімдеді. Оның айтуынша, мамандандырылған табиғатты қорғау прокуратурасы заңсыз ағаш кескені үшін ҚК 340-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу ісін бастаған. Шаһар басшысы қалалық полиция департаментінің бастығы Қ.Таймерденовке істі толығымен қарап, оның объективтілігін қамтамасыз етіп, кінәлілерді анықтап, жауапкершілікке тартуды тапсырған.

«Қазіргі уақытта сауда үйінің жанындағы аумақты «Arena S» ЖШС-ға қарасты (Sulpak) «Сакура» ЖК мен «Бөрібекова» мердігерлерінің абаттандырғаны анықталды. «Сакура» ЖК-ның басшысы ҚР ӘҚБтК 437-бабы бойынша түнгі уақытта азаматтардың тыныштығын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Істің барысы туралы жұртшылықты хабардар етіп отырамыз. Бұл мәселе – менің жеке бақылауымда» деп жазды Б.Сағынтаев.

Эколог, «Байтақ-Болашақ» экологиялық альянсының жетекшісі Азаматхан Әміртай кәсіпкерлер ағаштарды кесу үшін алдымен қоғамның, халықтың келісімін алуы керек екенін айтады.

«Осындайда шенділер Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына салғырт қарап жатқан секілді көрінеді. Мұндай оқиғалар адамдардың наразылығын күшейте береді. Проблема қордалана берсе, қоғамда үлкен дағдарыстар туындайды. Бұл – бір. Екіншіден, экологияға орасан залал келіп жатыр. Алматыға онсыз да ауа жетпейді. Ал біз ағаштарды аяусыз кесе береміз. Негізінде ағаш кесу үшін барлық қоғамдық ұйымдардың, көрші ғимараттардың келісімін алу керек. Егер кескен ағаштың орнына мың ағаш отырғызса, онда рұқсат етуге болады. 13 ағаш кессін де, 13 мың ағаш отырғызсын», дейді ол.



Экологтың айтуынша, қоғамды да, қала билігін де пысқырмай отырған кәсіп иелерін әкімшілік жауапқа емес, қылмыстық жауапқа тарту қажет.

«Мұндайларға әкімшілік жаза қолданып, заңда көрсетілген айыппұлды сала салу тым аз. Оларға қатаң қылмыстық жаза қолдануымыз керек. Сонда ғана мұндай опасыздардың жолын кесе аламыз. Осы мақсатта біз «Байтақ-Болашақ» партиясын құру жолында жанталасып жүрміз. Партия құрып, осындай мәселелерді халықтық деңгейде көтермей, мәселе шешілмейді. Арқа сүйейтін Экология кодексі де әлі Мәжілістің қарауында жатыр. Сондықтан қазір таразының басы заңсыз әрекет ететіндерге ауып тұрғаны жасырын емес», дейді А.Әміртай.

Сондай-ақ желі қолданушылары сауда үйіне байкот жариялауға шақырған. Мұндай ұсыныс білдіргендердің қарасы қалың. Солардың бірі – Анар Құрманбекова.

«Өздерінің бизнесінің гүлденуі үшін ағаштарды кесіп тастайтын кәсіпкерлерге және Sulpak-қа байкот жариялаймын. Сіздің өркендеуіңізге ағаш емес, жаратылыс және заң туралы түсінігіңіздің жоқтығы кедергі келтіреді. Бір сәттік пайда табу үшін қоршаған ортаға зиян келтіру – бұл бизнес емес, қылмыс. Елдегі вандализм мен варварлыққа тоқтау салу керек» деп жазады Анар.

Алматыдағы ағашты заңсыз кесу фактісінің тіркелуі – бір бұл емес. Ақпан айында Құлжа тасжолының бойында сауда үйін салу үшін ағаштарды сұлатып салған.

«Ешқандай өтініш, сұраныс болмаған. Тым құрыса біз өтемақы төлейік, соған орай мұнша ағаш кесейік деп те айтпаған. Құбыр желілерін тарту үшін қалауынша кесе салған. Алдын ала есептеу бойынша 11 мың ағаш кесіліпті. Экспертиза керек», деген еді экобелсенді Тимур Елеусізов.

> ҚАЛАЛЫҚ БАСҚАРМА ӨКІЛІНІҢ МЫНА СӨЗІ «АҒАШТАРДЫ АЛАҢСЫЗ КЕСЕ БЕРІҢДЕР» ДЕГЕНІНДЕЙ ЕСТІЛГЕНІН ДЕ ЖАСЫРЫП ҚАЙТЕЙІК. ӘЛСІЗ БАҚЫЛАУ МЕН ШАРАСЫЗ ЖАЗАЛАУ БОЛҒАН ЖЕРДЕ ОСЫНДАЙ ТӘРТІПСІЗДІКТІҢ ҚАНАТ ЖАЯРЫ БЕСЕНЕДЕН БЕЛГІЛІ.

Ал қалалық Жасыл экономика басқармасының бөлім басшысы Қайрат Тоқтасынов «Сауда ойын-сауық орталығы құрылысына рұқсат беру мен ағаштарды кесуге рұқсат беру – екеуі екі түрлі құжат. Қазір біз компания басшыларымен байланыса алмай жатырмыз. Табиғатты қорғау прокуратурасына арыз бердік» деген.

Қалалық басқарма өкілінің мына сөзі «ағаштарды алаңсыз кесе беріңдер» дегеніндей естілгенін де жасырып қайтейік. Әлсіз бақылау мен шарасыз жазалау болған жерде осындай тәртіпсіздіктің қанат жаяры бесенеден белгілі.

Биыл маусым айында қалалық Жасыл экономика басқармасы Бостандық ауданындағы Дружба паркін реконструкциялау үшін 169 ағашты кесуді жоспарлап отырғанын жария еткен. Жыл басында Медеу ауданындағы бұрынғы туберкулез диспансері жанындағы 70 түп ағашты заңсыз кесіп тастағаны белгілі болды. Жасыл экономика басқармасы жер иесіне айыппұл салдық деді. Қазан айында коттеджді қалашық салу үшін 100-ден аса алма ағашын еш рұқсатсыз қырқып тастаған. Мұндай бассыздықты тізбелей берсек, шегіне жету тіпті қиын.

Кәсіпкерлердің ағаштарды алаңсыз кескеніне қарап, шаһардағы бизнес қауымдастық қала билігінен қаймықпай ма деп қаласыз. Екінші бір себеп – айыппұлдың арқаға аяздай батпайтынында да сияқты. Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 386-бабы бойынша ағаш кескені үшін салынатын максималды айыппұл – 150 АЕК. «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары белгілейтін жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бұзу – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» делінген кодексте.

Келеңсіздікке көз жұма беріп, су қараңғы соқыр қоғамға айналып кетпейміз бе деген қауіп туатыны да содан. Бірді-екілі белсенді айтып, жазып жатыр. Сөйткен есіл еңбек елене ме, әлде «жазалылар жауапкершілікке тартылды» деген қылдай жауаппен іс тәмам бола ма, белгісіз. Кейін жағдайдың қалай өзгерерін қайдам, Алматы әл-әзір заңсыз ағаш кесу «жәрмеңкесін» өткізіп жатқан шаһарға ұқсайды...

АЛМАТЫ

25 мың қазақстандық экологияны жақсартуға көмектесті

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев Үкімет отырысында отандық экобелсенділерімен бірлесіп, өңірлердегі экологиялық ахуалды жақсартуға байланысты жол карталарын таныстырды.

Жақсылық МҰРАТҚАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Ведомство басшысы қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған Экологиялық кодекстің жобасы Мәжілісте мақұлданып, Сенаттың қарауына жіберілгенін айтты.

«Жаңа экологиялық кодекстің қабылдануын күтпей «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес, экологиялық проблемалар мен оларды халықпен, әсіресе барлық өңірлердегі экобелсенділермен шешу жолдары қарастырылды. Барлығы он жеті онлайн кездесу өткізілді. Оларға жиырма бес мыңға жуық адам қатысты», деді министр.

Өңірлердегі экологиялық ахуалды жақсартуды көздейтін он жеті жол картасы әзірленді. Айталық, Қарағанды облысының экологиялық жағдайын жақсарту үшін дайындалған Жол картасында елу жеті іс-шара қарастырылған. Олардың арасында «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорнында қазандық және газ тазалау жабдығын қайта жаңарту, әк күйдіру цехын Теміртау қаласынан тыс шығару және Жезқазған қаласында «Қазақмыс» кәсіпорнының жаңа күкірт қышқылы цехын салуды айтуға болады.

Бұл шаралар қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса Теміртау қаласында өндірістік ағынды суларды тазарту торабын және Балқаш пен Жезқазғанда жаңа кәріздік тазарту кешендерін салу, «АрселорМиттал Теміртау» қалдықтарын кәдеге жарату, Жезқазғанда биоэлектростансасын салу және «Дарьял-У» жерлерін қалпына келтіру жоспарланған.

Алматы бойынша Жол картасында жиырма іс-шара қарастырылған. Олардың ішінде: ЖЭО-2 және ЖЭО-3 газға ауыстыру, қалаға іргелес жатқан жеке сектор аудандарын газдандыру, коммуналдық қызметтер мен қоғамдық көлік қызметіндегі автокөліктерді сығылған табиғи газға ауыстыру, дизелді отынмен жүретін қоғамдық көліктерге кезең-кезеңімен тыйым салу, сол секілді көгалдандыру бағытындағы жұмыстар қарастырылған.

ТАБИҒАТ ТЕРЕЗЕСІ

«Теңізшевройлдан» – 825 көшет

Атыраудағы өткір мәселенің қатарында көгалдандыру да бар. Өңірде орман алқабы тым аз. Темір жол мен автокөлік жолдарының бойында өсіп тұрған тал жоқ. Енді бұл мәселе оң шешілетінге ұқсайды. Облыс әкімі Махамбет Досмұхамбетовтің айтуына қарағанда, келесі жылдан бастап орман қоры мен елді мекендердің аумағын қоса алғанда 6 мың гектарды көгалдандыру көзделді. Бұл үшін көшет егуді жүргізуге ірі мұнай-газ компанияларын тарту жоспарланып отыр.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Үш жылдан он жылға дейінгі кезеңге жоспарланған көгалдандыру барлық ауданда жүргізіледі. Бұл жыл сайын 100 мыңға дейін көшет егуге мүмкіндік береді. Бұған қоса Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп, өңірдің экологиялық өзекті проблемаларын шешу жөніндегі Жол картасы әзірленді. Жол картасы қоршаған ортаны жақсарту бағытындағы 40 тармақты қамтиды.

– Жайық өзенін сақтау мен тиімді пайдалану мәселесі өткір тұр. Өзен ағынының шамамен 80 пайызы көршілес Ресейде қалыптасады. Сондықтан өзеннің төменгі сағасында орналасқан өңір жоғары жақтағы ірі су қоймалары мен гидротехникалық құрылғыларға тәуелді болып отыр. Соңғы екі жылда ағын көлемі үш есеге жуық қысқарды. Осы себептен Жайық пен Қиғаш өзендерінің 200 шақырымында бірнеше жыл бойы тереңдету жұмыстары жүргізілуде, – дейді М.Досмұхамбетов.

Әкімнің пікірінше, өңірдегі ірі мұнай-газ кәсіпорындарын «Ластаушы қалпына келтіреді» ұстанымына сәйкес қоршаған ортаға келтірген залалдың орнын толтыру үшін көгалдандыру жұмыстарына тарту көзделуде. Өйткені бірінші санаттағы кәсіпорындардың атмосфераға шығарған 165 мың тонна шығарындылар көлемінің 86 пайызы алты ірі кәсіпорынға тиесілі болып отыр. Облыс әкімдігі негізгі ластаушы саналатын ірі кәсіпорындармен келіссөз жүргізіп, оларға тал егу үшін арнайы жер учаскелерін бекітіліп берілді. Осыған байланысты қазір Атырау қаласының аумағынан орман қоры мен елді мекендер жерін қоса алып, учаскелердің тізбесі жасақталды.

Атмосфераны ластаушылар қатарындағы «Теңізшевройл» ЖШС «Атырау-Доссор» бағытындағы жолдың бойына 825 тал көшетін егуді қаржыландырады. Осыған орай өткен аптада көшет егілетін аумақта жер қазу жұмысы басталды. Аталған аумақтың топырағы сортаң. Себебі жер астындағы тұзды су тым тереңде емес. Оның үстіне қар мен жаңбыр суы да жерге тез сіңбейді. Ал бұл тал көшетін егуге арналған аумақтың құнарлылығын арттыру қажеттігін туындатады. Сондықтан шетелдіктермен бірлескен кәсіпорын бөлінген аумаққа табиғи тыңайтқыштармен байытылған құнарлы топырақ төгуді көздеп отыр.

«Ынтымақ Атырау» ҮЕҰ-ның директоры Майя Шаменованың айтуынша, егілетін көшеттердің тамыры кесек топырақ ішінде, жабық күйінде келеді. Бұл көшеттердің тез жерсінуіне ықпал етеді. «Атырау-Доссор» жолының бойына кәдімгі шаған, шашыранды бұтақты шаған, үйеңкі, ағаш тектес тал көшеттері егіледі. Көшеттердің барлығы Атырау қаласынан 15 шақырымда орналасқан Қайыршақты ауылдық округіндегі орман тәлімбағында 4-5 жыл бойы өсірілді. Әр көшеттің биіктігі – 1,2-1,8 метр. Көшеттер өңірдің құрғақ, шөлді климатына бейімделген. Себебі бұл көшеттер – қалада өсіп тұрған ағаштардың тұқымы.

– Атырауда туып-өстім. Сондықтан туған өлкемді жасыл желекпен көмкеру – ең маңызды жоба. Көшет егілетін аумақты дайындауға тек жергілікті жұмысшылар тартылды. Ал көшеттер атыраулық шаруа қожалықтарынан сатып алынды. Біз өлкеміздің жасыл желекке көмкерілгенін қалаймыз, – дейді М.Шаменова.

Атырау облысы

ФУТБОЛ

«Каспий» КПЛ-да қалды

Сейсенбі күні футболдан Қазақстан чемпионатының 20-тур ойындары өтті. Көш басында келе жатқан командалар ұпайдан шашау шығармай, кезекті жеңістеріне қол жеткізсе, қола жүлдеге үмітті «Ордабасы» мен «Шахтер» ұпай жоғалтты.

Әли БИТӨРЕ,
«Egemen Qazaqstan»

«Астана» – «Қайсар» – 3:1

Өткен турда күтпеген жерде «Шахтерден» 3:1 есебімен жеңіліп қалған елорданың «Астана» клубы «кеншілерге» кеткен есесін Қызылорданың «Қайсарынан» қайтарды. Яғни 20-турда еліміздің алты дүркін чемпионы дәл сондай есеппен былтырғы Қазақстан кубогының иегерін жеңді. Алматыдағы «Жас Қыран» стадионында өткен матчтың есебін 25-минутта хорватиялық легионер Марин Томасов ашты. Алайда арада бес минут өткенде қызылордалықтардан Максим Федин есепті теңестіріп, «Астана» футболшыларын уайымға салып қойды. Бұл – ФедиННің «Қайсар» клубындағы алғашқы голы. Ол бұл голын жуырда ғана ауруханадан емделіп шыққан анасына арнады. Естеріңізде болса, осыдан бір ай бұрын Максим Федин Ұлттар лигасының кезекті туры аясында сырт алаңда Беларусь құрамасымен өтетін ойынға отбасылық жағдайға байланысты қатыса алмай қалған еді.

Кездесудің екінші таймында «Астана» футболшылары барын салды. Өйткені бұл турда да үш ұпай олжалай алмаса, қолда тұрған қола жүлдесінен де айырылып қалуы мүмкін еді. Дегенмен жыл басында «Астана» құрамын толықтырған шабуылшы Пиерос Сотириу 61-минутта баспен гол соғып, командасын алға шығарса, 73-минутта 11 метрлік айып добын сәтті орындап, командасына маңызды үш ұпайын сыйлады. Бұл кездесуден кейін «Астана» 30 ұпаймен үшінші орынын сақтап қалды. Ал «Қайсар» 24 ұпаймен 6-орында қалды.

«Қызылжар» – «Ордабасы» – 0:0

19-турда сенсация жасап, «Қайраттан» 3:2 есебімен басым түскен «Қызылжар» бұл жолы «Ордабасы» клубымен тең ойнады. Жалпы, екі команда арасындағы бұл кездесу турдың емес, жалпы маусымның ең қызықсыз матчы болды десек артық айтқандық емес шығар. Өйткені екі команда да бір-бірінің қақпасына мүлде дәл соққы жасамаған. Екі матчта бір ұпайға ие болған шымкенттік клуб турнир кестесінде «Астанадан» екі ұпайға артта қалып келеді. Чемпионатта «Ордабасының» бір ойыны, елордалықтардың екі кездесуі қалғанын ескерсек, «Ордабасы» қола жүлдеден үмітті үзді дей беруге болады. Ал петропавлдық команда 20 ұпаймен 9-орынға тұрақтады.

«Тараз» – «Каспий» – 0:1

Қатарынан екі турда жеңіске жеткен ақтаулықтар келесі жылы да ел чемпионатына қатысуға мүмкіндік алды. Биыл ғана жоғары лигаға шыққан «Каспий» үшін бұл тамаша жетістік. Алматыдағы Тимур Сегізбаев атындағы стадионда өткен ойынның жалғыз әрі жеңіс голын 45-минутта Арман Нүсіп соқты. Турнир кестесінде соңғы орында тұрған «Оқжетпестен» алты ұпайға озып, 10-орынға табан тіреді. Ал «Тараз» 20 ұпаймен 8-орында қала берді.

«Оқжетпес» – «Тобыл» – 0:2

Көкшетаудың «Оқжетпес» клубын еш қиындықсыз жеңген «Тобыл» күміс жүлдеге бір табан жақындай түсті. Егер қостанайлықтар келесі турда «Тараз» клубынан басым түсетін болса, мерзімінен бұрын ел чемпионатының күміс жүлдегері атанады. «Оқжетпеспен» өткен кездесудің есебін 38-минутта Жереми Манзорро ашты. Ал екінші таймның 60-минутында Көкшетау футбол мектебінің түлегі Сұлтан Әбілғазы «Тобылдың» екінші голын соғып, матчтың нүктесін қойды. Қазақстан жастар құрамасының ойыншысы осымен екінші матч қатарынан мергендігімен көзге түсіп отыр.

Қатарынан төртінші ойында жеңілген көкшетаулықтар қажетті ұпайын жинай алмағандықтан келесі жылы Бірінші лигада өнер көрсететін болды. 19 ойында 11 ұпай жинаған «Оқжетпесі» кестенің 11-орынында тұр.

«Шахтер» – «Жетісу» – 1:2

19-турда «Астана» командасынан үш ұпай тартып алған соң «кеншілер» командасы қола жүлде үшін өтетін бәйгеге қосылған-ды. Алайда «Шахтер» өткен турда «Жетісудан» жеңіліп, чемпионатты үшінші орынмен аяқтайтын тамаша мүмкіндігінен айырылып қалды. Кездесудің есебін 23-минутта «Жетісу» шабуылшысы Мартин Тошев ашса, екінші таймның 74-минутында Педро Эуженио есепті еселеді. Бірақ араға төрт минут салып Айдос Тәттібаев есеп айырмасын қысқартқанымен, командасын жеңілістен құтқарып қала алмады. «Жетісу» осы жеңісінің арқасында 25 ұпаймен 6-орынға көтерілді. Ал Горовенко шәкірттері 26 ұпаймен 5-орында қала бермек.

20-турдан кейін Көкшетаудың «Оқжетпесі» Бірінші лигада өнер көрсететіні белгілі болса, биылғы Бірінші лигада топ жарған «Ақтөбе» мен «Атырау» командалары келесі жылы Жоғары лигада ойнауға мүмкіндік алды. Ел чемпионатының келесі тур ойындары 27 қарашада өтеді.

№		КОМАНДА	О	Ж	Т	Ұ	ДОП	ҰПАЙ
1.		«Қайрат»	19	14	3	2	48:18	45
2.		«Тобыл»	18	11	2	5	24:15	35
3.		«Астана»	18	9	3	6	29:20	30
4.		«Ордабасы»	19	8	4	7	24:25	28
5.		«Шахтер»	18	7	5	6	24:22	26
6.		«Жетісу»	18	8	1	9	23:26	25
7.		«Қайсар»	19	6	6	7	19:21	24
8.		«Тараз»	18	4	8	6	18:21	20
9.		«Қызылжар»	18	5	5	8	13:22	20
10.		«Каспий»	18	5	2	11	15:27	17
11.		«Оқжетпес»	19	2	5	12	15:35	11

ӘУЕСҚОЙ БОКС

Үздіктер шетінен сүрінуде

Бұл күндері Шымкентте бокстан дәстүрлі Қазақстан чемпионаты өтіп жатыр. Жарыстың алғашқы күнінен бастап сенсациялық нәтижелер тіркеліп, кейбір үздік боксшылар алғашқы сыннан сүрінді. Назарларыңызға ішкі біріншіліктің алғашқы екі күнінде тіркелген нәтижелерді ұсынамыз.

Әли БИТӨРЕ,
«Egemen Qazaqstan»

Жарыс шымылдығын 49 кило салмақтағы былғары қолғап шеберлері түрді. Дәл осы салмақта Қазақстанның бес дүркін жеңімпазы атанып, түрлі халықаралық додаларда атой салып жүрген көкшетаулық Теміртас Жүсіпов турнирді сәтті бастады. Алматылық Мұхамеджан Әбдірасыловпен жұдырықтасқан Жүсіпов қарсыласына еш мүмкіндік қалдырмай, төрешілердің шешімімен жеңіске жетті. Сонымен қатар чемпиондыққа басты үміткер саналған елордалық Асхат Жүсіпов, жамбылдық Ермек Мәдиев, Алматы облысының өкілі Жандос Несіпжанов және тағы басқа боксшылар келесі кезеңге сүрінбей өтті.

52 кило салмақта алғашқы күннен-ақ үздік қарсыластар бір-біріне тап болып, жарыс көрігін қыздырды. Атап айтар болсақ, 2017 жылы Германияда өткен әлем чемпионатында 49 килода ел қоржынына қола жүлде салған Түркістан облысының өкілі Ержан Жомарт жарыс жолынан шығып қалды. 2017 жылы 52 килода ел чемпионы атанған атыраулық Олжас Байниязов 4 раундта мықтылық танытып, 4:1 есебімен жеңіске жетті.

Жастар арасында Азия чемпионы атанып, мамандардың көзіне түскен шымкенттік Сабырхан Махмұт та ересектер арасындағы ел чемпионатын сәтті бастады. Солтүстікқазақстандық Данияр Жарасовпен қолғап түйістірген ол қарсыласынан екінші раундта техникалық нокаутпен басым түсті.

Сондай-ақ 60 килода 2017 жылы жастар арасында Азия чемпионы атанған Саматәлі Төлтаев, 56 килодан 60 килоға ауысқан Лондон Олимпиадасының қатысушысы Ілияс Сүлейменов, 2013 жылғы ел чемпионы Әділет Құрметов бапкерлер сенімін ақтап, келесі кезеңге жолдама алды. Сүлейменов қарсыласын нокдаунға түсіріп, жекпе-жекті мерзімінен бұрын аяқтағанын айта кетейік.

Екінші жарыс күнін 57 кило салмақтағы жігіттер бастады. Наурыз айында Иордания-дағы Токио Олимпиадасына жолдама беруші жарыста лицензия иеленген павлодарлық Серік Теміржанов алғашқы «сынақтан» сүрінген жоқ. Сондай-ақ осы салмақта былтыр чемпионатта жүлдегер атанған Оразбек Асылқұлов келесі кезеңге шықты.

63 кило салмақтың үздіктері бірінші айналымнан босатылған. Атап айтар болсақ, Зәкір Сафиуллин, Ділмұрат Мижитов және Бекдәулет Ибрагимов жарысты екінші кезеңнен бастайды. Екінші айналымда Сафиуллин Әли Ақеділовпен, Мижитов Азамат Нүркенмен, ал Ибрагимов Айтжан Әшірханмен қолғап түйістіреді.

Олимпия ойындарында «Қазақтың» салмағы атанып кеткен 69 килода осы салмақтың серкесі – Абылайхан Жүсіповтің алғашқы қарсыласы белгілі болды. Екінші айналымда Жүсіпов бірінші кезеңде түркістандық Тұрар Тілеуқабылдан басым түскен Сабыржан Бекбергеновпен жұдырықтасады. 2013 жылы 69 килода Қазақстан чемпионы атанып, кейіннен кәсіпқой боксқа бет бұрған жамбылдық Сағадат Рахманқұл биылғы ел чемпионатында бақ сынап жатыр. Алғашқы айналымда ол Теміржан Баймолданы 5:0 есебімен еш қиындықсыз жеңді. Сонымен қатар 64 килода ел чемпионы атанып, биыл 69 килоға ауысқан жастар арасындағы Азия чемпионы Санатәлі Төлтаев қарсыласы Қуан Қуатовтан ұпай санымен жеңіліп, жарысты ерте аяқтауға мәжбүр болды. 2018 жылы Ақтауда өткен чемпионаттың күміс жүлдегері Асланбек Шымбергенов жарысты екінші кезеңнен бастайды. Оның қарсыласы – шығысқазақстандық Азамат Ибраимов.

Жарыстың екінші күні ауыр салмақтағы боксшылар да рингке көтерілді. Әр жылдары ішкі чемпионаттың жүлдегері атанған атыраулық Еркін Мұхамеджан ә дегеннен-ақ жамбылдық Нұрсұлтан Аманжоловты жарыс жолынан ығыстырды. Ал Мұхамеджан келесі кезеңде ұлттық құраманың капитаны әрі Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаевпен кім мықтыны анықтайды. Сондай-ақ 2016 жылғы ауыр салмақтағы ел чемпионы атанған Олжас Бұқаев жасөспірімдер Олимпиадасының күміс жүлдегері Дамир Тойбайдан жеңіліп, жарысты ерте аяқтады. Ал былтырғы Спартакиаданың жеңімпазы Нұрболат Сермаханов Айболды Дәуренұлынан айласын асыра алмады. Сонымен қатар Спартакиада финалисі Ержан Сейтімбетов те жарысты ерте аяқтады.

ҮЛКЕН ТЕННИС

Кіл мықты бас қосқан қорытынды турнир

биыл ресейлік Даниил Медведевтің жеңісімен мәресіне жетті

Жыл соңында АТР-дің қорытынды турнирі дәстүрлі түрде өтіп тұратынын жанкүйерлер жақсы біледі. Оған тек сол маусымда табысты өнер көрсетіп, рейтинг бойынша ең үздік сегіздікке енген теннисші ғана қатыса алады. Биылғы кіл мықты бас қосқан додада 24 жастағы ресейлік ойыншы Даниил Медведев озды.

Ғалым СҰЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

Иә, Ресей өкілінің биылғы маусымда сәтті өнер көрсетіп, әлемнің төртінші ракеткасы дәрежесіне дейін көтерілгені рас. Бірақ «Үлкен дулыға» санатындағы турнирлерде Даниил Медведев бірде-бір рет топ жарған емес. 2019 жылы АҚШ-тың ашық біріншілігінің финалына дейін жетті. Медведевтің спорттық мансабындағы ең үздік көрсеткіші осы. Десек те Ұлыбританияның астанасындағы АТР-дің қорытынды турнирін ресейлік теннисші өте қарқынды өткізді. Ол топтық сайыстардың үшеуінде де күмәнсіз жеңіске жетті. Тарқатып айтсақ, сербиялық Новак Джокович (6:3, 6:3), германиялық Александр Зверев (6:3, 6:4) және аргентиналық Диего Шварцман (6:3, 6:3) сынды саңлақтарды сан соқтырды. Жартылай финалда атағы алысқа жайылған Испанияның мақтанышы Рафаэль Надальдан басым түсті – 6:7, 7:6, 6:3. Ақтық айқаста аустриялық Доминик Тимді тізе бүктірді – 4:6, 7:6, 6:4.

Өздеріңіз байқағандай, жартылай финалдық және финалдық бәсекені Медведев сәтсіз бастады. Екі ретте де ол бірінші сетте жеңіліс тапты. Бірақ соған бола оның жігері жасыған жоқ. Керісінше, кортқа қайраттанып, қуаттанып шықты. Екінші сеттерде ойын тай-брейкке дейін ұласты. Шиеленіске толы бұл бәсекелерді Даниил өз пайдасына шешті. Даңқты Надаль да, тегеурінді Тим де шешуші тұста Ресей теннисшісінің екіпініне шыдас бере алмады. Үшінші сетте қарсыластарына қарағанда әлдеқайда ширақ қимылдаған Медведев өзінің спорттық мансабындағы ең зор табысына қол жеткізді. Әсіресе оның соңғы 10-15 жылда шашаларына шаң жұқтырмай келе жатқан әлемнің 1-ші және 2-ракеткаларын ұтқанын атап айтқан артық емес.



Лондондағы жарыстың жүлде қоры биыл 5 млн 700 мың АҚШ долларын құрады. Соның 1 млн 564 мыңы бас жүлдені олжалаған Даниил Медведевке бұйырды. Тарқатып айтсақ, ол турнирге қатысқаны үшін 153 мың, топтық сайыстардағы әр жеңісі үшін 153 мыңнан, жартылай финалдағы жеңісі үшін 402 мың және финалдық сайыстағы жеңісі үшін 550 мың долларға иелік етті. Қалған ойыншылар да құралақан қалған жоқ. Олар да Тұманды Альбион елінен біраз олжамен оралды.

ATP-дің қорытынды турнирінің тарихына қысқаша тоқталсақ, бұл дода 1970 жылдан бері үздіксіз ұйымдастырылып келеді. Әр жылдары Токио, Париж, Барселона, Бостон, Мельбурн, Стокгольм, Хьюстон, Нью-Йорк, Майндегі Франкфурт, Ганновер, Лиссабон, Сидней және Шанхай сынды ірі шаһарларда айтулы жарыстың жалауы желбіреді. 2009 жылдан бері байрақты бәсеке Лондонда өтіп келеді. Ал 2021 жылдан бастап Италияның Турин қаласында ұйымдастырылатын болады.

Жыл соңында өтетін осы жарыста ең көп олжаға кенелген Роджер Федерер екені баршаға мәлім. 2003-2011 жылдар аралығында Швейцарияның саңлағы жеті мәрте топ жарды. XX ғасырдың сексенінші жылдары чехословакиялық Иван Лендл және тоқсаныншы жылдары американдық Пит Сампрастың жасындай жарқылдағаны жанкүйерлердің жадында. Бүгінгі таңда Новак Джокович теңдессіз өнер көрсетуде. Атақтары алысқа жайылған айтулы азаматтар бес реттен теңдессіз деп танылды. Былтырғы жарыс грекиялық Стефанос Циципастың жеңісімен аяқталса, биыл Даниил Медведевтің мерейі үстем болды. Бұл – Ресей теннисшілерінің ATP-дің қорытынды турнирінде екінші мәрте топ жаруы. Алғаш рет осыдан 11 жыл бұрын, яғни 2009 жылы дәл осы атаққа Николай Давыденко қол жеткізген болатын.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті аумақтық департаменттерінің республикалық меншік объектілерін сату бойынша www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында аукцион өткізетіндігін хабарлайды

Республикалық меншік объектілерін сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Аукционның өткізілу күні мен уақыты: 2020 жылғы 22 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін.

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бойынша (Петропавл қ., Совет к-сі, 34)

Сауда-саттықтың ең төменгі бағасы белгіленбей бағаны төмендету әдісімен аукционға қойылады:

Теңгерім ұстаушы – «ҚР ІІМ ТЖК Солтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті» ММ, мекенжайы: СҚО, Петропавл қ., Ғ.Мүсірепов к-сі, 32. Тел.: 8(7152) 52-25-23.

1. «А/м «ГАЗ-3102-121» 2005 ж. ш., мем. №582AD15. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 533 000 теңге. Кепілдік жарнасы – 79 950 теңге.

Теңгерім ұстаушы – ҚР ІІМ ҚАЖК «ЕС-164/3 мекемесі» РММ, мекенжайы: СҚО, Петропавл қ., 1-ші Заречная к-сі, 100. Тел.: 8(7152)50-54-13, 8(7152) 50-54-55.

2. 1962 жылы салынған, жалпы алаңы 4784,2 ш.м., механикалық цехі ғимараты, жылжымайтын мүлік бөлшектеуге (құрылыс материалдарға). Бастапқы (алғашқы) бағасы – 28 000 000 теңге. Кепілдік жарнасы – 4 200 000 теңге.

Анықтама үшін телефон: 8 (7152) 46-05-84.

Аукционның өткізілу күні мен уақыты: 2020 жылғы 24 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін.

Батыс Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бойынша (Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 208)

Сауда-саттықтың бағасын көтеру әдісімен аукционға қойылады:

Теңгерім ұстаушы – «ҚР Энергетика министрлігі «Капиталмұнайгаз» РММ, Нұр-Сұлтан қаласы, Құдайбердіұлы көшесі, 8, ВП-2, 8(7172)496297, 8(7172)490656.

1. «Капиталмұнайгаз» РММ-нің мүліктері: (аккумулятор – 55 дана, әртүрлі төсемдер – 131 дана, тефлондық төсемдер – 1 жинақ, төсемдер жиынтығы – 2 дана, беріліс қорапшасына арналған төсемдер жиынтығы – 1 жиынтық, астар – 3 дана, әртүрлі клапандар – 130 дана, бұрандалы шпилькалар – 2799 дана, бітеу фланец және тірегіш көміртекті болат – 49 дана, фланец – 4 дана, әртүрлі төлкелер – 4 дана, бұрандалар - 317 дана, бұрғылық қашаулар – 82 дана, әртүрлі муфталар – 242 дана, кері клапанды муфтаны құрастырғыш – 1 жиынтық, ұстап алуға қарсы құрам – 4 дана, әртүрлі моторлар – 5 дана, моторлы қорғау жүйесі – 10 дана, гайкалар -8133 дана, монтаж жиынтығы – 13 жиынтық, әртүрлі форсункалар – 20 дана, алмас композитті материалы – 4 дана, центратор – 93 дана, түйісуге арналған центратор құрастырғышы – 2 дана, бұрманың жартысы – 2 дана, хроматограф – 3 дана, салқын дәнекерлеу – 7 жинақ, кері клапаны бар тоспа – 1 дана, жылытуға арналған кедергі – 1 дана, клапан шары – 2 дана, реттеуші клапан жиынтығы – 1 дана, қазандыққа арналған бу ұстағыштар жиынтығы – 3 жиынтық, пневможетекке арналған жөндеу жиынтығы – 1 дана, төмен температураға арналған тығыздағыштар жиынтығы – 1 жиынтық, шарлы кранның жетегінің тығыздағыш жинағы – 1 дана, шарлы клапанының тығыздағыш жинағы – 1 жиынтық, тығыздағыш сақиналар – 7 дана, метал жәшіктер – 3 дана, аккумулятор батареялары – 7 дана, никель-кадмилі батареялар – 20 жиынтық, респираторлар – патрондық жартылай бетперделер – 2234 дана, автоклавтар – 2 дана, әртүрлі герметиктер – 152 дана және 26 жинақ, трранспондерлер –16 дана, С- диапазонын беру оптикалық күшейткіштері – 15 дана, оптикалық 8-арналық мультиплексорлар – 6 дана, Романов оптикалық күшейткіштері – 7 дана, коррозиядан қорғауға арналған эластикті екі компоненттті жабындар – 10 орау, сорғыштар – 4 дана, педалды сорғыштар – 1 дана, интерцинк – 9 жинақ, газ бергіш – 1 дана, газ детекторы – 1 дана, дефибрилляторлар – 2 дана, қысым бергіштер – 2 дана, графиттік тығыздағыш – 1 дана, қалтқы – 1 дана, сақиналы орын – 1 дана, орын сақинасы – 2 дана, жылу алмастыруға арналған жиынтықты желдеткіш – 1 дана, ингаллятор – 1 дана, сақтандырғыш – 1 дана, баспалдақты эстакада үшін арналған қысқыш қамыт – 1350 дана, ұңғымаларды өндіретін қашықтан телеөлшемдеу басқару панелі – 1 дана, ұңғыма аузына арналған қашықтан телеөлшемдеу бақылау панелі – 1 дана, резистор – 2 дана, тоғыспалы жанарғының қайтару серіппелері – 24 дана, ПВХ жермен қосу істікшелерін инспекциялауға арналған технологиялық люктер – 5 дана, бағдарлаушылар – 13 дана, мастикалар – 41 тюбик, пневможетек – 1 дана, беттерді өңдеуге арналған күшейткіштер – 2 дана, автолизер – 1 дана, алкотестер – 1 дана, түйісулерді оқшаулауға арналған жиынтық – 67 дана, қаттылықты сынауға арналған жиынтық – 1 жиынтық, қол тізбекті аспап – 2 дана, центрифуга – 1 дана, электр қозғалтқыш – 1 дана, ІТМ редуктор жиынтығы – 1 дана, анкерлік тіректерге арналған металды мырышталған көлденең жақтаулары – 1 жинақ, жиынтық: аспа – 1 жиынтық, жиынтық: сақина және серіппелер – 4 жиынтық, Meltop инесін бұзуға арналған құрылғы – 1 дана, автокөлікте қолдануға арналған стационарлық жылжымалы станциялар – 155 дана, постты құрылыс-металл конструкциясы – 15 дана, баспалдақты эстакадаларға арналған деформациялық қосылыстар – 118 дана, ысырмалар – 3 дана, сынаққа арналған тығын – 1 дана, «4» өтпелі тиекті вентиль – 1 дана, алкотестерға арналған қуаттаушы қондырғы – 1 дана, қолмен тестілейтін аспап – 1 дана).

Бастапқы (алғашқы) бағасы – 833539 теңге. Кепілдік жарнасы – 125031 теңге. Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, өндірістік зона.

2. «Капиталмұнайгаз» РММ-нің мүліктері: (кәбіл – 86 м, электрлі кәбіл – 1995 метр және 1 барабан, тереңді кәбіл – 662 фут, автосинхронизациялы кәбіл – 5 дана, қорапшаға арналған кәбіл торамының маркерлері – 2 дана, кәбілді бекіткіштер – 36 дана, бекіткіштер – 2 дана, кәбілді тығыздағыштар – 15 дана, кәбілді протектор – 8 дана, ток трансформаторлары – 2 дана, 240 В ауыспалы ток – 33 дана, фаза тогының ауызы – 21 дана, кәбілмен салыстыру электроды – 38 дана, оқшаулашы қосылыс – 1 дана, оқшаулаулайтын қосылыс – 1 дана, гидравликалық желі – 1 дана, азот қондырғысы үшін екінші сервистік деңгей – 2 дана, химиялық анкерлер – 61 дана, экстракциялауға арналған медициналық жабдық – 1 дана, медициналық экран – 1 дана, кардиологикалық диагностикалық аспап – 1 дана, гемоглобинометр – 4 дана, пульсоксиметр – 2 дана, құрғақ ыстық ауалы зарасыздандырғыш – 2 дана, манекен – 2 дана, тісқырғыш – 1 жинақ, бітеуіштер – 11 дана, фланц аралық бітеуіштер – 2 дана, силикон – 1 дана, талдағыштар – 3 дана, биохимиялық талдағыштар – 1 дана, қан жасушаларының калькуляторы – 1 дана, газкомпрессор ылғалдылығын талдауға арналған сүзгіштер – 3 дана, оттегін талдауға арналған корпус – 1 дана, фотометр – 1 дана, контейнерлер – 21 дана, диспенсер – 1 дана, жиынтықсыз қолданылған сөрелер – 1 дана, оттегі баллондары – 3 дана, газдық бос баллондар – 25 дана, баллонға арналған ұстағыштар – 1 дана, бөшке – 3 дана, жарықтандырғыш аспаптар, флуоресценттік – 4 дана, тасымалданатын шамдар – 4 дана, апаттық жарықтандыру шырағданы –1 дана, шамдар – 178 дана, таспа жинақтары – 2 дана, ПХВ таспасы – 196 дана, шлем – 60 дана, сүзгілерді кері шаю үшін суды рециркуляциялайтын ыдыс – 1 дана, резеңке құбыршек – 4 орам, өрт кезінде құмға арналған ыдыс – 1 дана, қызғылт сары зембіл – 1 дана, сүлгіге арналған тіреу – 1 дана).

Бастапқы (алғашқы) бағасы – 504058 теңге. Кепілдік жарнасы – 75609 теңге. Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, өндірістік зона.

Теңгерім ұстаушы – ҚР Премьер-Министрінің кеңсесі, ҚР Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет басқармасы Орал қ., Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Аманжолов көшесі, 87а.

3. DAEWOO NEXIA автокөлігі, 2006 ж.ш., мемлекеттік нөмірі L657AC. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 72 000 теңге. Кепілдік жарнасы – 10800 теңге. Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Аманжолов көшесі, 87а.

Анықтама үшін телефондар: 8 (7112) 53-42-11, 50-47-53.

Аукционның өткізілу күні мен уақыты: 2020 жылғы 29 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін.

Жамбыл мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бойынша (Тараз қаласы, әл-Фараби к-сі, 11 (5-шағын аудан) 2-бөлме)

Сауда-саттықтың бағаны көтеру әдісімен аукционға қойылады:

Теңгерім ұстаушы – «ҚР АШМ Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі Жамбыл облыстық инспектурасы» ММ, Тараз қ., Гоголь көш, 21. Тел. 8(7262) 46-15-59.

1. ГАЗ САЗ-3507 автокөлігі, 1991 ж.ш., мемлекеттік нөмірі 190AR08. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 107 667 теңге. Кепілдік жарнасы – 16 151 теңге. (Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Бурыл ауылы, Қонаев көшесі, 1А).

Анықтама үшін телефон: 8 (7262) 34-57-24.

Аукционның өткізілу күні мен уақыты: 2020 жылғы 30 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін.

Алматы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бойынша (Талдықорған қаласы, Біржан Сал көшесі, 130)

Сауда-саттықтың бағасын төмендету әдісімен аукционға қойылады:

Теңгерім ұстаушы – «Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналы» филиалы. Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар ауданы, Промышленная көшесі, 8. Тел.8 778 174 14 02.

1. КРАЗ 258 а/м, м/н 268ФР05, 1991 ж.ш. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 209 171 теңге. Ең төменгі бағасы – 104 586 теңге. Кепілдік жарнасы – 31376 теңге.

2. Тіркеме 2 ПТС-4, 1992 ж.ш. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 87 833 теңге. Ең төменгі бағасы – 43 917 теңге. Кепілдік жарнасы – 13 175 теңге.

3. Трактор «Беларусь» МТЗ 80, 1992 ж.ш. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 189 833 теңге. Ең төменгі бағасы – 94 917 теңге. Кепілдік жарнасы – 28 475 теңге.

Теңгерім ұстаушы – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Алматы облысы бойынша департаменті» РММ, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 36/42. Тел. 8(7282) 609806.

4. Картридж 006R01573 – 50 дана. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 234 600 теңге. Ең төменгі бағасы – 117 300 теңге. Кепілдік жарнасы – 35190 теңге.

5. Картридж KX-FAT411E/KX-FAC415CN – 15 дана. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 30 155 теңге. Ең төменгі бағасы – 15 078 теңге.. Кепілдік жарнасы – 4 524 теңге.

6. Картридж KX-FAD89E – 5 дана. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 36 730 теңге. Ең төменгі бағасы – 18 365 теңге. Кепілдік жарнасы – 5 510 теңге.

7. Картридж TK-1110 – 87 дана. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 473 193 теңге. Ең төменгі бағасы – 236 597 теңге. Кепілдік жарнасы – 70 979 теңге.

Теңгерім ұстаушы – «Алматы облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті» РММ, Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кенті, Батталханов көшесі, 11а. Тел 8 708 234 86 46.

8.Skoda Superb B6 а/м, м/н 007FM05, 2012 ж.ш. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 1 770 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 885 000 теңге. Кепілдік жарнасы – 265 500 теңге.

Анықтама үшін телефон: 8 (7282) 24-56-36.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады, содан соң қатысушылар берген өтінімдерін кері қайтара алмайды.

Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарналар мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың шотына төленеді: кепілдік жарнаны алушы – «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ; БСН:050540004455; ТТК: 171; Кбе:16;

Банк атауы: «Қазақстан Халық банкі» АҚ; ЖСК KZ946017111000000330; БСК: HSBKKZKX.

Назар аударыңыз! Қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Аукционға қатысу үшін мыналарды:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (почталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail) көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін объект бойынша қатысушының ЭЦҚ қойылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электронды мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Аукционды өткізу кезінде жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы жекешелендіру объектісінің алғашқы бағасына тең болады.

Бағаны көтеру әдісін қолдана отырып аукционды өткізу тәртібі:

1) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі қағидаға сәйкес белгіленген қадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады;

2) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың біреуі қағидаға сәйкес белгіленген қадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растайтын болса, онда бастапқы баға белгіленген қадамға артады;

3) егер ағымдағы баға артқаннан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісінің ағымдағы құнын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілді деп танылады.

Жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеру аукционы қатысушылардың бірі ұсынған ең жоғары бағаға дейін жүргізіледі.

Жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы бағаны арттырудың кемінде екі қадамына өскен жағдайда ғана жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеру аукционы өткізілді деп танылады, бұл ретте бастапқы бағаны екі қадамға көтеруді кемінде екі қатысушы жүзеге асырады.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукционды өткізу тәртібі:

1) егер аукцион басталған кезден бастап екі минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі аукционда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы Қағидаға сәйкес белгіленген қадамға азаяды;

2) егер баға азайғаннан кейін екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің соңғы жарияланған бағасы белгіленген қадаммен азаяды.

Жарияланған баға бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы бағаны төмендету аукционының жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады;

3) егер жекешелендіру объектісінің бағасы белгіленген ең төменгі мөлшерге жетсе және қатысушылардың бірде-бірі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамаса, онда аукцион өткізілмеген болып танылады.

Әрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының жекешелендіру объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін белгілейтін құжат болып табылады. Сатып алу-сату шарты электрондық форматта тізілімнің веб-порталында жасалады және сатушы мен сатып алушы ЭЦҚ-ны пайдалана отырып сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде оған қол қояды. Бұл ретте сатушы сатып алушыға сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде қол қоюға сатып алу-сату шартының жобасын ұсынады.

Құрметті «Нұрлы» ТК аумағында орналасқан жер телімдерінің меншік иелері, 2008-2015 жылдары инфақұрылым үшін ақы төлеген, бірақ «Нұрлы» ТК кіруге арыз жазбаған және 25.10.2020 жылғы жалпы жиналыс шешімі негізінде кооператив мүшелігіне қабылданбаған тұрғындарға – «Нұрлы» ТК мүшесі болуға өтініш жазуға және 2015-2020 жылдар үшін 31.12.2020 жылға дейін мүшелік жарнаны төлеуді сұраймыз.

«Нұрлы» ТК мүшесіне өтініштерді 31.12.2020 жылдан кейін қабылдау кооператив Жарғысына сәйкес жалпы негізде жүргізілетін болады.

Сұрақтар бойынша хабарласу телефоны: 87021860727.

«Нұрлы» ТК басқармасы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, ТҮЗЕТУ!

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің аумақтық департаменттерінің www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталына белгіленген республикалық меншік объектілерінің сауда-саттығының өткізілуі туралы «Егемен Қазақстан» газетінің 2020 жылғы 17 қарашадағы №220 (29949) нөмірінде жарияланған ақпараттық хабарламаға келесі өзгертулер енгізеді:

Жамбыл мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бойынша (Тараз қаласы, Әл-Фараби көшесі, 11 (5 шағын аудан) 2 бөлме) бөлімінде аукционның өткізілу күні мен уақыты мынадай редакцияда жазылсын:

«Аукционның өткізілу күні мен уақыты: 2020 жылдың 24 желтоқсанында Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 10.00-ден 17.00-дейін».

Анықтама үшін телефон: 8(7262) 34-27-24.

2021-2023 жылдарға арналған ғарыш қызметі саласындағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсты өткізу туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті (бұдан әрі – ҚР ЦДИАӨМ АҒК) Конкурстық құжаттамаға сәйкес ғылымды дамытудың басым бағытты «Ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыштық технологиялар» және мамандандырылған ғылыми бағыттар бойынша 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми зерттеу жұмыстарын (қолданбалы ғылыми зерттеулер) жүргізуге конкурс жариялайды.

Конкурстық құжаттама ҚР ЦДИАӨМ сайтында: https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/press/news/1?directions=5&lang=ru (Басты бет→ Қызметі →Аэроғарыш өнеркәсібі → Жаңалықтар) және ҚР ЦДИАӨМ АҒК сайтында: https://www.gov.kz/memleket/entities/kazcosmos/press?lang=ru (Басты бет → Баспасөз орталығы →Жаңалықтар) орналастырылған.

Конкурстық құжаттама және өтінімді рәсімдеу жөнінде түсіндіру жұмысын жүзеге асыруға жауапты тұлғалар – Гүлжан Смаилова, телефоны 8 (7172) 74-24-86, ұялы телефоны 8 (777)0405261, эл.мекенжайы: g.smailova@mdai.gov.kz; Мөлдір Мамырова, телефоны 8 (7172) 74-25-83, ұялы телефоны 8(701)4460049, эл.мекенжайы: m.mamyrova@mdai.gov.kz. Жұмыс уақыты: дүйсенбі - жұма, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс: 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Өтінімдерді тіркеу және ЖТН алу үшін «ҰМҒТСО» АҚ ақпараттық жүйесімен (is.ncste.kz) жұмыс істеу бойынша Call center: 8-727-355-50-01 (ішкі номер 210, 216, 217, 218, 219, 221, 224, 226, 227, 228, 229, 231, 232, 233, 234, 235, 236). Жұмыс уақыты: дүйсенбі - жұма, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс: 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Жоба жетекшісі және өтінім берушінің электрондық цифрлық қолымен расталған конкурстық өтінімдер ҚР ЦДИАМ АҒК-не электрондық түрде «ҰМҒТСО» АҚ ақпараттық жүйесі арқылы https://is.ncste.kz сілтемесі бойынша беріледі.

Өтінімдерді қабылдаудың басталуы – 2020 жылғы 26 қарашадан бастап.

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі – 2021 жылғы 10 қаңтар (қоса алғанда).

Объявление о проведении конкурса на программно-целевое финансирование по научным и (или) научно-техническим программам на 2021-2023 годы в области космической деятельности

Аэрокосмический комитет Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан (далее – АКК МЦРИАП РК) объявляет о проведении конкурса на проведение научно-исследовательских работ (прикладные научные исследования) в рамках программно-целевого финансирования на 2021-2023 годы по приоритетному направлению развития науки «Информационные, коммуникационные и космические технологии» и специализированным научным направлениям согласно Конкурсной документации.

Конкурсная документация размещена на сайте МЦРИАП РК https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/press/news/1?directions=5&lang=ru (Главная страница→ Деятельность →Аэрокосмическая промышленность→ Новости) и на сайте АКК МЦРИАП РК https://www.gov.kz/memleket/entities/kazcosmos/press?lang=ru (Главная страница→ Пресс-центр →Новости).

Ответственные лица, осуществляющие разъяснения по конкурсной документации и оформлению заявки – Смаилова Гулжан, телефон 8 (7172) 74-24-86, сотовый телефон 8 (777)0405261, эл.адрес: g.smailova@mdai.gov.kz; Мамырова Мөлдір, телефон 8 (7172) 74-25-83, сотовый телефон 8(701)4460049, эл.адрес: m.mamyrova@mdai.gov.kz. Время работы: пн. - пт., 9.00 – 18.30, обед 13.00 – 14.30.

Call center по работе с информационной системой АО «НЦГНТЭ» (is.ncste.kz) для регистрации заявок и получения ИРН: 8-727-355-50-01 (внутр. 210, 216, 217, 218, 219, 221, 224, 226, 227, 228, 229, 231, 232, 233, 234, 235, 236). Время работы: пн. - пт., 9.00 – 18.30, обед 13.00 – 14.30.

Конкурсные заявки подаются в АКК МЦРИАП РК в электронном виде, заверенные электронной цифровой подписью научного руководителя программы и заявителя, через информационную систему АО «НЦГНТЭ» по ссылке: https://is.ncste.kz.

Начало приема заявок – с 26 ноября 2020 года.

Окончательный срок представления заявок – 10 января 2021 года (включительно).

«RG Brands» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Қоғам») Қоғам, «RG Brands Kazakhstan» ЖШС және «Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd. ЕБ) арасында мүдделілігі бар Қоғам акционерлерінің жалпы кезектен тыс өткен жиналысында ірі мәміле жасауды бекіту туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды.

Толығырақ ақпарат алу үшін келесі мекенжайға хабарласуды сұраймыз: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Райымбек даңғылы, 212 – «Б», телефон: +7 (727) 331-55-55.

Акционерное общество «RG Brands» (далее по тексту – «Общество») информирует о принятии решения внеочередным Общим собранием акционеров Общества об утверждении заключения крупной сделки, в совершении которой имеется заинтересованность между ТОО «RG Brands Kazakhstan», Обществом и АО «Altyn Bank» (ДБ China Citic Bank Corporation Ltd.).

За получением подробной информации просим обращаться по адресу: Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Райымбека, 212 – «Б», телефон: +7 (727) 331-55-55.

Устав Жилищно-строительного кооператива «Құрылыс СКК Астана», БИН 110140013146, считать недействительным, в связи с его утерей. «Құрылыс СКК Астана» тұрғын үй-құрылыс кооперативінің (БСН 110140013146) Жарғысы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының басшылығы және ұжымы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының департамент бастығы Еркін Әділұлы Айтқұловқа әкесі

Әділ Сисенұлы АЙТҚҰЛОВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ұжымы белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, ҚазҰАУ «Агрономия» кафедрасының профессоры

Қайырбек Шабантайұлы ЖАНАБАЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі және облыс әкімінің аппараты «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ президенті Әсем Тілекқызы Мамытоваға әкесі

Тілек Қапарұлы МАМЫТОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

БӘРЕКЕЛДІ!

«Шығармашылық әңгіме»

Театр тарландарына арналған композиция ашылды

Махамбет атындағы академиялық Қазақ драма театрының алдына өнер тарландары Сәбира Майқанова, Нұрмұхан Жантөрин, Хадиша Бөкеева мен Асанәлі Әшімовке арналған композиция қойылған еді. Композиция «Шығармашылық әңгіме» деп аталады. Жақында қоладан құйылған өнер туындысының ашылу салтанаты өтті.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Салтанатты шараға театр және кино актері, КСРО халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов және өзге де зиялы қауым өкілдері қатысты.

– Бұл – сәулет өнерінің үлгісі ғана емес, мәдениет пен өнерге, оның өкілдеріне, аға ұрпаққа көрсетілген құрмет. Кез келген ел үшін руханияттың орны бөлек. Өскелең ұрпақты өнер иелерін құрметтеуге үндейтін туынды, – деді облыс әкімінің орынбасары Бақытгүл Хаменова.

Театр директоры Берік Жәменовтің пікіріне сүйенсек, қазақ өнерінің бастауында тұрған халық әртістерінің есімі ел жадында сақталуы тиіс. Сол себептен театр алдындағы алаңға осындай композицияны орнату туралы идея туындапты. Композицияны алматылық мүсінші Гүлфия Мелдеш жасады.

Атырау облысы

ФОТОЭТЮД

Суретті түсірген Ерлан ОМАР, «ЕQ»

КӘСІПҚОЙ БОКС

Көптен күткен жекпе-жек

Орта салмақтағы IBF және IBO тұжырымы бойынша әлем чемпионы қазақстандық Геннадий Головкин (40-1-1, 35 КО) келесі жекпе-жегін 18 желтоқсанда польшалық Камил Шереметамен (21-0, 5 КО) өткізетіні белгілі болды.

Бұл туралы отандасымыздың жекпе-жегін тікелей эфирде ұсынатын DAZN стримингтік арнасы ресми түрде хабарлады. Пандемияға байланысты және түрлі себептермен бірнеше рет кейінге шегерілген жекпе-жек АҚШ-тың Флорида штатында орналасқан Hard Rock Holly казино-қонақүйінде өтеді. Бұл айқаста Головкин өзінің IBF белбеуін қорғап қалуға тырысады.

Айта кетейік, Головкин кәсіпқой шаршы алаңдағы соңғы жекпе-жегін 2019 жылдың қазанында украиналық Сергей Деревянченкомен өткізіп, ұпай санымен басым түскен болатын. Дәл осы бокс кешінде өнер көрсеткен Шеремета мексикалық Оскар Кортесті нокаутпен жеңген еді.

ФУТБОЛ

Плей-офф кезеңіне шықты

Сейсенбі күні футболдан Чемпиондар лигасының 4 тобындағы командалар төртінші тур ойынын өткізіп, плей-офф кезеңіне шыққан алғашқы төрт команда белгілі болды.

Топтық кезеңнің аяқталуына әлі екі тур қалған болса да, Е және G тобында алғашқы екі орынды иеленіп, турнирдің келесі кезеңіне жолдама алған командалар анықталды. Е тобында «Челси» мен «Севилья», G тобында «Барселона» мен «Ювентус» плей-офф мәселесін ерте шешіп қойды. Бұл турда «Челси» сырт алаңда «Ренн» клубынан 2:1 есебімен басым түссе, «Севилья» да дәл осындай есеппен «Краснодарды» жеңді.

G тобында «Барселона» Киевте «Динамоны» 4:0 есебімен тас-талқанын шығарса, «Ювентус» өз алаңында «Ференцварошты» 2:1 есебімен жеңіп, қажетті үш ұпайына қол жеткізді. Сонымен қатар F тобында «Лацио» мен «Боруссия Д» кезекті үш ұпайын иеленіп, кейінгі кезеңге бір табан жақындай түсті. Н тобында ПСЖ өз алаңында Неймардың пенальтиден соққан жалғыз голының арқасында жеңіске жетсе, «Манчестер Юнайтед» сырт алаңда Түркия чемпионын ірі есеппен (4:1) тізе бүктірді.

ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҰРАН

Көрмедегі көркем кітаптар

Биыл даңқты батыр, қаламгер Бауыржан Момышұлының туғанына 110 жыл толып отыр. Ұлы Отан соғысында өшпес ерлік көрсеткен көрнекті тұлғаның есімі әрдайым ел есінде.

Хамит ЕСАМАН,
«Egemen Qazaqstan»

Жазушының өзі «Ұшқан ұя» атты өмірбаяндық кітабында Жуалы ауданындағы Көлбастау ауылында дүниеге келгенін, әкесі Момыштың ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен танымал болғанын, анасы Рәзияның ерте дүниеден өткенін, сол кезден бастап әжесі Қызтумастың қолында өскенін жазады.

Батырдың өнегелі өмір жолын бүгінгі ұрпаққа кеңінен насихаттау мақсатында Шу ауданы Жаңажол ауылындағы Б.Момышұлы атындағы орта мектептің кітапханасында қаламгердің елуге жуық әдеби кітаптары қойылды. Арнайы ұйымдастырылған көрмеге келушілер жазушының «Ұшқан ұя», «Музей апа», «Арпалыс», «Генерал Панфилов», «Айтылмаған ақиқат» және «Алыстан сәлем жолдаймын» атты кітаптарымен танысты. Әр жылдары жазылған бұл шығармаларда сол кезеңнің түрлі суреттері жазушы көзімен берілген. Сондай-ақ келушілерге Бауыржан Момышұлының өмірінен мәліметтер беріліп, әсіресе 1924 жылы Шымкент қаласындағы жетіжылдық мектепті бітірген соң мұғалім болып жұмыс істегені де айтылды. «Әрине Бауыржан Момышұлы атамыз туралы айтылғанда әрбір қазақ соғыс жылдары қан майданда қол бастаған батырдың тұлғасын елестетеді. Еліміз батыр перзентінің есімін әрқашан есінен шығармайды. Атамыздың «Отан үшін отқа түс, күймейсің», «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі» деген нақыл сөздері әрдайым ұрпаққа ұран болып келеді. Соғыста болған әрбір ата-бабамызды қашанда жүрегімізде, ойымызда, санамызда сақтап, қадірлей білуіміз қажет», дейді Жаңажол ауылындағы Б.Момышұлы атындағы орта мектептің кітапхана меңгерушісі Нұрсұлу Секеева.

Көрмеге келушілер қаламгердің бай мұрасын тамашалап, өмірі мен қызмет жолындағы тың деректерге де қанықты. Жалпы, Б.Момышұлы атындағы мектептің кітапханасы алдағы уақытта да батыр есімін ұлықтауды жалғастыра беретін болады.

Жамбыл облысы

МІНЕ, ҚЫЗЫҚ!

Алып ағаш

Сауырдың солтүстік беткейінен бастау алып, Зайсан көліне құйып жатқан Кендірлік өзенінің аңғары әсем. Алты адамның құшағы жетпейтін алып ағаш та осында.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Көкжыра ауылының шет жағындағы бұл үйеңкіге қызықтап келушілер көп болғанымен, ауылдықтар өздері көп мән бере бермейді. Ал көнекөз қариялардың айтуынша, бұл ағашқа екі ғасырдан астам уақыт болған. Болса болғандай-ақ. Айнала тұрып, алты адам құшағын жайса да жетпейді. Табиғаттың ғажабы дерсіз. Зайсандық өлкетанушы Фемистоколь Түсіпбекұлының айтуынша, Шығысты шыр айналсаң да діңі жуан мұндай ағаш кездеспейді. Көкжыра ауылы өзеннің аңғарында орын тепкендіктен үйеңкі ағашы көп. Ерекшеленіп өскені біреу ғана. Ол үйеңкінің діңі жуан болғанымен, орта тұсынан салаланып кетеді.

Жалпы, жер бетінде үйеңкінің 150-ден аса түрі болса, Қазақстанда жеті-ақ түрі кездеседі екен. Оның екі түрі өзен бойында, сай-салаларда өсетін жабайы үйеңкілер. Ал қалғаны өзендік, шағанжапырақ, шынартүс сынды үйеңкілер қолдан өсіріледі. Өскен ортасының климатына қарай сәуір, маусым айларында гүлдеп, тамыз, қазанда жеміс береді. Жапырағында 5-7 пайыз қант болғандықтан, шырыны тәтті. Ерте кезде американдықтар үйеңкіден қант өндірген де екен. Сондықтан да шығар, үйеңкінің жапырағы Канаданың ұлттық символы.

Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы

АУЫР АТЛЕТИКА

Сайрамкез топ жара алмады

Алматыда онлайн жүйеде өтіп жатқан ауыр атлетикадан ел чемпионатының төртінші жарыс күні мәресіне жетіп, жеңімпаз бен жүлдегер атанған спортшылардың есімі белгілі болды.

Ерлер арасында 73 кг салмақта шымкенттік Александр Уваровқа тең келер ешкім табылмады. Ол қоссайыста 308 кг-ны (139+169) еңсеріп, ел чемпионы атанды. 2019 жылы АҚШ-та өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында топ жарған Ақмолда Сайрамкез 297 кг (127+170) зілтемірді басынан асыра көтеріп, екінші орынға табан тіреді. Үшін орын 293 кг (133+160) көтерген алматылық Пётр Хребтовке бұйырды.

Әйелдер арасында 76 кг-да бірқатар халықаралық жарыстың жеңімпазы Екатерина Быкова үздік атанды. Шығысқазақстандық спортшы қоссайыста 209 кг (89+120) зілтемірді бағындырды. Күміс жүлде Анжела Чалкароваға (205 кг), қола медаль Арай Нұрлыбековаға (204 кг) бұйырды. 81 кг-да Карина Кузганбаева (220 кг) дара шықты. Екінші орынды Ольга Пастухова (212 кг) иеленсе, үздік үштікті Айым Есжанова (211 кг) түйіндеді.

Дайындаған
Әли БИТӨРЕ,
«Egemen Qazaqstan»

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Басқарма төрағасының орынбасары – бас редактор
Айбын ШАҒАЛАҚ

Басқарма төрағасының орынбасары
Ерболат ҚАМЕН

Бас редактордың орынбасарлары
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ
Думан АНАШ
Талғат БАТЫРХАН

Жауапты хатшы
Самат МҰСА

Саясат және құқық бөлімі
Жолдыбай БАЗАР

Экономика бөлімі
Арнұр АСҚАР

Әлеумет және білім бөлімі
Орынбек ӨТЕМҰРАТ

Мәдениет және руханият бөлімі
Мирас АСАН

Әдебиет және өнер бөлімі
Ерлан ЖҮНІС

Интернет-редакция бөлімі
Уәлихан ҚОСАНБАЙ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан – astana@egemen.kz
Ақтау – mangystau@egemen.kz
Ақтөбе – aqtobe@egemen.kz
Талдықорған – 7su@egemen.kz
Атырау – atyrau@egemen.kz
Көкшетау – kokshe@egemen.kz
Қарағанды – qaragandy@egemen.kz
Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz
Қостанай – qostanai@egemen.kz
Орал – bqo@egemen.kz
Өскемен – shygys@egemen.kz
Павлодар – pavlodar@egemen.kz
Тараз – taraz@egemen.kz
Шымкент – oqo@egemen.kz
Петропавл – sqo@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 Нұр-Сұлтан, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Нұр-Сұлтан: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Нұр-Сұлтанда – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, advert@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 8 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті есепке қою туралы
№01-Г куәлікті 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі.
Талаптар талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**

ТАРАЛЫМЫ 185 720 дана

ISSN 1999-9720

Нөмірдің кезекші редакторлары
Айгүл СЕЙІЛ, Мұхтар ҚҰМІСБЕК